

А.С.САГДУЛЛАЕВ, В.А.КОСТЕЦКИЙ

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫ

*Жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сынып
оқушыларына арналған оқулық*

Түзетілген және толықтырылған бесінші басылымы

*Өзбекстан Республикасы
Халыққа білім беру министрлігі
тарапынан ұсынылған*

«Yangiyo'l Poligraf Servis»
Ташкент–2017

63.3(50')

S—14

А.С.Сагдуллаев,

Ежелгі дүние тарихы. 6-сынып: жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сыныбы үшін оқулық. Түзетілген және толықтырылған 5-басылым. / А.С.Сагдуллаев, В.А.Костецкий. – Т.: «Yangiyo'l poligraf servis», 2017. – 192 б.

КБК 63.3(50') уа72

ISBN 978-9943-382-91-6

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, академик **Ю.Ф.Буряков,**

тарих ғылымдарының докторы **У.М.Мавлонов,**

тарих ғылымдарының кандидаты, Өзбекстан халыққа білім беру үздігі
Н.Т.Палвонов.

Оқулық материалдары жалпы орта білім беретін мектептердің тарих пәні бойынша стандартталынған оқу бағдарламалары негізінде қайта өңделген. Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес. Оқулық Өзбекстан және шет ел мемлекеттері тарих мұғалімдерінің жұмыс тәжірибелері негізінде жаратылған.

***Республикалық мақсатты кітап қорының
қаражылары есебінен жалға беру үшін басылды.***

ISBN 978-9943-382-91-6

© «Yangiyo'l poligraf servis», 2013, 2017

© A.S.Sag'dullayev, V.A.Kostetskiy, 2013, 2017.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
---------------	---

I БӨЛІМ

Ежелгі құрылыс

1-§ Ежелгі тарих – дамудың басталуы	8
2-§ Ежелгі адамдардың даму сатылары.....	13
3-§ Рулық қоғам.....	18
4-§ Энеолит және қола дәуірі.....	22
5-§ Темір дәуіріне өту кезеңіндегі Орта Азияның дамуы.....	25

II БӨЛІМ

Ежелгі Шығыс және Орта Азия

6-§ Ніл алқабы және оның халқы.....	28
7-§ Ежелгі Мысыр.....	32
8-§ Ежелгі Мысырдағы дін.....	35
9-§ Пирамидалар мен кесенелер.....	37
10-§ Ежелгі Мысырдың мәдениеті.....	40
11-§ Месопотамия өркениеттері.....	43
12-§ Бабыл патшалығы.....	49
13-§ Алдыңғы Азия мемлекеттері.....	53
14-§ Ахаманилер мемлекеті.....	57
15-§ Ежелгі Үндістан өркениеті.....	61
16-§ Біздің зам. бұр. I мың жылдықтағы Үндістан.....	65
17-§ Ежелгі Қытайдың өркениеттері.....	69
18-§ Біздің зам. бұр. III біздің зам. II ғасырлардағы Қытай.....	72
19-§ Өзбекстан аумағындағы алғашқы мемлекеттер.....	75
20-§ Зардуштилік.....	80

III БӨЛІМ

Ертедегі Греция

21-§ Антикалық тарихтың басталуы.....	84
22-§ Ертедегі Грецияның өркендеуі	86
23-§ Грек отарлары.....	91
24-§ Афинадағы демократия.....	93
25-§ Грек-парсы соғыстары.....	98
26-§ Македонияның Грецияны басып алуы.....	102

27-§ Азамат тәрбиесі.....	104
28-§ Ертедегі Грецияның мәдениеті.....	107
29-§ Ертедегі Грецияның ғалымдары мен ойшылдары.....	111
30-§ Ертедегі Грецияның аңыздары.....	115

IV БӨЛІМ

Біздің заманымыздан бұрынғы VI–біздің заманның III ғасырларындағы Орта Азия

31-§ Ахаманилердің Орта Азиядағы үстемдігі.....	118
32-§ Орта Азия халқының грек-македон басқыншыларына қарсы күресі.....	123
33-§ Салавкилер мемлекеті және Грек-Бақтрия патшалығы.....	129
34-§ Ежелгі Хорезм, Қанға және Даван мемлекеті.....	133
35-§ Кушан мемлекеті.....	137
36-§ Ұлы Жібек жолы.....	142

V БӨЛІМ

Ежелгі Рим

37-§ Ежелгі Италия	145
38-§ Рим республикасы.....	148
39-§ Рим республикасының өмірі.....	148
40-§ Жерорта теңізінде үстемдік үшін күрес.....	155
41-§ Құлдар мен гладиаторлар.....	160
42-§ Рим республикасының құлауы.....	164
43-§ Рим империясының құлауы және дағдарысқа ұшырауы.....	168
44-§ Ежелгі Рим мәдениеті.....	172
Қорытынды.....	179
Тарихи атаулар сөздігі	181
Соңғы қайталау.....	184
Ежелгі дүние тарихына тиісті тарихи және географиялық атаулар.....	185
Ежелгі дүние тарихындағы есімдер.....	186
Ежелгі дүние тарихындағы тарихи кезеңдер	187

Кіріспе

5-сыныпта «Тарихтан әңгімелермен» танысқан едің. Сен енді бұрынғы өткен дәуір туралы білімдерді қалай жинақталатынын біліп алдың.

6-сыныпта ерте замандарға жасаған саяхатымызды жалғастырамыз, ең ежелгі мемлекеттер мен халықтардың тарихын, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын зерттейміз.

Әлемде қалалар мен мемлекеттер пайда болған дәуірлерден бері арадан мың жылдар өтті. Сонда да адамдардың сол заманда жасаған көптеген нәрселері бүгінгі күнде күнделікті тұрмысымызда қолданылып келеді. Бұлар — еңбек құралдары, қыш бұйымдар, дөңгелек, қыштан істелген су құбырлары, маталар, жазулар т.б. Көне авторлар жазып қалдырған шығармалар да осы күнге дейін адамдарға білім беріп, тәрбиелеп келеді.

Ғалымдар Жер жүзінде әлдеқашан болып өткен оқиғаларды қайтадан тіктеу үшін үлкен күш жұмсады. Олар ескі қалаларды тауып тексерді, теріге, қышқа, тасқа, сондай-ақ теңгелерге жазылған сырлы жазуларды ашты. Сен енді археологиялық олжалардың не туралы хабарлап отырғанын білесің. Көне жазуларды зерттеумен *эпиграфика*, ал теңгелерді зерттеумен *нумизматика* деген арнаулы ғылым шұғылданады.

Адамзат қарапайым еңбек құралдарды жасаудан бастап қолөнершіліктің асыл қазыналарын жасауға дейін, ең қарапайым үй-жайларды құрып алудан бастап сонау үлкен қалаларды салуға дейін ұзақ жолды басып өтті. Ғалымдар ең көне қалалар, жазу, мемлекеттердің пайда болуы мен даму дәуірін алғашқы *цивилизация*, яғни *өркеніет* деп атайды. Алғашқы цивилизациялар тарихы Ежелгі Шығыстан, одан соң Крит аралдарында басталған еді. Көне цивилизациялар әлемнің көптеген өлкелеріндегі



Көне жазу үлгісі

сияқты, мысалы, Орта Азия, соның қатарында Өзбекстан аумағында да қалыптасқан.

Жер жүзінде адам пайда болғанынан бастап Батыс Рим империясының б.з. 476 жылы құлағанына дейін өткен оқиғалар, тарих ғылымында *Ежелгі дүние тарихы* деп аталады. Бұл тарих әр түрлі археологиялық және жазба дереккөздерге сүйеніп зерттеледі.

Ежелгі дүние тарихы Көне Шығыс, Греция және Рим сарай төрелері мен патшаларының түрлі жылнамалары (оқиғалардың жылма-жыл, тіркеліп баруы), заңдар жинағында, өмірбаяндарда көрініс тапқан. Олар жорықтар мен шайқастар, ғибадатханалардың, сарайлар мен бекіністердің құрылуы, қолөнершілік пен егіншілік, көне ғылымдар мен өнер туралы әңгімелейді.

Ғалымдар оқыған көне мәтіндер, мысалы, «Пирамидалардың мәтіндері» мен «Марқұмдар кітабы» египеттіктердің тарихы, «Библия» – еврей, «Ригведа» – үнділер, «Авесто» – Орта Азия халықтарының тарихы турасында баяндайды.

Ніл аңғарындағы *Мысыр пирамидалары*, Дажла мен Фрот аралығындағы *Бабыл*, Үнді аңғарындағы *Мохенжодаро*, Ирандағы *Персеполь* қаласы, Ежелгі Греция, Рим және Орта Азияның көптеген көне қалалары бүкіл әлемге әйгілі.

Бірақ ежелгі дүние тарихына тиісті ашылмаған сырлар өте көп. Бәлкім, сендердің біреуіңе соларды ашу бұйырған шығар. Тарих бізге көп нәрсе үйретеді. Оны «ұлы оқытушы» деп босқа айтпаған. Сондықтан әрбіріміз өз Отанымыздың тарихын білуге және басқа мемлекеттер халықтарының тарихы мен мәдениетін құрметтеуге тиіспіз. Аталмыш оқулықты оқи отырып, көптен-көп түсінігі қиын сөздерді, тарихи атаулар мен белгілерді кездестіресің. Оларды жаттап, есте сақтауға тура келеді.



Теңгелердегі жазулар

**Оқулық
мәтінімен
жұмыс істеу**

Осы кеңесімізді зер салып оқы, олар үйреніп жатқан тақырыпты есте сақтауға көмектеседі.

Үйге берілген тапсырмаларды орындаған кезде төмендегі ережелерді сақта:

1. Сабақта жазып алғаныңды бірнеше рет оқы.

2. Оқудан бұрын тақырыптың аталуына зер сал, сабақта не делінгенін еске түсір.

3. Әрбір тақырыптың соңында берілген сұрақтарды оқы.

Сонда сен жазғандарыңды оқыған кезде нелерге мән беру керектігін және оқығандарыңды қандай тәртіпте әңгімелеп беруді біліп аласың.

4. Мәтінді шамалап бөліктерге бөліп, әрқайсысының негізгі мазмұнын өз сөзіңмен айт, одан соң бүкіл тақырыпты әңгімелеп бер. Айта алмасаң, қиын жерлерін қайта оқы.

5. Мәтінді оқу барысында онда атап өтілген сурет пен кестелерді тап, түсіндірмелерін оқы, мәтінде кездескен қалалардың, мемлекеттердің аттарын картадан тап.

6. Сұрақтарға жауап бер және тақырып соңындағы келтірілген тапсырмаларды орында.

Егер Сен тарихты әрбір параграф ақырында берілген тірек конспектілер бойынша үйренбек болсаң, төмендегі міндеттерді орындауға тиіссің.

1. Оқулықтағы тақырыптар мәтінін тірек конспектідегі сөздермен салыстырып оқы.

2. Конспектіні пайдаланып, тақырыпты бірнеше рет айтып бер.

3. Тірек сөздерді жаттап айтып беруге әрекет ет.

4. Бірнеше сағаттан соң тірек конспектіні тағы бір рет қайтала.

Біз, оқулық авторлары, ұстазыңмен бірге Саған ерте заманға саяхат жасауға, мәдени ескерткіштермен танысуға және ежелгі дүние тарихын меңгеруге көмектесеміз.



I БӨЛІМ ЕҢ ЕЖЕЛГІ ҚҰРЫЛЫС

1-§. ЕЖЕЛГІ ТАРИХ – ДАМУДЫҢ БАСТАЛУЫ



Ежелгі қаланың қираған орны



Көне қолжазбалардың қалдықтары

Ежелгі тарихты зерттеу

Адамзаттың ежелгі тарихын түрлі мамандандырылған ғалымдар зерттейді. *Археологтар* бұрынғы заманда адамдар жасаған **мекен-жайларда** қазба жұмыстарын жүргізеді.

Антропологтар ертедегі адамдардың сүйектерін тексеріп, олардың сыртқы көрінісін қалпына келтіреді және дамуын зерттейді.

Этнографтар ертедегі адамдардың көптеген әдет-ғұрыптарын, шаруашылық және мәдени дәстүрлерін сақтап қалған қазіргі күнде бар тайпалар мен руларды зерттейді.

Өзіңді сынап көр!

**Археологтар – ... Этнографтар – ...
Антропологтар – ...**

Ежелгі тарих бойынша деректер

Біз өлкеміздің ежелгі тарихын қалай үйренеміз? Өлкеміздің ежелгі тарихының кең зерттелген қайнар көздері дүниетанушылар тапқан **материалдық деректер** болып саналады. Еңбек құралдары, қыш ыдыстар, қару-жарақтар, әшекей-безек бұйымдар, қысқасы, ертеде адам қолымен жасалған барлық нәрселер солардың қатарына жатады.

Жазба деректер ғалымдардың көне мың жылдықтар тарихын тіктеуді жеңілдетті. Орта Азия тарихында ең көне жазба дерек – зардуштилердің қасиетті «Авесто» кітабы. Онда еліміздің ежелгі тарихи облыстары – *Бақтрия, Соғдиана, Хорезм* халықтарының мәдениеті туралы әңгімеленеді.

Көне дәуір тарихына тиісті тағы бір жазба дерек – Бехистун жартастарындағы жазулар. Бехистун жартастары Ирандағы *Кирманшах* қаласының маңына орналасқан.


Парсы патшасы Дари I бұйрығымен жартасқа ойылған жазуларда Дари I басып алған мемлекеттер мен халықтар, оның ішінде, Хорезм, Соғдиана, Бақтрия атап өтіледі.

Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырда ежелгі грек тарихшысы *Геродот* көп елдерге саяхат жасап, тоғыз кітапты «Тарих» шығармасын жазды. Онда өлкеміздің көне халқы туралы толық дерек беріледі.


Біздің заманымыздан бұрынғы I ғасырдың соңында ежелгі грек тарихшысы әрі географы *Страбон* «География» атты шығармасында Орта Азия халықтарының мәдениеті жайлы мәліметтер келтіреді.

Біздің заманымыздың I ғасырында ежелгі Рим тарихшысы *Квинт Курсий Руф* «Македониялық Александрдың тарихы» деген шығарма жазған. Македониялық Александрдың Орталық Азияға жасаған әскери жорықтары жөнінде мәліметтер келтірген. **Біздің заманымыздың II ғасырында** грек тарихшысы *Арриан* да «Александрдың Әскери жорықтары» («Александр анабасысы») деген еңбек жазған.

Осы деректермен, кейінгі ғылыми жұмыстармен ғалымдар еліміздің көне тарихын қайта қалыптастырды.



**«Авесто»
қолжазбасы-
ның беті**



**Геродот –
ежелгі грек
тарихшысы**



**Қыш
тақтайдағы
жазу. Миххат**

Өзіңді сынап көр!

**Геродот – ... Квинт Курсий Руф – ...
Страбон – ... Бехистун жазулары – ...
Арриан – ...**



**Орта Азиядағы
таулар**

Өзбекстан және әлемдік өркениет

Өзбекстан географиялық тұрғыдан едәуір көлемді аумақты иелейді. Әмудария мен Сырдария аралығы, Ферғана, Зарафшан аңғары мен Сұрхандария өзінің өнімділігі мен жылы ауа райы арқылы ежелгі заманнан-ақ көркейтілген. Қолайлы географиялық орналасуға ие бұл жер Шығыс пен Батыс елдерін байланыстырып тұрған. Мұнда Өзбекстанның көне қалалары арқылы өткен Ұлы Жібек жолы орасан зор маңызға ие болған. Өзбекстан адамзат мәдениеті тарихының ең көне орындарының бірі болып табылады.

Бұл жерде жергілікті халық бұрынғы замандардан бері жасаған. Өзендер жағаларын жағалап маңызды сауда жолдары өткен. Өткен дәуірде Орта Азияның ежелгі халқы мен ежелгі Шығыс ұрпақтарының арасында кең мәдени байланыстар басталған. Көне зиярат орындарды қазу барысында археологтар Үндістан, Иран мен Месопотамия қолөнершілерінің қыштан және металдан істеген ыдыстарын, зергерлік бұйымдарын тапқан.



**Сәтті
аңшылықтан
соң**

Ең ежелгі дүниені дәуірге бөлу

Әлемдегі барша халықтардың тарихы **алғашқы қауымдық құрылыстан** басталған. Адамзат дамуының бірінші сатысы адамдардың **алғашқы** қауымға бірігуі болды, бұл қауым өзінде

ең ежелгі адамдардың үлкен ұжымын қалыптастырған.

Алғашқы қауымдық құрылыс – адамзат тарихының алғашқы дәуірі болып, бұл кезде барлық еңбек құралдары жалпы болған, барлық адамдар бірігіп еңбек еткен.

Алғашқы қауым – тұрмыс пен еңбектің ортақ болуы негізінде біріккен ең ежелгі адамдар ұжымы.

Алғашқы қауым бірте-бірте, туыстардың бөлек бірлестігіне – рулық ұжымына айнала бастады.

Ру – бірге жасаған және еңбек еткен, ортақ еңбек құралдары мен қару-жарақтары бар туыстар ұжымы.

Алғашқы рулық ұжымдары әйел, яғни ананың төңірегіне жинала бастаған. Адамзат тарихындағы бұл саты ана руының дәуірі – *матриархат* деп аталады.

Бертін келе еңбек құралдары мен шаруашылықты жүргізу формалары жетілген сайын ұжымдағы жетекшілік мәртебесі біртіндеп еркекке өте бастады, енді ол рудың жетекшісі болып қалды. Ғалымдар адамзат тарихындағы бұл дәуірді *патриархат-атаруы* деп атайды. Патриархатпен бірге ең ежелгі рулық құрылыс та аяқталады.

Ең ежелгі адамдар бастапқы еңбек құралдарын тастан жасағандықтан, адамзат тарихының басталуын «тас ғасыры» деп атайды. Тас ғасыры едәуір ұзақ уақытқа созылған, сондықтан оны мына сатыларға бөледі, атап өтсек:



**Суы мол
Әмудария**

Есінде сақта!

Өткен дәуірде Орта Азияның ежелгі халқы мен Ежелгі Шығыс тайпалары арасында кең мәдени байланыстар басталған.



**Адамдар
бірлесе еңбек
еткен**



**Жабайы
жылқыларды
аулау көрінісі**



**Тастан
жасалған
еңбек
құралдары**


– ежелгі тас дәуірі – палеолит (грекше «paleos» – «ежелгі» және «litos» – «тас» деген сөздерден алынған);

– орта тас дәуірі – мезолит («mezos» – «орта»);

– жаңа тас дәуірі – неолит («neos» – «жаңа»);

– мыс-тас дәуірі – энеолит (латынша «eneos» – «мыс» және грекше «litos» – «тас» деген сөздерден алынған).

Есіңде сақта!



Тірек конспект



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ғалымдар тарихты қайта қалыптастыратын деректердің атын айтып бер.
2. Тарихты үйренуде пайдаланылатын қандай материалдық деректерді білесің?
3. Археологтар, антропологтар және этнографтар нені зерттейді?
4. Неліктен археологтар адамзат тарихының басталуын «тас дәуірі» деп атайды?
5. Тас дәуірлерін санап бер.




Соңғы
палеолит
дәуірінің
мекені

2-§. Ең ежелгі адамдардың даму сатылары

Ең ежелгі адамдар Адам қалай пайда болғандығы туралы ғылыми, діни, аңыздық көзқарастар болды, біз бұл мәселені ғылыми негізде, антропология мен археология мәліметтеріне сүйенген күйде үйренеміз.

Жер жүзіндегі алғашқы адамдар денесін тік ұстап жүретін, еңбек құралдарын жасауды және қолдануды білгені үшін олар жануарлар әлемінен өзгешеленіп тұрған. Ғалымдар түрлі аймақтарда тастан істелген өте қарапайым еңбек құралдарын жасай білген ең ежелгі адамның сүйек қалдықтарын тауып алған, атап айтқанда, Оңтүстік Африкадан – *австралопитек*, Шығыс Африкадағы Зинж аңғарынан, Олдувай үңгірінен – *зинжантроп*, Ява аралынан (Индонезия) – *питекантроп*, Қытай аумағынан – *синантроп*, сондай-ақ Селунғур тұрақ орнынан және Германиядан – *неандертал* және Франциядағы Кроманьон үңгірінен қазіргі көріністегі адам – *кроманьон* сүйектері табылған.



Тау шатқалы

Жер жүзінде ауа райы жылы болған дәуірлерде адамның мекендері шағын өзендердің яки бұлақтардың маңындағы төбешіктерде орналасқан. Алғашқы палеолиттің соңғы кезеңінде *Ұлы мұздық дәуірі* басталды, бұл жағдай адамдарды жаңа тұрмыс салтына бейімделуіне үндеді. Мұндай кезде тек күштілер ғана тірі қалған.



Аю аулау

Ежелі Тарих пәнінде ең ерте-
адамдардың қызмет түрі дегі адамдар *алғашқы қауым адамдары* деп аталады. Олардың мекендері Африканың, Азия мен Еуропаның көптеген аумақтарынан табылған.

Орта Азияда тастан жасалған көне еңбек құралдары Ферғана аңғарындағы *Селунғур* мекенінен және Ташкент өңіріндегі *Көлбұлақ* мекенжайынан да табылған. Бұлар дәрекі тас құралдар болған, олардың бір жағы соғып өткірленген. Археология ғылымында осындай тас құралдар *чопперлер* деп аталған.

Есіңде сақта!

Орта Азияда тастан жасалған көне еңбек құралдары Ферғана аңғарындағы *Селунғур* мекенінен және Ташкент өңірлеріндегі *Көлбұлақ* мекенінен табылған.

Еңбек құралдары адамдарға азық табу үшін қажет болған. Ең әуелі еңбек құралдары қарапайым еді. Ұшы өткірленген тас және таяқпен қаруланған адам аңдарды аулаған, ұшы өткір таяқтың көмегімен өсімдіктердің жеуге жарамды тамырлары мен, тамыржидектерін қазып алған.

Табиғат адамға нені сыйласа, адам соны алған, тапқан азығымен қанағаттанған. Сондықтан да адамзаттың ең ежелгі шұғылданған қызметі *терімшілік пен аңшылық* – *игерілетін қожалық* деп аталады.

Байсын тауларынан табылған Тесіктас үңгірі орта палеолит дәуірі мәдениетінің әйгілі ескерткіші болып саналады. Тесіктас

үңгірінен тас құралдары мен олардың қалдықтары, арқар, киік, жабайы ат, барыс, қоян, ұсақ кемірушілер, сондай-ақ құстардың сүйектері табылған.

Тесіктас үңгірінде тауып тексерілген тас ғасырына жататын 8–9 жасар неандерталдық баланың сүйектерінің қалдықтары ең әйгілі қазба болып табылады.

Баланың денесі қабірге көмілген. Мүрденің айналасына арқардың мүйіздері қадап қойылған. Мүрдені жерлеу алғашқы діни ұғымдарға байланысты болған.

Өзіңді сынап көр!

**Чопперлер – ...
Игерілетін шаруашылық – ...**

Діни сенімдердің пайда болуы Еңбек ету, қоршаған әлем туралы жинақталған білімдер барған сайын адамның пікірлеу қабілеті мен сана-сезімін өзгерте түсті.

Адамдар өздеріне түсініксіз болған құбылыстар туралы ойлай бастады: күн мен түн, жыл маусымдарының алмасуы, жанартаулардың атқылауы, жердің сілкінуі және басқа табиғат құбылыстары адамның назарын аударған.

Міне, сол құбылыстардың себептерін түсіне алмаған адам баласы найзағай, күннің күркіреуі, жел, жаңбыр тәрізді табиғат күштеріне сиына бастады.

Аңшылық пен терімшілік дамыған дәуірде адам өзін табиғи ортадан және қоршаған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ажыратпаған. Ол табиғатты жанды деп есептеген. Адамдар табиғаттағы түрлі



Тесіктас үңгірінен табылған нәрселер



Палеолит дәуіріндегі мекен-жайлар



**Неандертал
бала
(Тесіктас)**



**«Ежелгі
суретші»**



**Садақ-жебемен
аң аулау суреті**

құбылыстар негізінде жасанды күштер жасырынған деп ойлаған. Олар сол күштерге нанған.

Адамдар тобы ұжымы бір жануар немесе өсімдік түрімен туысқандық байланысына сену **тотемизм** деп аталады.

Адамды қоршап тұрған ортада жандар мен рухтардың бар екендігіне нанымдық ғылымда **анимизм** деп аталған.

Ең ежелгі адамдар белгілі бір бұйымдардың бақыт әкелуіне немесе пәлекетті жоюына да сенген. Ал бұл сенім **фетишизм** деп аталған.


Соңғы палеолитке тиісті үңгір қабырғаларында тауып тексерілген суреттер де ежелгі адамдардың діни ойлары туралы әңгімелейді. Мұндай суреттерден ең көнелері Испаниядағы *Алтамир*, Франциядағы *Ласко*, және Башқұртстандағы *Капова* үңгірлерінен табылған.

Адамдар суреттер алдағы аңшылықта өздеріне жәрдем береді деп сенген. Суреттердің алдында аңдардың қимылдарына еліктеп биге түскен, аңшылық көріністерін елестеткен, найза лақтыруға жаттыққан.

Көне суреттер құнды тарихи дерек болып саналады. Олар адамның не ойлағанын, қоршаған әлемді қалай ұғынғанын, қайсы аңдарды аулағанын, қандай еңбек құралдары мен қару-жарақтардан пайдаланғанын біліп алу мен түсінуге көмектеседі.

Адамның өзін қоршап тұрған айналасындағы әлемді түсінуге ұмтылысы ең ежелгі бейнелеу өнерінің дамуы үшін негіз болып қызмет етті.

Тірек конспект



Есіңде сақта!

Үңгір қабырғаларындағы суреттердің ең көнелері Испаниядағы **Алтамир**, Франциядағы **Ласко**, Башқұртстандағы **Капова** үңгірлерінен табылған.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ең ежелгі адамдар туралы нелерді білесің?
2. Өзбекстан аумағындағы қайсы палеолит мекенін білесің?
3. Ең ежелгі адамдардың немен шұғылданғанын санап бер.
4. Діни сенімдердің алғашқы белгілерінің пайда болу себептерін айт.
5. Алғашқы суреттер қайсы дәуірде пайда болған?



Аңға шығуға дайындық рәсімі



Ежелде қабырға суреттерін сызу

3-§. Рулық қоғам



Қыстың басталуы



Кроманьон



Мұздық дәуірінде жасаған арыстан. Қалыптастырылған

Соңғы палеолит дәуірі (біздің заманымыздан бұрын 40–12 мың жылдықтарда) тасты өңдеу техникасы мен еңбек құралдарын жасау тәсілдері өзгерді. Адамның ақыл-ес қабілеті де, сыртқы көрінісі де өзгере түсті. *Осы дәуірде қазіргі көріністегі адам – кроманьон адамы жасаған.*

Соңғы палеолит дәуірі адамының мекені Самарқанд қаласының аумағынан, Ташкент облысының Ахангаран өзені аңғарындағы Көлбұлақ мекенінен, сондай-ақ Ферғана аңғарынан табылған.

Соңғы палеолит дәуірінде адамдар едәуір жетілген кескіш және аралағыш еңбек құралдарын жасайтын болған. Адам бұдан былай әшекейлер – моншақтар, тұмарлар мен жүзіктер де жасай бастаған.

Сөйтіп, соңғы палеолитте адамзат өзінің кемелденуінде тағы бір сатыға көтерілді. Адамдар туыстарынан құралған шағын топтарға – **рулық ұжымдарға** бірлесті.

Ру мүшелері бір мекенде жасаған. Бір жерде жасап тұрған бірнеше рулар **тайпаны** құраған.

Тұрақ орындардың құрылысы соңғы палеолит дәуірі адамдарының маңызды жаңалығы болды. Киім-кешекті даярлауда аңдардың терісінен пайдаланған. Адам бұл дәуірде жасанды жолмен (ағашты бір-біріне ықалау, шақпақтасты бір-біріне соғу арқылы) **от жағуды** да үйреніп алды.

Мезолит дәуірі Мезолит дәуірі (орта тас дәуірі) **б.з.б. XII—VII мың жылдықтарды** қамтиды.



Рулық қауым

Мезолит дәуірінің басталуымен мұз дәуірі соңына жетті. Бұл жағдай ауа райының біраз жылуына және адамдардың тұрмысына өзгеріс енуіне себеп болды.

Мезолит дәуірінде адам садақ-жебе жасауды үйренді. Садақ-жебені ойлап табу арқылы адамдарда шапшаң жүгіретін аңдар мен құстарды аулай алатын болды.


Мезолит дәуірінің соңында адам аңдарды қолға үйрете бастады. Аңшылар итті қолға үйретті, иттермен аңға шыққанда олжа бұрынғыдан гөрі молырақ болды. Адамдар енді тірідей ұсталған аңдарды (қозылар, лақтар, торайлар) өлтірмей, азық қоры ретінде сақтайтын болды.

Мезолит дәуірінің соңында Алдыңғы Азияда шаруашылықтың жаңа тармақтары – *алғашқы қауымдық егіншілік* пен *мал шаруашылығы* қалыптасты.


Бүгінгі таңда Орта Азияда мезолит дәуіріне тиісті жүзден астам мекендер табылған. Ферғана аңғарының тау етегінде және таулы аудандарында, Ташкент өңірінде, сондай-ақ Өзбекстанның оңтүстігінде осын-



Түсті тастардан жасалған моншақ



Мамонттың сүйегінен жасалған тұрақ-орын



От жағу үдерісі



Еңбек құралын жасау

Есіңде сақта!

Өндіргіш шаруашылық – диқаншылық пен мал шаруашылығы болып, ол қажет өнімдерді өзі шығарған.



Тастан жасалған еңбек құралдары. Микролиттер

дай мекендер көптеп ұшырайды. *Обишир, Қосылу* және *Мачай* мекендері, сонымен бірге *Зараутсай* шатқалындағы жарта суреттері жан-жақты зерттелген.

Егіншілік пен мал шаруашылығының дамуы Неолит – жаңа тас дәуірінде Ежелгі Шығыстың түрлі облыстарында өндіруші шаруашылық – егіншілікке және мал шаруашылығына өте бастады.

Мал шаруашылығы мен егіншілік неолит дәуірінің ең үлкен жаңалығы болып есептеледі. Орта Азияда неолит дәуірі **б.з.б. VI–IV мың жылдықтар** саналады. Археологтар неолит дәуірінің басталуын қыш ыдыстардың жасалуы ойлап табылуымен белгілейді.

Бұл дәуірде ежелгі адамдар мезолит дәуірінде табылған майда тас құралдары – *микролиттерден* пайдаланып, тасты өндеудің бұрын белгісіз болған тәсілдерін тегістеумен бұрғылау әдістерін ашқан.

Неолит дәуірінде тайпалар отырықшы тұрмыс салтына өтіп, тұрақты тұрғын орындар құра бастаған. Сол дәуірде үйлер балшықтан құрыла бастады. Бірте-бірте рулық қауымдардың қыстақтары қалыптасты.

Отырықшы тұрмыс салты мен еңбек құралдарының жетіле түсуі қауымдардың егіншілікке өтуіне мүмкіндік туғызды. Егіншілік пен мал шаруашылығының дамуы қолөнершіліктің қалыптасуына негіз салды.

Балшықтан жасалған, отта күйдірілген ыдыстар жасау саласы – *құмырашылық*,

Өзіңді сынап көр!

**Микролиттер – ...
Өндіргіш шаруашылық – ...**

талшықтар мен жүннен киім-кешек әзірлеу тармағы – *тоқымашылық* қолөнершілігі неолит дәуірінің маңызды жаңалығы мен ойлап тапқыштығы болды.

Тірек конспект

Соңғы палеолит дәуірі (б.з.б. 40–12 мыңжылдықтар)

- кроманьон адамы
- жасанды оттың ойлап табылуы
- Көлбұлақ мекені (Ташкент облысы), Самарқанд мекені Ферғана аңғары
- рулық қауымдары
- әшекейлер, тұрғын үйлер құрылысы, кескіш, аралағыш еңбек құралдары

Мезолит дәуірі (б.з.б. 12–7 мыңжылдықтар)

- жебе-садақ, аңдарды қолға үйрету
- Обишир, Қосылу, Мачай, Зараутсай
- егіншілік пен мал шаруашылығы (Алдыңғы Азия)

Неолит дәуірі (б.з.б. 6–4 мыңжылдықтар)

- өндіргіш шаруашылық
- микролиттер, құмырашылық, тоқымашылық отырықшы тұрмыс салты

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Соңғы палеолит дәуірі адамының сырты қы көрінісін сипаттап бер.
2. Соңғы палеолит дәуірінің маңызды ойлап тапқандарын айт.
3. Өзбекстанда табылған мезолит дәуіріне тиісті қандай ескерткіштерді білесің?
4. Неолит дәуіріне тиісті мекендердегі археологиялық қазбаларды ұғып ал. Бұл мекенде нелерді табу мүмкін?



Саз балшықтан жасалған және отта күйдірілген ыдыс



Қыш ыдыс жасау

4-§. Энеолит пен қола дәуірі



Қыш
бұйымдар



Садақ жебеле-
рінің ұштары



Қоладан
жасалған
түйрегіш
пен тас
моншақтар.
Б.з.б. XVII ғ.

Металл дәуірінің басты ерекшеліктері

Неолит дәуірінің соңында адамдар ойлап тапқыштықпен жаңалықтардың арасында ең зорын жаратты: мыстан пайдаланып, еңбек құралдарын жасауға өтті.

Мыстан істелген еңбек құралдардың тас құралдарымен жасалғандарымен бірге қолданылу дәуірі *энеолит* – *мыс-тас* ғасыры деп аталды. Бұл дәуір **б.з.б. 4–3 мыңжылдықтың орталарына** тура келеді.

Металлургияның дамуы адамдардың материалдық және рухани мәдениетіне зор ықпал жасады. Б.з.б. 4-мыңжылдықта Ежелгі Шығыста алғашқы қалалар мен мемлекеттер жүзеге келе бастады.

Орта Азияның оңтүстігінде *жасанды суаруға негізделген егіншілік* пайда болды, шикі қыштан көп бөлмелі үйлер салына бастады, ыдыстарды күйдіру үшін қыш құмыралар қолданыла бастады.

Қыштан жасалған ыдыстар аңдардың, құстар мен өсімдік нақыштарымен (жапырақтар, гүлдер) безендірілетін болды.

Адамдар мысты ерітіп, қалайы, қорғасын немесе мырышпен қосып, қола алуды үйренген. Қола мысқа қарағанда қатты болғандықтан, *б.з.б. III мыңжылдықтың орта шенінен* бастап бірте-бірте еңбек құралдары, қару-жарақ пен безек-әшекейлер жасаудың негізгі шакізатына айналды.

Қоладан жасалған еңбек құралдарына ие болған адамдар енді егін алқаптарын дұрыс баптап, егістік алаңдарын кеңейтетін бол-

ды. Нәтижеде олардың қолында артықша ауылшаруашылық өнімдері пайда бола бастады. Мал шаруашылығы біртіндеп егін шаруашылығынан бөлініп шыға бастады.

Патриархаттың басталуы Тарихтың көп кезеңдері барысында рулық қоғамдағы маңызды істер әйелдердің міндетіне жүктелді (балаларды тәрбиелеу, тамақ әзірлеу, жануарлар терілерін тазалау, киім-кешек дайындау), қоғамда әсіресе жасы үлкен әйелдердің беделі еркектердікіне қарағанда едәуір жоғары болды.

Соқамен жер жырту, егіншілікпен шұғылдану, мал шаруашылығы, қолөнершіліктің пайда болуы нәтижесінде руды жеткілікті өнімдермен қамсыздандыру еркектердің қолына өтті. Үй қожалығы жұмыстары әйелдердің міндетінде қалды.

Енді рулық жанұяда еркектер маңызды орын ала бастады. Туысқандықты еркектер белгілейтін болды, сөйтіп *патриархат* дәуірі басталды. Жанұя әке жағынан жақын туысқандардың бірнеше ұрпақтарынан құралатын болды.

Қола дәуірі егіншілерінің мекендері Б.з.б. 3 мыңжылдықтың аяғы – 2 мыңжылдыққа тиісті мекен Зарафшан өзені алабындағы *Заманбаба* көлі маңында табылған. (Бұхара облысы, Қаракөл ауданы). Хорезм аумағында да бронза дәуіріне тиісті мекен зерттелген.


Археологтар Сұрхандария аңғарынан ежелгі егіншілердің мекендерінің бірі – Қыштөбені тапты (Мұзрабад ауданы). Қазу кезінде шикі қыштан салынған үйлер,

Есіңде сақта!


Патриархалдық жанұя – әке жағынан туған-туысқандардың бірнеше ұрпақтарынан құралған отбасы.



Жыландардың суреті бар тас тұмар.
Б.з.б. 2 мың жылдық.
Ферғана өңірі



Қоладан жасалған білезік.
Б.з.б. XII ғ.



Жарқотан мекеніндегі қазба жұмыстары



Нақыштармен безендірілген қыш ыдыс



Қола айналар. Заманбаба мекен-жайы

қыш бұйымдар, қоладан істелген еңбек құралдары мен безек-әшекейлер жасалған шеберхана қалдықтары, құмыраларда сақталған бидай мен арпа дәні табылған.

Сұрхан өңірінде, қазіргі Шерабат маңында бронза дәуірінде **Жарқотан** мекені пайда болған. Жарқотан құрылысы тарихында алғашқы қала белгілері байқалады. Ол екі бөлімнен құралған: бекініс және оның айналасында қауым мүшелері болған қолөнершілер мен егіншілердің үйлері жайғасқан. Жарқотанда ғибадатхана қалдықтары табылған.

Қола дәуіріндегі мекенжай тұрғындары әртүрлі қолөнершілік, тоқымашылық, құмырашылықты дамытуда, безек-әшекей бұйымдарын жасауда, құрылыс саласында үлкен жетістіктерге жеткен. Қола дәуірінде адамдар *құмырашылық шарық* пен *дөңгелек* ойлап тапты. Сөйтіп, бастапқы арбалар пайда болды.

Тірек конспект

Энеолит дәуірі (б.з.б. 4 мыңжылдық – 3 мыңжылдықтар орта шені)

- мыстан жасалған еңбек құралдары
- суарылатын егіншілік (жасанды суару)
- Шығыстағы алғашқы мемлекеттер мен қалалар

Қола дәуірі (б.з.б. 3 мыңжылдық ортасы – 2 мыңжылдық)

- патриархат
- Заманбаба, Жарқотан, Қыштөбе
- құмырашылық шарық, дөңгелек
- ғибадатхана

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Энеолит дәуірінің неолит дәуірінен негізгі айырмашылықтарын айт.
2. Мысты қашан ойлап тапқан?
3. Неліктен матриархаттан патриархатқа өту үдерісі болды?
4. Қола дәуіріндегі Қыштөбе мекен-жайы туралы әңгімелеп бер.
5. Қола ғасырына саяхат жаса. Бұл дәуірдің адамдары қалай жасағаны жайлы айтып бер.




**Ежелгі
теміршілер**

5-§. Темір дәуіріне өтуде Орта Азияның дамуы

Темірден пайдалану

Адамдар мыстан және қоладан еңбек құралдарын жасауды үйренген дәуірлерден бері арадан көп ғасырлар өтіп, еңбек құралдарын темірден жасау мүмкіндігі пайда болды. Бұл үдеріс біраз қиын болған, өйткені темір, мысқа қарағанда неғұрлым жоғары жылуда (1500°C) ериді. Бірақ темір мыс пен қоламен салыстырғанда қолайлы болған: темір олардан қаттырақ еді.



Қыш бұйымдар

Есіңде сақта!

Темірді алғаш рет Кіші Азиядағы хеттер (б.з.б. XIV–XII ғасырлар), содан кейін оларға көршілес елдер: Месопотамия, Иран, Кавказ сырты мемлекеттерінің халқы да пайдалана бастады.



**Қоладан
жасалған
қазан. Б.з.б.
VI–V ғасыр**

Есіңде сақта!

Әскери де- мократия

— алғашқы
мемлекеттікке
өту дәуірінде
тайпалар
одағына сай-
ланған әскери
қолбасшылар
басқарған
басқарудың
бір формасы.



**Садақ
жебелерінің
темір ұштары**

Темірді алғаш рет Кіші Азияда *хеттер* (б.з.б. XIV–XIII ғасырлар), содан кейін көршілес аймақтардағы (Месопотамия, Иран, Кавказ сырты) халықтар пайдалана бастады. Темірден істелген бұйымдардың таралуы баяу іске асқан.

Таза темір табиғатта сирек кездесетін болғандықтан, одан бастапқыда безек-әшекей жасалуда пайдаланылған. Осындай бұйымдар Египет перғауыны *Тутанхамонның* сағанасынан және Кавказдағы *Майкоп қорғаны* ескерткішінен табылған.

Еңбек құралдарының темірден жасалуы ең әуелі егіншілікті дамытуға әсер етті. Темір соқалар мен балталар пайда болды. Бұл еңбек құралдары ұлан-ғайыр аудандарда егіншіліктің дамуына септігін тигізді.

Б.з.б. IX–VIII ғасырларда темірден жасалған алғашқы темір құралдары Орта Азиядан табылған.

Әлеуметтік құрылыс

Темір құралдардың кең таралуы еңбек өнімділігін арттырды. Ал бұл өндірістің дамыған тәсіліне өтуге негіз болды.

Рулық қауымның орнын *аумақтық көршілестік қауым* иелей бастады.

Тайпа-ру ақсақалдарының ықпалы барған сайын арта түсті. Үздіксіз әскери қақтығыстар жағдайында тайпалардың одақтары пайда болды. Бұл одақтарға әскери қолбасшылардан сайланған адамдар жетекшілік еткен, ал қоғам *әскери демократия* қағидалары негізінде жасай бастады. Темір ғасырдың басында Орта Азиядағы халық төрт топқа: *абыздар, жауынгерлер, егіншілер* мен *қолөнершілерге* бөлінді.

«Авесто» кітабынан Орта Азияда қоғамның негізі «нмана» деп аталатын үлкен патриархалдық жанұя болғанын білеміз. Бірнеше «нманалар» рулық ұжым – «висті» құраған. Ал аумақтық көршілестік ұжымдар «варзана» деп аталған. Мұндай ұжымдар тайпаға – «занту»ға ұйымдасқан. Өз аумағын қорғау үшін бірнеше тайпалар одаққа – «дахьяға» біріккен. Орта Азияда темір ғасырға өту дәуірінде қоғамның құрылысы осылайша болған.

Есіңде сақта!

Әлеуметтік құрылыстың дамуы:
алғашқы қауым → **ру**
 → **тайпа** → **тайпалар одағы.**

Тірек конспект

- б.з.б. XIV–XIII ғасырларда – хеттер (Кіші Азия) бірінші болып темірден еңбек құралдарын жасады
- б.з.б. IX–VIII ғасырлар – Орта Азияда темірден жасалған алғашқы еңбек құралдары
- рулық қауым – көршілестік ұжымы
- әскери демократияға өту
- «Авесто»: нмана, вис, варзана, занту, дахья



Темір пышақ.
 Б.з.б. VII–V ғ.ғ.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Темір бұйымдардан пайдалану қашан басталған?
2. Темірден еңбек құралдарды жасаудың басталуы қоғамда қандай өзгерістерге себеп болды?
3. «Авестода» патриархалдық жанұя, рулық ұжым және тайпа қалай аталған?




Темірден жасалған қанжар мен қын.
 Б.з.б. I мыңжылдық



II БӨЛІМ

ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ



Ніл аңғары

Есінде сақта!

Ніл өзені ағып барып Жерорта теңізіне құйылады. Ніл өзенінің құйылатын жерін гректер **дельта** деп атаған.



Ніл өзенінің аңғары жағалауларында

6-§. Ніл аңғары және оның халқы

Мысыр – Ніл тартуы

Өзімен бірге салқын ауа мен мол өнімді алып келетін, суы мол Ніл өзені айбындылықпен ағады. Ұлы өзен Африканың солтүстік-шығысында өркениеттің пайда болуына негіз қалады. Бірнеше тармақтарға бөлініп ағатын Ніл өзені ағып келіп Жерорта теңізіне құйылады. Ніл дариясының құйылатын жерін гректер **дельта** деп атаған. Өйткені теңізге құйылатын тармақтардың толық көрінісі үшбұрыш тәрізді яғни керісінше жазылған грекше «дельта» әрпіне ұқсаған екен.

Ніл 6 мың километр ұзындықтағы талып ағатын үлкен өзен. Өзеннің ені 3 километрден 22 километрге дейінгі жазықтықтағы қара топырақты құнарлы жерлерден құралған.

Аңғар тұрғындары бұл елге «Қара топырақ» немесе «Ніл тартуы» деп ат қойған.

Бұрынғы өткен замандарда Ніл аңғары адам өте алмайтын, *папирус* бұталары бір-бірімен шырмалып кеткен батпақтықтармен қоршалған еді. Суда санақсыз жыртқыш крокодилдер жасайтын, құрлықта, жабайы жануарлар тобыры кезіп жүретін, ал батпақтықтарда улы жыландар жасайтын еді.

Уақыт өткен сайын ауа райы өзгере түсті, су да жылдан жылға кемеіе берді,

Солтүстік Африка шөлге айнала бастады. Адамдар Ніл аңғары мен дельтасын игере астады. Сөйтіп егіншілік халықтың басты кәсібіне айналды. **Б.з.б. IV мыңжылдықтың басында** адамдар Ніл өзені жағалауындағы жерлерді игеруге кірісті.


Мысырлықтардың кәсіптері Ніл өзені далаларды суға бастырып, кең мол аққан жылдары мысырлық егіншілер мол өнім алатын.

Мысырлық егіншілер бидай мен арпа, сондай-ақ бақша егіндерін еккен, жетілдірілген кенептен мата тоқитын еді. Ніл аңғарында жүзім, қауын, анар, құрма, пияз, қияр, сүмбіл бұршақ сияқты жеміс пен көкөністер өсірілетін.


Бұрынғы заманда жерді соқамен өңдеп, қолмен тұқым шашқан, кейін жерге сіңдіру үшін ірі қара малдарды егін даласынан айдап өткен. Еңбек құралдары жетілген соң, егіншілер соқа мен аңдардың күшінен пайдалана бастады. Мысырлықтар сиыр, қой-ешкі, шошқаларды бақты. Егіншілер дала істерінде өгіздің күшінен пайдаланды.

Мысырлық диқандар тұқым шашу, өнімді жинап алу істерін әдеттегіден өзгеше мерзімде орындайтын. Шілде-қыркүйек айларында олар демалған және тұқымды егуге дайындайтын. Өйткені бұл кезде далаларға су жайылып кететін еді.


Күзде егістік алқаптарға тұқым егілген. Ал қыста өнім жинап алынған. Масақтарды мыс орақпен орып алып, сосын оны арнайы жерге тасып, бидай немесе арпа бауларының үстінен жануарларды айдап өткізіп, өнімді жаныштаған. Қырманнан



Ніл өзенінің алқабы



Мысыр патшалығы



Сауда

шыққан дәнді қыш құмыраларға салып сақтаған. Бұл шара дәнді сансыз көп кеміргіш зиянкестерден аман сақтайтын еді.

Қолөнерші-ліктің дамуы Ежелгі Мысырда қолөнершілердің 30-дан астам кәсіп түрлері болған. Мысшылар мыс ерітіп, теміршілер одан еңбек құралдарын құятын. Құмырашылар саз балшықтан әр түрлі ыдыс-аяқтар жасап, ыдыстарды пісіретін. Құрылысшылар сарайлар, ғибадатханалар мен үйлер салған. Қарапайым мысырлықтардың үйлері лаймен сыланған папирус сабақтарынан, ал ақсүйектердің үйлері күнде кептірілген шикі қыштан құрылған.

Перғауындардың сарайлары мен ғибадатханалары тастан салынған. Ағаш шеберлері терезе мен есіктер жасаған. Кеме жасаушылар қамыстан қайықтар, ал ағаштан кемелер құрайтын. Тоқымашылар киім-кешекке маталар дайындайтын, ал тігіншілер киім тігетін еді.

Мысыр мемлекетінің құрылуы Адамдар Ніл аңғарындағы ауыр тұрмыс жағдайына бейімделе бастады. Бытыраңқы елді мекендер «ном» деп аталатын шағын мемлекеттерге бірікті. Әрбір мемлекетті «номарх» – басқарған.

Уақыт өткен сайын номархтар билеушілерге – патшаларға айналды.

Мысырда екі патша үстемдік еткен. Бірі Төменгі (Солтүстік) Мысырда, ал екіншісі – Жоғарғы (Оңтүстік) Мысырда мемлекетті басқарған. **Б.з.б. 3000 жылда** екі мемлекеттің арасында басталған соғыста Жоғарғы Мысырдың билеушісі *Менес* жеңіске жетті. Сол Менес біріккен мемлекеттің тұң-



Мысыр патшаларының тәждері

ғыш билеушісі – *перғауыны* болды. Бірыңғай да біріккен мемлекет үшін жаңа астана болатын – *Мемфис* қаласы салынды.

Көп жылдар ішінде «номдардың» билеушілері өз мал-мүлкін көбейтіп алды, нәтижеде Мысыр тәуелсіз мемлекеттерге айналған, жеке «номдарға» ыдырап кетті. Уақыт өтіп, мемлекет қайта бірікті. Бұл мемлекеттің астанасы *Фива* қаласы болды. Ғалымдар Мысыр тарихын Алғашқы, Ежелгі, Орта, Жаңа және Соңғы патшалықтар дәуірлеріне бөлген.

Өзіңді сынап көр!


«Ном» – ...	<i>Мемфис пен Фива</i> – ...
Менес – ...	<i>Перғауын</i> – ...

Тірек конспект

- Африканың солтүстік-шығысы – б.з.б. 4-мыңжылдықтың басы
- Ніл ұзындығы – 6 мың км → дельта → Жерорта теңізі
- Ніл аңғары – кеңдігі 3 км-ден 22 км-ге дейін
- егіншілік, мал шаруашылығы
- папирус – үйлердің құрылысы
- мемлекеттер – «ном» – «номарх»
- б.з.б. 3000 жыл – Бірыңғай біріккен Мысыр астана – Мемфис

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Неліктен египеттіктер өз мемлекетін «Ніл тартуы» деп сипаттаған?
2. Неліктен Ежелгі Египеттің табиғи жағдайы егін шаруашылығымен шұғылдануға қолайлы болған?



Жерді өңдеу

Есіңде сақта!

Ғалымдар Мысыр тарихын **Алғашқы, Ежелгі, Орта, Жаңа және Соңғы** патшалық дәуірлеріне бөлген.



Каналдар мен арықтар арқылы егіндерді суару

7-§. Ежелгі Мысыр

Есінде сақта!

Нубия, Ливия, Сирия мен Палестина мемлекеттері ежелгі мысырлықтармен көрші болған.



Тутанхамон-ның тағы



Ежелгі Мысыр әскерлерінің қыштан жасалған мүсіндері

Ежелгі мысырлықтардың көршілері Египет оңтүстікте *Нубиямен* шекаралас болған. Бұл елге мысырлықтар Нілді жағалап, алтын, қағамай, піл сүйегін, құнды сортты ағаштарды айырбастау үшін баратын.

Мысырдың батысында *Ливия* шөлінде осылай аталатын мемлекет орналасқан еді. Сахара халқы көшпелі малшылар болған. Ол Төменгі Мысырдағы Мемфис қаласы арқылы өтетін жол Синай түбегіне шығаратын, ал бұл жерде мыс қазып алынған. Синай түбегінен солтүстікке қарай *Палестина*, ал оның жанында *Сирия* орналасқан. Бұл мемлекеттер мыс пен темір рудаларына және басқа да пайдалы қазбаларға бай еді. Мысырлықтар Палестин мен Сириядан қолөнершілер жасаған құнды бұйымдар мен бағалы тастарды алып келген.

Перғауындардың басқыншылықтары Ежелгі патшалық кезінде Синай түбегі басып алынды, жергілікті тайпалар Египетке салық төлей бастады. Перғауындар Нубия мен Ливияға шабуыл жасап, қалаларды талан-тараж етеді, тұтқынға алып, олардың малдары мен басқа байлықтарын иеленіп алды. Орта патшалық перғауындары Оңтүстік Палестинаның жерлерін және Нубияның солтүстігін Мысырға қосып алады.

Б.з.б. XVIII ғасырдың соңында көшпелі *гиксостар* тайпалары Мысырға шабуыл жасады. Мысырлықтардың жаяу әскерлерінен айырмашылығы, гиксостардың негізгі

күші – аттар жегілген соғыс арбалары болған. Бір әскер аттарды басқаратын, екіншісі жауды көздеп садақтан оқ атқан. Төменгі Мысырды жаулап алған гиксостар египеттіктердің қалалары мен қыстақтарына шабуыл жасап, оларды аяусыз талады және адамдарды тұтқындап, айдап әкетті.

Бұл кезде Орта патшалық көптеген ұсақ «номдарға» бөлініп кетті. Олар гиксостарға салық төледі. Тек Фива қаласының билеушілері оларға бағынбады.

Жаулап алушылардың езгісінен құтылуға әрекеттенген «номдар»дың билеушілері Фива қаласы төңірегіне біріге бастады.

Бірнеше шайқастарда Фива «ном»ының перғауыны *Яхмос* гиксостарды талқандап басқыншыларды Мысырдан қуып шықты. Бас имеген билеушілерді өзіне бағындырған Яхмос жаңа перғауындар әулетінің негізін қалады, сол перғауын заманынан Жаңа патшалық дәуірі басталды.

Перғауындар жорықтарының нәтижелері Енді жаңа патшалық билеушілері көрші мемлекеттермен күресті басқыншы ретінде жалғастырды. Перғауындар Нубия мен Алдыңғы Азия мемлекеттеріне шабуыл бастады.

Перғауын *Тутмос II* Палестин, Финикия Сирияға басқыншылық жасады. Одан кейін перғауын *Тутмос III* басқыншылықты жалғастырды. Алдыңғы Азияда мысырлықтар үстемдігі орнатылды.

Бағындырылған халықтар мысырлықтарға өшігіп, өз еркі мен азаттығы үшін күресті. Мысыр перғауындары бірнеше жыл бойы жергілікті тайпалармен соғысты. Бұл



**Тутмос III
әскерлері
қалаға шабуыл
жасауда**

Есінде сақта!

**Перғауын
Яхмос**
гиксостарды тас-талқан етіп, басқыншыларды Мысырдан қуып шықты. Яхмос жаңа перғауындар әулетінің негізін қалаушыға айналды. Жаңа патшалық дәуірі басталды.

Есінде сақта!

Кир II ның баласы Камбиз II
б.з.б 525 жылы Мысырды басып алды.



Мысырлықтарды ежелгі парсы патшасы Камбиз II тұтқынға әкетіп жатыр



Апис. Бұқа бейнесіндегі молшылық құдайы

перғауындарды титықтатты, мемлекет әлсізденіп қалды. Жаңа патшалық та «номдарға» таралып кетті.

Египет тағы бірыңғай мемлекетке бірікті, елдің экономикасы мен мәдениеті өркендей бастады. Бірақ көп өтпей Египетке жаңа дұшпан бастырып кірді. Парсылардан үлкен әскер жинаған Кир II-нің ұлы Камбиз II **б.з.б. 525 жылы** Египетті жаулап алды.

Өзіңді сынап көр!

Гиксостар – ... Яхмос – ...
Тутмос III – ...

Тірек конспект

- мысырдың көршілері – Нубия, Ливия, Палестина, Сирия
- Мысырдың көрші мемлекеттерді жаулап алуы
- б.з.б. XVIII ғ. гиксостардың Төменгі Мысырды басып алуы
- Яхмос – гиксостардың қуып шығарылуы – Жаңа патшалық
- б.з.б. 525 жыл – Парсы шахы Камбиз II-нің Мысырды жаулап алуы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Мысырмен көршілес мемлекеттерді санап бер және оларды картада көрсет.
2. Ежелгі Мысыр перғауындары қайсы мемлекеттерді жаулап алған еді?
3. Неліктен көшпелі гиксостар Мысыр үшін құдіретті күшке айналды?
4. Қайсы перғауынның үстемдік дәуірінде гиксостарды мемлекеттен қуып шығарды?

8-§. Ежелгі Мысырдағы дін

Мысырлықтардың құдайлары Мысыр халқы үшін дін күнделікті өмірдің ажыралмас бір бөлігі болып саналған. Ежелгі мысырлықтар құдайлар аңдардың бейнесіне кіріп алып, мысық, қой, өгіз, арыстан, сиыр түрінде адамдардың арасында жасайды деп есептеген. Мысырлықтар құдайлардың бірнеше жаны бар: солардың бірі аңның денесінде, ал екіншісі – мүсінінде жасайды деп ойлаған. Абыздар – яғни ғибатдатхана қызметкерлері, құдайларды діндар адамдардың сыйлық ретінде берген нәрселерімен бағады деп түсінген.

Ежелгі Мысыр патшалығының астанасы *Мемфисте* өзіндік құдайы – *Птах* болған. Птах, египеттіктердің сенімі бойынша, оның құдіреттілігі соншалықты, оны шын бейнесінде көруге болмайды. Сондықтан да бұл құдайдың Жер жүзіндегі бейнесі *Апис* болған, оны маңдайы мен белінде ақ қасқасы бар қара өгіз түрінде бейнелеген.

Ал б.з.б 2-мыңжылдықтан бастап Амон-Ра деген Күн құдайы перғауындардың ең басты құдайы әрі жебеушісі саналған. Әуелі екі құдай болған: Фива қаласының демеушісі Амон және Күн құдайы Ра, соңыра екеуі бір құдайға біріккен.

Перғауындар – Күн құдайының ұлдары, патшалар барлық істі өзінің көктегі әкесінің бұйрығымен орындайды, деп ұғынған.

Хали – Ніл құдайы – Египеттегі өмірдің түпнегізі және күзетшісі. *Асирис* – жер асты салтанатының құдайы. Аңыздарда айтылуынша, Асирис Египеттің алғашқы патшаларының бірі болып, өз халқын егіншілікке



**Күн құдайы
Амон-Ра**



Исида – Асиристің әйелі



**Тот – Ай,
данышпандық,
шипгерлік
құдайы**



**Анибус – мар-
құмдар мен
мумияланған-
дардың
құдайы**



**Маат – шын-
дық және
әділет әйел
құдайы**



**Хатхор – музы-
ка, сұлулық
және махаббат
әйел құдайы**

үйреткен. Ал досы Сет Асиристі өлтіреді. Бірақ Асиристің қарындасы Исида оны мумиялап, қайта тірілткен екен. Содан бері жан қайтып келетін орын болуы үшін барлық марқұмдар мумияланады.

Абыздар мен ғибадат-ханалар Абыздар құдайлар мен адамдар арасында делдал болған. Абыздар діни дәстүрлерді білген, құрбандық шалған. Күнделікті өмірде де бірде-бір жұмыс абыздарсыз атқарылмаған. Абыздар

Нілдің тасу уақытын, қашан тұқым себу, өнімді жинап алу мұрсатын анық білген. Барлық «номдарда» ғибадатханалар болған, перғауындар оларға үлкен байлық пен жер сыйлайтын.

Өзіңді сынап көр!

Птах – ...

Апис – ...

Амон-Ра – ...

Тот – ...

Хатхор – ...

Исида – ...

Маат – ...

Асирис – ...

Тірек конспект

- Мысырлықтар құдайлар адамдардың арасында жасайды деп есептеген
- Амон-Ра
- Птах → Апис
- Хари, Асирис, Тот, Сет, Исида, Хатхор, Анибус, Маат.
- ғибадатханалар → абыздар → құрбандық шалу

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мысырлықтардың аң бейнесіндегі құдайларға сиынуы туралы әңгімелеп бер.
2. Неліктен перғауындар Күн құдайының ұлы баласы саналған?

3. Аңыздар бойынша, қайсы құдай мысырлықтарды егіншілікке үйреткен?
4. Ежелгі Мысырдың құдайларын санап бер.
5. Мысыр абыздарының беделі мен күшқұдіретінің себебі неде?

9-§. Пирамидалар және кесенелер

Барлық нәрсе Ежелгі және Орта патша–**уақыттан, ал**лықтар дәуірінде мысырлықтар құрған үлкен **пирамидалардан** **рамидалар** перғауындардың жерленетін орны – кесенелер болған. Өткен мыңжылдықтар ішінде сансыз қалалар мен мемлекеттер жоқ болып кетті, ғибадатханалар мен сарайлар қираған, тек пирамидалар уақыттан қорықпайды. Тек пирамидалар ғана төрт мың жылдан астам уақыттан бері өзгермей тұр.


Ең әйгілі пирамидалар Мемфис қаласы маңында үш перғауынға – *Хуфу*, *Хафра* және *Менкаураға* арнап құрылған. Бұл пирамидалар жер жүзіндегі жеті кереметтің бірі, олар бүгінге дейін сақталып қалған бірден-бір ғимараттар болып табылады. Ең үлкен пирамида Хуфуға (гректер оны Хеопс деп атаған) арналып, **б.з.б. 2600 жылы** айналасында құрылған. Оның биіктігі 147 метр. Пирамидалардың құрылысы үшін тастар Ніл өзенінің оң жағалуындағы жазық таулардан алып келінген.

Пирамида әрқайсысы екі тоннадан астам болған, 2,5 миллион дана тас блоктарынан құралған.


Пирамиданың ішінде дәлізбен тұтастырылған бірнеше бөлмелер бар. Олардың



Пирамида құрылысында




Ежелгі пирамидалар аңғарының көрінісі



Сфинкс – «Шөл патшасы»



Тутанхамон



**Ғибадатхана
қабырғалары
мен баған**

бірінде перғауынның мумияланған мәйіті салынған тастабыт – *саркофаг* орналасқан.

Сағаналардың іші алғыс баталар мен қарғыстардан тұратын жазулармен қапталған. Олар перғауынды қорғап, басқа дүниеге өтіп жатқанда оған жәрдем береді деп ұйғарылған.

Пирамидаларды *сфинкс* – денесі арыстан, басы адамдікі болған үлкен мүсін қорғаған. «Шөл патшасы» – сфинкс мүсіні тасан жасалған, оның биіктігі 20 метрге тең.

Жаңа патшалық дәуірінде пирамидалар құрылмай қалды. Перғауындарды тауларға ойылған, тас сағаналарда жерлейтін болды. Ең атақты сағана перғауын *Тутанхамонға* тиісті болған, Кесене ішіндегі адам сенгісіз байлықтар бізге дейін жетіп келген.

Көне мысырлықтар адам **Мумиялау** өлген соң марқұмдардың салтанатына кетеді, сол жерде өмірін жалғастырады деп санаған. Бірақ марқұмдар салтанатындағы өмір, мысырлықтардың пікірінше, Асирис сотының нәтижелеріне байланысты болады. Таразының бір басына марқұмның жүрегі, ал екіншісіне – құстың қауырсыны қойылады.

Егер таразы бастары теңессе, демек адам бұл дүниедегі өмірінде тек игі істер орындаған болады, ол қаза тапқаннан соң керемет бір жағдайда өмірін жалғастырады. Егер жүрек ауыр болса, демек адам бірталай жаман істерге қол ұрған болып шығады да, ақырында үрейлі мақұлықтарға жем болады. Ал Асиристің алдында сұлу бейнеде тұру үшін египеттіктер адамның мәйітін мумиялаған.

Мумиялаумен шипагерлік білімдерге ие абыздар айналысқан.

Әдетте мумиялау 70 күнге созылған. Мәйітке арнайы өңдеу берілген соң бір-неше маталармен ораған, қымбат бағалы тағыншақ-әшекейлермен безендірген. Мата қабаттарының арасына сәттілік келтіретін тұмарлар қойған. Мумиялау тек артында бай туған-туысқандары бар марқұмдарға ғана бұйырылған.

Өзіңді сынап көр!

Пирамидалар – ...	Тастабыт – ...
Мумиялау – ...	Сфинкс – ...

Тірек конспект

- пирамида — перғауын кесенесі
- Хуфу → Хафра → Менкаура
- Хуфу (Хеопс – грекше) – б.з.б. 2600-жылдар
- сфинкс
- Тутанхамон
- мумиялау — 70 күн
- Бастет — сұлулық құдайы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Египет билеушілері пирамидаларды қандай мақсатпен құрған?
2. «Барлық нәрсе – уақыттан, ал уақыт – пирамидалардан қорқады!» деген сөздерді қалай түсінесің?
3. Мысырдағы ең атақты пирамидалар қай жерде құрылған?
4. «Шөл патшасы» – сфинксты сипаттап бер.



Асирис – марқұмдар дүниесінің құдайы



Мысық бейнесіндегі әсемдік құдайы – Бастет


10-§. Ежелгі Мысырдың мәдениеті



Хатшының
мүсіні



Папирус



Тас тақтайша

Жазу

Ежелгі мысырлықтардың жазуы адамзаттың алғашқы жазуларынан бірі еді. Ең алдымен әрбір сөз сурет көрінісінде жазылған. Жазудан дұғалар мен дәстүрлерді жазып жүруде пайдаланған. Сондықтан да оны «*қасиетті*» немесе «*құдайлардың сөзі*» деп атаған.

Ежелгі гректер оларды «иероглифтер» деп атаған («тасқа ойып жазылған қасиетті жазулар» деген мағынаны білдіреді). Жазулар кесенелердің қабырғаларына және құдайлардың мүсіндеріне ойып жазылған. Жазу үшін тас пен қыштан да пайдаланылған.

Мысырлықтардың әліпбиі 750 иероглифтен құралған. Әрбір сөз өзінде бірнеше рәміздер мен белгілерді өрнектеген. Иероглифтерді үйрену өте қиын іс болған, сауат ашу көпшілікке бұйыра бермеген. Иероглифтерді қамыс қылқаламмен папирусқа, яғни папирус сабағынан жасалған қағазға жазған. Түрлі-түсті минералды бояулар сияның орнына қолданылған. Білім алып жатқанда қыш бұйымдардың бөлігіне немесе әктасқа жазған. Көркем жазу өнерін меңгерген адамдар жоғары деңгейдегі мәліметті және сауатты адамдар болып саналған, үлкен жеңілдіктерге ие болып, ізет-құрметте болған.

Иероглифтер сырының ашылуы

Танымал француз ғалымы *Жак-Франсуа Шампольон* 1822 жылы дүниежүзілік маңызға ие жаңалық ашты: Мысыр жазуларын оқуға қол жеткізді. Бұл жаңалыққа *Каир* қаласынан онша ұзақ орналаспаған *Розетт* қаласының маңындағы бір тасқа ойып, ежелгі Мысыр және

көне грек тілдеріндегі бір түрлі мағынадағы жазу себепші болды. Грек тілінен аудару қиын болмады, мәтіндерді салыстырып, әрбір иероглифтің білдірген мағынасын түсіндіріп беру мүмкіндігі табылды.

Осы жаңалықтан соң папирустарға жазылған көптеген жазбалар, ғибадатханалар мен пирамидалар қабырғаларындағы жазулар көп ғасырлық үнсіздіктен соң «тілге кірді». Ал тарихшылар Ежелгі Мысыр өркениетін зерттеу үшін маңызды да сенімді дерекке ие болды. Бүгінгі күнде Розетт жазуы Лондондағы Британия мұражайында сақталып тұр.

Өзіңді сынап көр!

Иероглифтер – ... Ж.Ф.Шампольон – ...
Папирус – ... Розетт жазу тасы – ...

**Теориялық
білімдердің
пайда болуы**

Мысырда теориялық білімдердің дүниеге келуі және дамуы мысырлықтардың күнделікті тіршілігімен байланысты болған. Екіншілер тұқымды жерге қашан себу, қай кезде өнімді жинап алуды білуі қажет еді. Бұл уақыттарды мысырлықтар жұлдыздарға қарап анықтаған. Астрономия, яғни жұлдыздар жөніндегі ғылым осылай дүниеге келді.

Мысырлықтар жұлдыздарды бақылап, жыл ұзақтығын 365 күн етіп анық белгіледі, ең алдымен күнтізбе жасады, ал 365 күнді 30 күннен 12 айға бөлді, артық қалған 5 күнді мейрам күндері деп есепке енгізбеді.

Каналдар қазылып, белгілі бір ғимарат пен құрылымдарды құрып жатқанда жер көлемін өлшеу керек еді, солайша геомет-



**Нефертити –
Египет
ханшайымы**



**Астроном-
ғалым**



**Египеттік-
тердің
дәрігерлік
аспаптары**



**Патша
шынтағы –
өлшем бірлігі**



**Ежелгі Мысыр
су сағаты**



**Асирис –
марқұмдар
дүниесінің
патшасы**

рия ғылымы – жер ауданын өлшеу ілімі жүзеге келді. Мысырлықтар тек қарапайым арифметикалық амалдарды ғана емес, тіпті дәрежені, түбірді және күрделі есеп-қисапты да білген. Математика ғылымы да осы негізде дамыды.

Мысырда негізгі өлшем бірлігі «шынтақ» болған, ол шынтақтан саусақтардың ұшына дейінгі ұзындыққа тең. Қолдардың ұзындығы әр түрлі болғандықтан «патшаның шынтағы» деген бірыңғай өлшем енгізілген, ол 52,5 сантиметрге тең болған. Бұдан да қысқа ұзындықтарды өлшеуде алақанды немесе саусақтарды пайдаланған.

Мысырда уақыт 24 бөлімге бөлінген арнайы ыдыстан құралған су сағаттарының көмегімен өлшенген. Бір бөлімнен екіншісіне ағып өтетін судың көлемі бір сағат деп есептелген.

Тірек конспект

- иероглифтер – 750 – «құдайлардың сөзі», «қасиетті жазулар»
- папирус
- Жак-Франсуа Шампольон (1822 жыл)
- Розетта жазу тасы – көне египет пен көне грек тілдері
- астрономия – күнтізбе – геометрия

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Мысыр жазуының өзіне тәндігі неде?
2. Мысырлықтар неліктен иероглифтерді «қасиетті сөз» деп атаған?
3. Мысыр жазуын бірінші болып кім оқи алған? Қалай оқыған?

11-§. Месопотамияның өркениеттері

Табиғи жағдайы және халқы Дажла мен Фрот өзендерінің аралығындағы аңғарды гректер *Месопотамия* деп атаған, бұл атаудың аудармасы *Екі өзен аралығы* деген мағынаны білдіреді. Адамдар Месопотамияға ежелгі замандарда көшіп барып қоныстанған.

Месопотамияға өзендердің тасқын сулары түрлі топырақ пен тау жыныстарынан құралған балшықтарды ағызып әкелген. Олар жерлерді тыңайтқан. Сол себепті Месопотамия жерлері өңдеуге қолайлы, құнарлы болған. Қыста тынымсыз жауын-шашын мен өзендердің тасқыны болып тұрғанынан Месопотамияда әлемдегі ең көне аңыздардың бірі – жер жүзін бүтіндей су басуы туралы *Топан аңызы* дүниеге келген.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV мыңжылдықта Месопотамияда *шумерлердің* мекендері пайда бола бастады. Олар Оңтүстік Месопотамияға қоныс теуіп, бұл елді *Шумер* деп атады. Мемлекеттің *Аккад* деп аталған солтүстік бөлігінде шаруалар – *аккадтар* қоныстанды.

Өзіңді сынап көр!

Шумер – ...

Аккад – ...

Месопотамия халқының кәсіптері Месопотамия халқының негізгі кәсібі егіншілік болды. Дажла мен Фрот өзендерінің әр жылғы тасқындары кезінде құнарлы лай егін далаларына сумен бірге ағып келген.

Месопотамияда ағаш және металл секілді қожалыққа қажетті материалдар бол-



Шумердің қыш ыдыстары



Жұмыс үстіндегі хатшы



**Құрма ағашы
“Өмір ағашы”**

Есінде сақта!

Шумерлер Оңтүстік Месопотамияға қоныс теуіп, бұл елді **Шумер** деп атады. Месопотамияның **Аккад** деп аталған солтүстік бөлігіне көшпелі шаруагерлер – **аккадтар** қоныстанды.



**Ежелгі
шумерлер**

маған, бірақ астық мол өндіріліп, мал тұяқтары көп болған. Сол себепті Месопотамия халқы саудамен де шұғылданатын. Көршілес *Кавказ* арты және *Иран* өлкелерінен алтын, мыс, күміс, қалайы және қымбат бағалы тастар астыққа айырбастау үшін әкелінетін еді.



Месопотамия

Месопотамияда түрлі өнімдермен және қолөнершілік бұйымдарымен сауда жасалған. Металл бұйымдар, безек-әшекейлер, қару-жарақтар мен құмырашылық бұйымдары өте қадірленген. Саудада күміс құймасы тәрізді металдан соғылған теңгелер қолданылған. Месопотамиядағы салмақ өлшемі «мино» 550 грамм күміске тең болған.

Б.з.б. 4-мыңжылдықта шумерлер әлемдегі ең көне жазулардан бірі михатты ойлап тапты. Шумерлер ұшы өткірленген таяқшалармен лай тақтайшаларға жазған. Шумерлер білімді, тәжірибелі құрылысшылар мен қолөнершілер болған.

Қала-мемлекеттер Уақыт өткен сайын мекендер мейлінше кеңейді. Месопотамияда *Урук*, *Умма*,

Лагаш, Ур және басқа қалалар пайда бола бастады. Олар қала мен оған ұласқан диқаншылық аудандарынан құралған қала-мемлекеттер еді. Әрбір қаланың билеушісі жоғарғы құдай – қаланың демеушісі саналды.

Құдайдың атынан абыздар үстемдік етті. Құдайлардың ғибадатханасы мемлекеттегі үкіметтің орталығы болды. Месопотамияның көне ғибадатханалары – *зиккураттар* шикі қыштан терілген сәулетті баспалдақты ғимарат болған.

Күн құдайы *Шамаш* ерекше құрметтелген құдай, ол бас қазы деп есептеліп, адамдарды жауыз істері үшін соттаған. Сондай-ақ шумерліктер Ай құдайы *Сина*, су құдайы *Эа* өнімділік пен махаббат, соғыс пен жеңіс құдайы *Иштарға* сыйынған.


Месопотамияның пайдаланылатын кең-үлкен жерлері билеушілер мен абыздарға қарасты болды. Далаларды құлдар мен ерікті жалдамалы еңбекшілер өңдеген. Қалалардың төңірегін мекендеген халық шағын жер бөліктерін иемдеді. Өз отбасын асырау үшін кедейлер патша мен ғибадатхананың жерлерінде істеген.

Шумер қалалары қорғаныс қабырғаларымен қоршап алынған еді. Қаланың бас қақпасынан басталған көшелер орталық алаңға, ғибадатхана мен патшаның сарайына апаратын. Құрылыс тас, шикі және күйдірілген қышпен жүзеге асырылатын. Ғибадатханалар құдайлар мүсіндерімен сәулетті безендірілді.

Соғыс кезінде қала халқы қолбасшы сайлаған. Барған сайын олардың беделі артып, қолбасшылар тұрақты түрде үстем-



Миххат жазуы



Шумердің Ур қаласы

Есінде сақта!

Месопотамияда **Урук, Умма, Лагаш, Ур** және басқа қалалар пайда болған. Олар **қала-мемлекеттер** еді.



**Иштар – өнім-
ділік, махаббат
пен соғыс
құдайы**



**Урук қала-
сының патша-
сы Гилгамиш
Ассирия
бедерлі суреті**

дік ете бастады. Оларды патшалар деп атады. Патша қала-мемлекеттерді ақсүйектерге, абыздар мен әскери жасақтарға сүйене отырып мансапкерлердің көмегімен басқарды.

Гилгамиш Месопотамия аңыздарының ең сүйікті қаһарманы

Гилгамиш Урук қаласының патшасы болған. Оның өмірі кейінірек көп аңыздарға айналды.

Аңыздарға қарағанда, Гилгамиш өмірге келген соң мемлекетте үстемдік еткен атасы немересінің одан тақты тартып алуынан қауіптеніп, мазасызданғанынан Гилгамишты жарға тастап жіберуге бұйрық береді.

Жарға тасталған Гилгамишты ұшып бара жатқан бүркіт қағып алып, көтеріп әкетеді де, бір бағбанға апарып береді. Бағбан Гилгамишты мейірімділікпен күтім жасап, тәрбиелейді. Есейген Гилгамиш атасынан билікті тартып алады да, өзі Урук қаласын басқара бастайды. Гилгамиш Энкиду деген балуанмен дос болады. Екеуі бірге жауыз мақлұқтарға қарсы күреседі, бұл үшін құдайлар Энкидуды жазалайды және ол өледі.

Гилгамиш мәңгілік өмірге қол жеткізу үшін теңіз түбінде өсетін сиқырлы шөпті іздеп табады, оны өз халқымен бөліспек болады. Алайда артына қайтқанда бір көлге шомылуға түседі, сол кезде жылан гүлдің иісін сезіп қалып, мейіршөпті ұрлап кетеді.

Содан бері жыландар әр жылы қабығын тастап жасарады-мыс. Ал Гилгамиш сүйікті қаласының қабырғалары оны

қорғайтынын, игі істері оны мәңгілік ететінін түсінеді.

Аккадтың өрлеуі

Қала-мемлекеттер бір-бірімен үздіксіз соғысып жататын еді. Сол соғыстардың нәтижесінде Саргон I бүкіл Месопотамия патшасы болды. **Б.з.б. III мыңжылдықтың екінші жартысында** ол Аккадты және Шумер қалаларын өз қол астына біріктіреді.

Саргон I сауданы өркендету мақсатында барлық қалалар үшін бірыңғай ұзындық, аудан және салмақ өлшемін енгізді. Ол әлем тарихында бірінші болып тұрақты әскер құрды. Бұл жасақ 5400 жауынгерлерден құралған, ал кейінірек олар Саргон I-ге көптеген қалалар мен көрші мемлекеттерді жаулап алуға мүмкіндік жасаған үлкен жасақтың негізгі күшіне айналды.

Саргон I өлген соң, оның тағына отырған мұрагерлеріне мемлекетте бүлік шығармақшы болған көтерілісшілерді бастыруға тура келген еді. **Б.з.б. 2-мың-**




Гүлді алып қашып бара жатқан жылан.

Гилгамиш туралы аңызға салынған сурет



Саргонт I – Шумер – Аккад патшасы



**Урдағы үлкен зиккурат
(ғибадатхана)**

Есінде сақта!

Месопотамия аңыздарының ең сүйікті қаһарманы **Гилгамиш**. Ол Урук қаласының патшасы және көптеген аңыздардың қаһарманы болған.

Есіңде сақта!

Шах Саргон I

б.з.б. 3-мыңжылдықтың екінші жартысында Аккадты және Шумер қалаларын өзінің қол астына біріктіреді, көрші мемлекеттерді жаулап алып, «төрт мемлекеттің патшасы» деген атаққа ие болды.



Гилгамиш туралы аңыз.
Шумер миххаты.

жылдықтың бас кезінде Шумер-Аккад мемлекеті көшпелі тайпалардың шабуылынан ыдыраған.

Тірек конспект

- Месопотамия → Екі өзен аралығы – (Дажла және Фрот өзендерінің аралығы)
- егіншілік, қолөнершілік, сауда
- қалалар – Урук, Умма, Лагаш, Ур
- зиккураттар – ғибадатханалар
- құдайлар – Шамаш, Сина, Эа, Иштар
- Гилгамиш – Урук патшасы
- Саргон I – Шумер-Аккад патшасы
- б.з.б. 2 мыңжылдық – Шумер-Аккад мемлекетінің ыдырауы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Екі өзен аралығына орналасқан қала-мемлекеттерді тап.
2. Тарихи атаулар сөздігін пайдаланып, «өркениет» деген сөздің мағынасын түсіндір.
3. Екі өзен аралығы бұрын қалай аталған?
4. Месопотамияның қайсы бөлігін шумерлер мен аккадтар игерген? Қашан?
5. Ойлап көр. Сен ежелгі саудагер ретінде Дажла өзені арқылы кемеде түрлі өнімдермен жүзіп, Шумердің қайсы қалаларында сауда жұмыстарын іске асыру мүмкіндігіне ие болатын едің? Картадан пайдаланып әңгіме құрастыр.

12 -§. Бабыл патшалығы

Бабыл – «құдайлар қақпасы»

Жыл санауымыздан бұрынғы II мыңжылдықта Бабыл патшалығы Месопотамия

тамия оңтүстігіндегі ең үлкен әрі құдіретті мемлекетке айналды. Бабыл қолайлы географиялық орынға ие, Фрот пен Дажла өзендері бір-бірімен жақында-сып кететін бір аумаққа орналасқан еді. Тауарлар тиелген кемелерде жүзіп келген саудагерлер осы қалада қонып кететін. Ал «Бабыл» сөзінің өзі «Құдайлардың қақпасы» деген мағынаны білдіреді. Бабыл қаласында ғажайып сарайлар, сәулетті ғибадатханалар болған.

Бабылдың басты көшесі жеңіс құдайы *Иштар қақпасынан* басталған. Бабыл мемлекетінде егіншілік, қолөнершілік және сауда жақсы дамыды. Алайда өзара соғыстар бұған кедергі жасады.

Заманымыздан бұрынғы XVIII ғасырда Бабыл патшасы *Хаммурапи* бүкіл Месопотамияны біртұтас мемлекетке біріктірді. Хаммурапидің үстемдігі кезінде Бабыл ең құдіретті мемлекетке айналды.

Хаммурапи заңдары Хаммурапи тарихта заң шығарғыш патша ретінде аты шықты. Хаммурапи заңдары көлемі жағынан тұрмыстың түрлі жақтарын қамтығанмен бұрынғы барлық заңдардан басым келеді. Хаммурапи заңдары бәріне – бай және кедей адамдар үшін бірдей болған. Заңдардың мәтіндері мемлекеттің барлық қалаларында орнатылған тас бағаналарға жазып қойылатын.

Хаммурапи заңдары қаталдығымен адамды таң қалдырады. Атап айтқанда, дәрігер жасаған хирургтық операция нәтижесінде науқас мезгілсіз қаза тапса, дәрігердің қолдары кесіп тасталуы шарт болған. Егер құрылысшы құрған үй бірден құлап, біреуді



Бабыл



**Навуходо-
носор II**
*Заманалық
сурет*



**Әскерлер
бекініске
шабуыл жасап
жатыр**



**Соғыстағы
садақшылар**

басып қалса, құрылысшы өлтірілуі тиіс болған.

Өрт кезінде ұрлық үстінде қолға түскен адам сол замат өртке лақтырылған. Ал құлып бұзған ұры қатаң жазаға үкім етілген.

Хаммурапи заңдары бос сөз ретінде ғана патша шешімі емес, құдайлардың ерік-қалауы ретінде де орындалатын болған. Сондықтан да оларды бұлжытпай орындау талап етілген. Хаммурапи заңдары талаушылық және ұрлық сияқты қылмыстарды тоқтату үлкен маңызға ие болған.

Өзіңді сынап көр!

Бабылдың мағынасы – ... Хаммурапи – ...

Хаммурапи өлген соң қаланы таулық касситтер тайпасы басып алды. Касситтердің басқыншылығы Бабылдың күйреуіне себеп болды, көпке созылған құлдыраудан соң б.з.б. VII ғасырда *Жаңа Бабыл* патшалығы құрылып, Бабыл қайта өркендеді.

Жаңа Бабыл патшалығы *Навуходоносор II* үстемдігі дәуірінде Бабыл патшалығы жоғары деңгейде дамыды. Бұл билеуші Мысырды *Жаңа Бабыл* патшалығына қосып алады, Иерусалимді (Құддысты) қиратады, ал Бабылды мықты бекініске айналдырады. Навуходоносор II тұрғын ғимараттар мен қорғаныс қабырғалар құрылысында күйдірілген кірпіш пайдалану туралы жарлық береді.

Ол үстемдік еткен дәуірде Бабыл қаласының сегіз қақпасы болған: олардың әрқайсысы мемлекеттің бас құдайларының бірінің атымен аталған. Әсіресе, құдай

Иштардың атындағы қақпа әсем де көркем болған, аңыздық аңдардың бейнесі түсірілген көгілдір нақышты тас тақтайшалармен безендірілген.


Ежелгі парсылардың әскері **б.з.б. 539 жылы Бабылға бастырып кіріп, қаланы жаулап** алады. Содан бастап Жаңа Бабыл патшалығы Парсы мемлекетінің құрамына кіреді.

Бабыл мәдениеті Шумер мен Аккад Бабыл мәдениетінің ең көне ошақтары еді. Әлемдегі ең көне жазулардың бірі болған Шумер миххаты ең әуелі «су», «күн» және басқа жеке сөздерді аңғартатын суреттерден тұратын.

Патша сарайлары мен ғибадатханаларда шенеуніктер мен дәулетті отбасыларының перзенттері оқитын мектептер ашылды. Оқушылар лай тақтайларға сүйек, ағаш таяқшалармен жазған.

Лай тақтайшалар әуелі күнде кептірілген, соңынан құмсауыттарда пісірілген. Бұл тақтайшалар тұңғыш кітаптар болды, оқушылар ескерткіш пен аңыздарды көшіріп жазды, өсімдіктердің, құстардың және құмырсқалардың аттары жазылған тізімдер жасады. Лай тақтайшаларда мемлекеттер мен қалалардың да аттары атап өтілген.

Шумерлер санақ жүйесі, күн мен ай күнтізбелерін жасаған. Шумерліктер күн жылының ұзақтығын 365 күн, ал айлы жылының ұзақтығын 354 күн етіп белгілеген. Шумерлік және бабылдық абыздар – астрономиялық болжамға тиісті білімдерге ие болған. Ең көне обсерваториялар биік, көп баспалдақты ғибадатханалар – *зиккураттардың* жоғарысындағы алаңшаға құрылды.



Құдай Иштар атындағы қақпаның нақыштары

Есіңде сақта!

Б.з.б. 539 жылы парсылар Бабылды басып алды. Жаңа Бабыл патшалығы Парсы мемлекеті құрамына кірді.



Шумер миххаты



**Көне жазудың
пайда болуы**



**Бабыл
мұнарасы.**
*П. Брейгел
суреті 1563 ж.*

Есінде сақта!

Көне жазулардың бірі – шумер миххаты – **б.з.б. 4-мыңжылдықта** пайда болды. Шумерліктер өздерінің санақ жүйесін, күн мен ай күнтізбесін жасады.

Месопотамияда сан түрлі дәрі-дәрмектер дайындау бойынша бағдарламалық әдістеме жасалған.

География саласындағы білімдер шумерліктер мен бабылдықтарға кемелерде теңіз жағалауын бойлап жүзуге мүмкіндік туғызды.

Әлемнің жаратылуы туралы көне қолжазбаның бірі Месопотамияда жасалған.

Тірек конспект

- б.з.б. 2-мыңжылдық – Бабыл патшалығы
- Бабыл – «кұдайлардың қақпасы»
- б.з.б. XVIII ғасыр – Хаммурапи → бірыңғай патшалық
- Хаммурапи заңдары
- Навуходоносор II үстемдігі – дамуы
- б.з.б. 539 жыл → Бабылды парсылардың басып алуы
- миххат, күнтізбе

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Бабыл патшалығы мен оның астанасын тап.
2. Қайсы патшаның дәуірінде және қашан Бабыл бірыңғай мемлекетке айналды?
3. Хаммурапи заңдары қандай мақсатпен шығарылған еді?
4. Шумер оқушысы, заманауи мектеп оқушысы сияқты таңертең мектепке асығатын, ол сабаққа кешігуден қорқатын, мектепке келіп... Әңгімені толықтыр.

13-§. Алдыңғы Азия мемлекеттері

Эрамыздан бұрынғы II мыңжылдықта Алдыңғы Азия аумағында жасаған халықтарды біріктірген алғашқы мемлекет-

тер пайда бола бастады: *Ассурия, Хетт, Митанни* сынды мемлекеттер және *Финикия қала-мемлекеттері* солардың қатарында. Бұл мемлекеттер үнемі басқыншылық пен қорғаныс шайқастарында күн кешті.

Ассурия Ерте заманда ассуриялықтар **патшалығы** Фрот пен Дажла өзендерінің жоғарғы ағысындағы шағын аумақты иелеген. Ең алдымен *Ашшур* қаласы, кейін *Ниневия* қаласы астана болды. Халқының негізгі кәсібі егіншілік және сауда жасау еді.

Ассуриялықтар басқыншы халық болған. Олар көрші елдерге жиі-жиі шабуыл жасап тұрған. Ассуриялықтардың құдіретті әскері әр жылы жаңа жерлерді басып алуға аттана-тын еді. Бағындырылған халықтар Ассурия патшасына көп мөлшерде ұлпан төлеген.



Ассириялық садақшы




Арыстан мен күресу.
Ниневия сарайы қабырғасында ойып жасалған сурет.



Ассурия патшалығы

Қаланы басып алған ассуриялықтар қамал қабырғаларын, үйлер мен ғибадатханаларды бұзып тастап, халықты тұтқындыққа айдап әкетеді.

Соғыстарда дұшпандардан тартып алынған барлық нәрсе астанаға құйыла бер-



Ассириялықтардың қаланы басып алу суреті.



**Ассирияның
астанасы
Ниневия.
Қалпына
келтірілген**



**Ашшурбана-
палдың
миххат
жазуындағы
кітапханасы**

Есіңде сақта!

Ассирия мемлекеті Фрот пен Далжа өзендерінің жоғары ағымында пайда болып, **б.з.б. 605 жылы** тарих бетінен кетті.

ді. Салтанатты сарайлар мен ғибадатханалар байлыққа толып кетіп, *Ашшурбанапал* үстемдігі дәуірінде Ниневияда Алдыңғы Азиядағы ең үлкен қыш тақтайшалардан құралған кітапхана жиналған еді.

Жайлап Ассирия мемлекеті әлсіреп барды **Б.з.б. 605 жылы** Ассирияның әскерлерін Бабыл мен Мидия жермен-жексен еткен соң, мемлекет күйзеліске ұшырады.

Хетт және Митанни патшалығы Азия орталығында (қазіргі Түркияның аумағында) хеттер деген солтүстіктік халық өз мемлекетіне негіз салды. *Хаттуса* қаласы сол мемлекеттің астанасы болды. Халқы егіншілікпен, мал шаруашылығымен шұғылданатын еді.


Хеттер көрші мемлекеттермен үнемі соғысып отырған. Әскери арбалар мен темір ұшты найзалардан пайдаланған.

Қазіргі Сирияның аумағында пайда болған көрші Митанни патшалығы хеттердің қауіпті дұшпанына айналды. Митаннилықтар соғыстарда атты әскерді пайдаланды.

Тарихта аттары белгісіз халықтар (оларды «теңіз халықтары» деп атаған) хеттердің астанасын басып алып, түгелдей күлін көкке ұшырды. Мемлекет құлады, ал хеттер басқа халықтармен сіңісіп кетті.

Урарту патшалығы *Урарту мемлекеті* Кавказ сыртында, *қазіргі Түркия шығыс бөлігінде және Армения аумақтарында* орналасқан еді. Халқы *урарттар* деп аталған. Бірыңғай мемлекеттің құрылуы қажеттілігін Ассирияның шапқыншылығынан қорғану жеделдетті.

Б.з.б. IX – VIII ғасыр басында Урарту мемлекеті гүлдеп-көркейді, *Тушпа* қаласы Урарту мемлекетінің астанасына айналды. Урарттар бірнеше басқыншылық соғыстарға аттанып, ассириялықтарды жеңді. Бірақ кейін ассириялықтардың жасақтары урарттардың әскерлерін талқандады. *Тейшебаини* қаласындағы бекініс жаулап алынды және жермен-жексен етілді. Содан соң Урарту патшалығы біраз әлсізденіп қалды.



Хеттер шайқас алдынан

Финикия және Палестина Ежелгі заманда *Финикия* Жерорта теңізінің шығыс жағалауын бойлап, қазіргі Ливан аумағында және Сирияның бір бөлігінде орналасқан.

Финикиялықтардың негізгі кәсіптерінің бірі сауда жасау болған. Олар көршілеріне ағаш, металл және мата сататын. Жерорта теңізінің жағасында *Тур*, *Сидон*, *Угарит* сияқты ірі теңіз қалалары пайда болды. **Б.з.б. X ғасырда Финикияда** 22 дауысты дыбыстан құралған әліппе жасалды.

Гректер осы әліппені меңгеріп алды, оларға тағы дауыссыз дыбыстарды да қосып қойды. Көп өтпей **Б.з.б. XI ғасырда** Палестина аумағында Израиль патшалығы пайда болды, кейінірек ол *Еврей* патшалығына бірікті. Еврейлерді Бабыл патшалығы жаулап алды.

Ежелгі еврейлердің аңыздары діни кітаптарға жазып отырылған. Бұл кітаптардың жинағы “Библияға” жинақталған, бұл сөз грекшеде “кітап” деген мағынаны аңғартады. “Библияда” Ғалам, Жер жүзіндегі алғашқы адамдар – Адам ата мен Хауа

Есіңде сақта!

Хетт патшалығы қазіргі Түркия, ал **Митанни мемлекеті** қазіргі Сирия аумағында орналасқан.



Тейшебаини қаласындағы бекініс



Финикия-лықтар

ананың жаратылуы, Жер жүзін Топан суының басуы туралы және басқа аңыздар бар.

Өзіңді сынап көр!

Ниневия – ...

Митани – ...

Ашшурбанапал – ...

Урарту – ...

Хеттер – ...

Тушпа – ...

Тірек конспект

- б.з.б. 2 мыңжылдық — алғашқы мемлекеттер: Ассирия, Хетт, Митани
- Ассирия патшалығы – астанасы Ашшур – Ниневия
- Ашшурбанапал – миххат жазуындағы кітапхана
- б.з.б. 605 жыл – Ассирияны Бабыл мен Мидия басып алды
- б.з.б. XVIII ғасыр – Хетт патшалығы, астанасы – Хатусса
- «теңіз халықтары» тарапынан Хатуссаны ойрандауы, мемлекеттің бөлшектенуі
- Урарту мемлекеті, астанасы Тушпа
- б.з.б. IX ғасыр – VIII ғасыр бастары Урарту мемлекетінің өркендеген кезеңі
- Финикия – Тир, Сидон, Угарит қалалары
- б.з.б. IX ғасыр – Израиль мемлекетінің пайда болуы



**Еврей патшаларының сарайы.
Қалыптастырылған**

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Алдыңғы Азия аумағында алғашқы мемлекеттер қашан пайда бола бастады?
2. Ассирия патшалығы туралы нелерді білесің?
3. Ассирия патшасы Ашшурбанапал тарихта несімен ат қалдырған?
4. Хетт патшалығы қалайша жүзеге келді? Хетт патшалары үстемдігінің өзіне тән ерекшелігі неде?
5. Хетт патшалығы қалайша күйреуге ұшырады?

6. Урарту мемлекетінің өркендеуі мен күйреуге ұшырағанының себептері неде?

14-§. Ахаманилер мемлекеті


Ежелгі Иран халқы

Б.з.б. VI ғасырда қазіргі Иран аумағында Ахаманилер әулетіне жататын патшалар негіз салған *Парсы патшалығы* пайда болды. Ахаманилер патшалығы дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекеттердің бірі болды.

Қазіргі Иран аумағында көне замандарда *касси́лер*, *эла́милер* сияқты тайпалар өмір сүрген.



Көне қолжазба



Еврей халқын бабылдықтар тұтқынға алып жатыр



Ежелгі Парсы мемлекеті

Уақыт өтіп, бұл елге *мидиялықтар* мен *парсылар* көшіп келіп қоныстанды.

Тау етегіндегі аңғарларда халық егіншілікпен шұғылданды, шөлді аймақтарда малшылар еңбек етіп күнелтті. Иран түрлі мемлекеттерді байланыстырып тұрған керуен жолдарының түйіскен жерінде орналасқан.

Иран аумағындағы ежелгі мемлекеттер

Б.з.б. 3-мыңжылдықта Иранның оңтүстік батыс бөлігінде *Элам мемлекеті*

Есіңде сақта!

Б.з.б. VI ғасырда қазіргі Иран аумағында (Парсы шығанағы жағалауларында) **Ахаманилер әулетінен** шыққан патшалар негізін салған **Парсы патшалығы** пайда болды.

Есінде сақта!

Б.з.б. 3 мың-жылдықта Иранның оңтүстік батыс бөлігінде Месопотамиямен шекаралас **Элам** мемлекеті пайда болды. Бұл мемлекеттің астанасы **Суза** қаласы еді.



Парсылар соғыста.

Есінде сақта!

Б.з.б. VII ғасырда патша **Киаксар** үстемдігі дәуірінде **Мидия** құдіретті мемлекетке айналды.

пайда болды. Бұл мемлекеттің астанасы Суза қаласы болған. Эламда әлемдегі ең көне жазулардың бірі жасалған.

Каспий теңізінің оңтүстік батысында орналасқан Мидияда тайпалар одақтары құрылды.

Б.з.б. VII ғасырда патша Киаксар билеген кезеңде Мидия құдіретті мемлекетке айналды. Мидия мемлекеті Бабылмен одақтасып, Ассирияны басып алды. Иранның оңтүстігінде, Парсы шығанағына ұласып кеткен жерлерде Парсы облысы – ежелгі парсылар мекендеген өлке қоныс тепкен еді.

Б.з.б. 558 жылы Ахаманилер әулетінен шыққан патша **Кир II** барлық парсыларды өзінің қоластына біріктірді.

Мидия патшалығын бағындырған соң Кир II қалың қол жинап, басқыншылық жорықтарын жалғастырды.

Армения, Лидия мен Бабыл басып алынды. Парсылар Жерорта теңізінің жағалауына барып, Палестина мен Финикияны бағындырды. Кир II-нің басқыншылық саясатын мұрагерлері *Камбиз II* мен *Дари I* жалғастырды. Камбиз II Мысырды басып алып, Парсы мемлекетінің жерін недәуір кеңейтті.

Дари I-дің реформалары

Б.з.б. 522 жылы патша Дари I Ежелгі Парсы мемлекеті тағына отырды. Бұл кезде басып алынған барлық елдерде көтерілістер басталды. Ахаманилер патшасы Дари I оларды басуға кірісті.

Дари I Қара теңіз жағалауын мекендейтін скифтерге шабуыл жасады. Оның Кіші Азиядағы гректер отарларын және Бал-

кан түбегінің шығысындағы *Фракияны* басып алуы грек-парсы соғысының басталып кетуіне себеп болды. Дари I билеген кезде Үндістанның солтүстігінен Жерорта теңізіне дейінгі жерлерді мекендеген үлкен мемлекет құрылды.

Дари I бүкіл мемлекет үшін «дарик» деп аталған бірыңғай алтын теңгені қолданысқа енгізді. Ол ежелгі Парсы патшалығы ордасы Персеполь қаласынан Жерорта теңізіне дейін «патша жолы» деген сауда жолын құрғызған еді. Дари I әскери жасақтарды қайта құрды, патшалықты «сатратиктер» деп аталған арнайы әскери басқарушы өлкелерге бөлді.

Македониялық Александр **б.з.б. 330 жыл-да** Парсы мемлекетін басып алды.

Есіңде сақта!


Македониялық Александр **б.з.б. 330 жылы** Парсы мемлекетін басып алды. Ахаманилер мемлекеті 200 жылдан астам үстемдік еткен.

Ежелгі парсылар мәдениеті

Суза, Экбатана және басқа қалалар Ахаманилер мемлекетіндегі маңызды сауда орталықтары болған. Персеполь қаласында Дари I мен Ксеркстің түрлі бөлмелері, жүз ұстынды залы бар сарайының қалдықтары сақталып қалған. Сарай аңыздық және қияли құстардың суретімен безендірілген еді. Персеполь сарайы қабырғаларындағы бедерлі бөртпе нақыштарында ахаманилер бағындырған көптеген ұлыс өкілдерінің көріністері сақ-



Кир II



Дари I тақта



Алтын теңге



**Дари I
сақшылары**



**Тұтқынға
алынған көте-
ріліс жетек-
шілерінің
Дари I-дің
алдына алып
келінілуі.
Бехистун үңгірі**

талып қалған. Олар Парсы патшаларына ұлпан әкеле жатқан түрде бейнеленген.

Ежелгі парсылар миххат белгі жазуларынан пайдаланған. Парсы патшаларының жазулары *Бехистун* және *Нақшы Рустам* жартастарына, сондай-ақ Персеполь сарайының қабырғаларына ойып жазылған. Олар жорықтар, көтерілістер және мемлекеттер тұрмысындағы маңызды оқиғалар туралы мәлімет береді.

Тірек конспект

- кассилер, эламилер, мидиялықтар, парсылар
- Элам, Мидия мемлекеттері
- б.з.б. 558 жыл – Кир II Парсы мемлекетінің патшасы
- Кир II – Армения, Бабыл және Мидияға басқыншылық жорықтары
- б.з.б. 522 жыл – Дари I патшалығының сатраптықтарға бөлінуі
- б.з.б. 330 жыл – Ахаманилер патшалығын
- Македониялық Александрдың басып алуы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Парсы патшалығы қашан құрылды?
2. Қайсы әулет патшалары Парсы патшалығына негіз салды?
3. Элам мемлекеті қашан құрылды?
4. Кир II қай мемлекеттерді жаулап алды?
5. Дари I өз мемлекетінде қандай қайта құрулар өткізді?

§ 15. Ежелгі Үндістан өркениеті

Аумағы мен табиғи жағдайы Үндістан мемлекеті Үндістан түбегі мен Азия құрлығының Үнді және Ганг өзендері аңғарларының бір бөлігін алып жатты. Табиғи жағдайы ыстық ауа райы және сумен бірге құнарлы топырақты ағызып әкелетін, жайылып ағатын өзендер егіншіліктің дамуына мүмкіндік туғызды. Гималай таулары солтүстік шығыстан келетін дұшпандардан және суық желдің бастырып кіруінен өзіне тән табиғи қорғаныс қабырғасы болып қызмет еткен.

Ганг аңғарындағы тропиктік ормандар биік ағаштар мен сан алуан өсімдіктерге бай болды. **Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 3 мың жылдықта** Үнді өзенінің аңғарында үлкен қалалар пайда бола бастады.



Ежелгі Үндістан




Ніл өзенінің аңғары

Есінде сақта!

Үндістан мемлекеті Үндістан түбегі мен Азия құрлығының, Үнді және Ганг өзендері аңғарларының бір бөлігіне орналасқан еді.



Жауынгер піл



Мохенжодародағы көше



Арыстандардың осындай бейнесімен ғибадатхана бағандары безендірілген

Ең ежелгі Мохенжодаро мен Хараппа Үндістан өркениеті қалалары Үнді өзені алабындағы ең ірі қалалары болған.

Екі қала да берік қорғаныс қабырғаларымен қоршалған. Көшелер арқылы бір-бірінен бөлінген мекендерден піскен және шикі қыштан құрылған ғимараттар (тұрақ орындар, қоймалар, сарай және ғибадатханалар) табылған. Үлкен әрі көрікті қала – Мохенжодарода шебер қолөнершілер көп болған.

Халқының негізгі кәсібі егіншілік еді. Дикандар қант құрағын, мақта өсімдіктерін өсірді, пілдерді қолға үйретті. Бірақ біздің заманымыздан бұрынғы XVIII ғасырдан Үнді өзені алқабындағы қалалар жиі-жиі болатын тасқындар, ормандар мен тікенді ну тоғайдың кеңеюі нәтижесінде құлдырауға ұшырап, мүлдем бүліншілікке айналады.

Өзіңді сынап көр!

**Үндістан – ... Хараппа – ...
Мохенжодаро – ...**

Діни сенімдер

Ежелгі үнділер египеттіктер мен бабылдықтар секілді табиғаттың көптеген құбылыстары алдында әлсіз болатын: тропиктік нөсерлерден, су тасқындарынан, қуаңшылықтан қорқатын.

Көне үнді аңыздарында айтылуынша, Күн құдайы әр таңда алтын арбада аспан бойымен жол жүреді. Күн түнгі қараңғылықты ыдыратып, адамдарға жарық пен жылылық тарату үшін көкжиектен көтеріледі. Найзағай құдайы *Индра* аспандағы

суды тұтқындықтан құтқарған соң, жер жүзінде қуаңшылыққа шек қойылыпты.

Үнділер кейбір құдайларды жабайы аңдардың бейнесінде елестеткен. Мәселен, олар сиынған құдайлардың бірі – басы пілдікіне ұқсас данышпандық құдайы *Ганеша* болған. Ал сиырды үнділер ерекше қадірлеген. Сиыр үнділер арасында қасиетті жануар саналып, сиырды өлтіруге тыйым салынған.

Үнділер адамның жанының бір денеден басқасына көшіп өтуіне сенген. Олар қаза тапқаннан кейін адам бәрібір өлмейді, бәлкім басқа бір хайуанға айналып, өзінің сыртқы көрінісін өзгертеді, хайуанға, құмырсқаға және өсімдікке айналады деп есептеген.

Касталары Ежелгі үнділер қандай жұмыстармен шұғылдануына қарай төрт топқа бөлінген. Бұл топтар *каста* немесе *варна* деп аталған, мысалы: абыздар – *брахмандар* (үнді дінбасылары), жауынгерлер – *кшатрилер*, егіншілер, қолөнершілер мен саудагерлер – *вайшилер*, қызметкерлер мен құлдар – шудралардан құралған.


Үнділердің сенімі бойынша, топтардың әрқайсысын жоғарғы құдай *Брахма* өз денесінің қайсы бір бөлігінен жаратқан екен.

Мысалы, абыздар оның аузынан шыққан, әскерлер қолдарынан, диқандар қабырғасынан, ал қызметкерлер – Брахманның табанынан жаратылған деп есептеген. Балалар әрқашан ұдайы ата-аналарының тобына жатады деп табылған.


Бір топтан екіншісіне өту мүмкін болмаған. Түрлі топтарға жататын адамдардың



Ганеша – данышпандық құдайы



Сиыр Үндістанда қасиетті деп саналады



Үнді касталары

ортасында некеге рұқсат етілмеген.

Ал топтардың біреуіне де жатпайтын-дарда «чандал», яғни «жиіркеніштілер» деп атаған. «Чандалдар» касталарға жататын адамдармен бір үйде жасай алмайтын, олармен бір дастарқан басында отыруға тыйым салынған.



**Брахма
құдайы**



**Индра –
найзағай
құдайы**

Өзіңді сынап көр!

**Үнді және Ганг – ...
Топтар – ... Чандалдар – ...**

Тірек конспект

- Үндістан түбегі (Үнді және Ганг өзендері)
- б.з.б. 3 мың жылдық – Мохенджодаро мен Хараппа қалаларының пайда болуы
- құдайлар – Индра, Ганеша, Брахма каста (варна):
 - – абыздар – брахмандар
 - – жауынгерлер – кшатрилер
 - – егіншілер, қолөнершілер және саудагерлер – вайшилер
 - – қызметкерлер мен құлдар – шудралар
- «чандалдар»

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Үндістанды тап. Үндістанның географиялық орнының ерекшеліктері туралы әңгімелеп бер.
2. Үндістан қоғамы қайсы топтарға бөлінген ?
3. Сенің ойыңша, неліктен бір кастадан екіншісіне өтуге рұқсат етілмеген?
4. Мохенджодаро және Хараппа қалаларына саяхат жасап, бұл қалалар туралы әңгіме құрастыр.

16-§. Біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдықтағы Үндістан

Үндістан мемлекеттері Б.з.б. VII–VI ғасырларда Үндістанда бірнеше мемлекеттер пайда болды, мысалы: *Магадха, Кошала, Малла* және басқалар.


Македониялық Александр Орта Азияны басып алғаннан кейін *Пенджаб* өлкесінің аумағына бастырып кірді. Осы өлке халқы басқыншыларға қатты қарсылық көрсетті.

Македониялық Александр көп қиыншылықпен Үнді аңғарына дейін жетіп барып, содан соң, Бабылға қайта оралады. Александр қалдырған жасақ жергілікті халықтың қарсылығына төзе алмай, Үндістаннан кетуге мәжбүр болады.

Грек-македон жасақтарына қарсы соғысқа атақты үнді қолбасшысы Чандрагупта басшылық етті. Чандрагупта Солтүстік Үндістандағы барлық мемлекеттерді өзінің құрамына қосып алған *Маурия мемлекетінің* негізін қалады.

Ал, *Паталипутра қаласы* Маурия мемлекетінің астанасына айналды. **Б.з.б. III ғасырда** патша Ашока үстемдігі дәуірінде Маурия жоғары деңгейде өркендеді.

Ғылым мен мәдениет Ежелгі Үндістанда ілім-ғылым, негізінен, астрономия мен математика саласы жоғары дәрежеде дамыды. Үнділер жыл есебінің 360 күннен құралған күнтізбесін жасады. Бұл дәуірде санау және есептеудің ондық жүйесі кең таралды: үнділер «ноль»ді өрнектейтін арнайы белгі ойлап тапты, ал цифрларды бүгінгі танда бүкіл



**Қолбасшы
Чандрагупта.**
*Заманауи
сурет*



**Маурия
мемлекетінің
патшасы –
Ашока**



**Үнділер ойлап
тапқан шахмат
тастары**



**Санскрит
жазуы**



**Сиддхартһа
Гаутама.
Заманауи
сурет**

әлем қолданатын бір тәртіп бойынша жазатын болды. Біз бұл цифрларды араб цифрлары деп атаймыз, өйткені үнділерден қабылдап алған бұл цифрлар араб тілінде жазылған шығармалар арқылы дүниеге кең тараған.

Үндістанда ойлап табылған, үнділердің өзі «әскердің төрт түрі» деп атайтын ойын қазіргі таңда бүкіл әлемге «шахмат» деген атпен белгілі.

Үнділер бірінші болып қант құрағынан шекер алды. Металдарды өңдеу саласында да үнділер адамды таң қалдыратын жетістіктерге қол жеткізді.

Ежелгі үнді тілдері негізінде жаңа әдеби тіл болған санскрит тілі жасалды. «Махабхарат», «Рамаяна» дастандары және басқа туындылар сол тілде жазылып, олар осы күнге дейін жетіп келген.

Өзіңді сынап көр!

Паталипутра – ... Санскрит – ...

«Жасақтың төрт түрі» – ...

«Құдайларсыз дін» Қоғамдағы өзгерістердің ықпалынан үнділердің діни нанымдары да өзгеріп отырды. Б.з.б. VI ғасырда жаңа буддизм дінінің жаратылуы Будда деген ат алған ханзада Сиддхартһа Гаутаманың есімімен байланысты.

Аңызда айтылуынша, ханзада Сиддхартһа Гаутаманың 20 жасқа толғанша билеуші әкесінің сарайында уайымсыз күн кешкен. Күндерден бір күні серуендеп жүрген кезінде қаусаған, дауасы жоқ ауруға шалдыққан бір адамға, ал кейін жерлеу

рәсіміне көзі түседі. Сөйтіп, ханзадаға адамның азабы мен ажалы белгілі болды. Бұл Сиддхартха Гаутама өмірін бүтіндей өзгертіп жіберді. Ол сарайдағы молшылық тұрмыстан бас тартып, өмірдің мән-мазмұнын іздеп табу мақсатымен жер шарын аралап, саяхатқа аттанды.

Бір күні білімді меңгерген Будда адамның сан рет туылуын және қаза табуын түсінеді. Кейінгі өмірде адамның кім болып туылуы да оның іс-қимылдарына және мансаптарына байланысты болады деген қорытынды шығарады.

Будда мен оның жолын қуушылар болған *буддистер* адамның өтірік сөйлемей, мал-дүние жинамауы, тірі ағзалардың қанын төкпеуі керек деп санайды. Сол себепті адам әрқандай тілек-қызығудан бас тартуы тиіс, өйткені кез келген тілек-қызығу азапқа-қиыншылыққа алып келеді.

Буддизмде ең әуелі құдай болмаған, себебі олар құдайлар адамның азап-қиыншылықтарын жеңілдете алмайды деп санаған. Бірақ көп өтпей Будданың өзі құдайға айналды. Бүгінгі таңда да буддизм ғибадатханаларында оның мүсіндерін көруге болады. Будда қолына су ақгүлін ұстап, терең ойға шомған күйі, қимылдамай, бет көрінісімен қабақтарын түсіріп, малдас құрып отырған қалыпта бейнеленген.

Өзіңді сынап көр!

**Чандрагупта – ...
Ашока – ...**

**Буддизм – ...
Будда – ...**

Есіңде сақта!

Будда дініне
Будданың
атын алған
ханзада
**Сиддхартха
Гаутама** негіз
салған.



Будда

Тірек конспект

Есінде сақта!

Буддизмде ең әуелі құдай болмаған. Себебі олар құдайлар адамның азап қиыншылықтарын жеңілдете алмайды деп санаған.

- б.з.б. VII–VI ғасырлар – Магадха, Кошала, Малла мемлекеттері
- б.з.б. 327 жыл – Македониялық Александрдың Үндістанды басып алуы
- Чандрагупта – Маурия мемлекетінің негізін қалаушысы, астанасы Паталипутра болған
- б.з.б. III ғасыр – Ашока үстемдігі – Үндістанның гүлдеп-жайнаған дәуірі
- жаңалықтар: цифрлар, «ноль» цифры, шахмат
- «Махабхарат», «Рамаяна» – халық дастандары
- буддизм – «құдайларсыз дін»

Сұрақтар мен тапсырмалар



Хуанхэ өзені

1. Б.з.б. VII–VI ғасырларда Үндістанда қайсы мемлекеттер пайда болды?
2. Ұлы жаулап алушылардың қайсы біріне Үндістан мемлекетін бағындыру бұйырмады? Неліктен?
3. Маурия мемлекетінің негізін салушысы кім?
4. Маурия мемлекеті қайсы патшаның дәуірінде жоғары деңгейде дамыды?
5. Үнділердің ең маңызды ойлап тапқыштарды және олардың жаңалықтары жайлы айтып бер.
6. Үнділер қайсы дінді «құдайларсыз дін» деп атаған?

17-§. Ежелгі Қытайдың өркениеттері

Қытайдағы өркениет ұшқындары Мысырдағы, Месопотамия мен Үндістандағы сияқты Қытайда да ежелгі өркениеттер Хуанхэ және Янцзы деген үлкен өзендер бойларында жүзеге келген. **Б.з.б. III мыңжылдықтарының соңында** ежелгі Қытай аумағында алғашқы мемлекеті Хуанхэ өзенінің орта сағасында пайда бола



Қытай мансапкері



Б.з.б. II мыңжылдық-



та Қытайдағы ірі мемлекеттердің аумағы

Б.з.б. II ғасыры со-



ңында халық көтерілістері болған жерлер


Ежелгі Қытай

бастады. Бұл мемлекетті Сия әулетінің билеушілері басқарған. Шань тайпасының бастығы Сия әулетінің патшасын тақтан аударып, мемлекетті өзіне бойсұндырған.

Осылайша мемлекеттің аты да оның басты қаласының аты сияқты «Шань» деп аталған. Шаньға көрші чжоу тайпасы

Есінде сақта!

Қытайда көне өркениеттер **Хуанхэ** мен **Янцзы** өзендері бойында пайда болған.



Салы алқабы



**Бай
шонжардың
тұрғын үйі**



**Чжоу
мемлекетінің
билеушісі**

бастырып кіреді, оның билеушісі Шань жерлерін өзіне қосып алады да «Чжоу» деген үлкен мемлекетті құрады. Мемлекет үлкен болғандықтан патшалар оны «Жеңімпаз» немесе «Аспан астындағы патшалық», ал өздерін «Аспан ұлдары» деп атайды. Бүкіл Солтүстік Қытай осы империяның құрамына кіреді.

**Қытай
халқының
кәсіптері**

Екіншілік Қытайда ежелден абыройлы және маңызды кәсіп саналған. Негізгі екіншілік егіндері қара бидай мен бидай болған. Кейінірек қытайлықтар салы өндіре бастады. Салы тұқымы Үндістаннан әкелінген.

Өзіңді сынап көр!

**Хуанхэ мен Янцзы – ...
Шань – ... Чжоу – ...**

Қытай халқы «шай» ағашын да өсіре бастады, оның жапырақтарынан шипалы сусын саналатын «шай» дайындалды. Шай тез арада бүкіл әлемге тарады.

Тұт ағашын өсіру Қытай халқының негізгі кәсіптерінің бірі болған. Тұт жапырағымен жібек құрты бағылады. Жібек құрттары піллеларға талшықтарын орайды, ал пілледан өте жеңіл әрі жұқа жібек дайындалады.

**«Қытай көп
патшалықтар»
дәуірінде**

Б.з.б. VIII–VII ғасырларда

Чжоу мемлекетінде орталық басқару әлсірей бастады. Кейбір облыстардың басшылары патша үкіметінен азат болуға ұмтылды. Қытайға көшпелі тайпалардың шабуыл жасай бастағанынан пайдаланған шеткі облыстардың халқы бөлініп шығып, өз мемлекетін құра бастады. Сөйтіп, за-

манымыздан бұрынғы VII–V ғасырлардағы дәуір тарихта «көп патшалықтар» дәуірі деп аталған. Сол кезде Қытайда «күресіп жатқан патшалықтар» дәуірі де басталады. «Жеңімпаз» империяның жоғары билік басшылары мен бөлініп шыққан мемлекеттердің патшалары ортасында басталған соғыстар екі жүз жылдан астам уақытқа созылды. Бұл дәуір *Синь мемлекетінің* патшасы өзінің барлық қарсыластарын жоқ қылып, бірыңғай мемлекет құруымен аяқталды.

Тірек конспект

- б.з.б. 3-мыңжылдықтың соңы – Қытайда өркениеттің пайда болуы
- б.з.б. 2-мыңжылдық – Шань, Чжоу мемлекеттері
- егіншілік – салы – шай – жібекшілік
- б.з.б. VII–V ғасырлар – «көп патшалықтар дәуірі»

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қайсы өзендердің аңғарында Қытайдың алғашқы өркениеттері пайда болды?
2. Қытайда тұңғыш мемлекет қашан пайда болды? Ол қалай аталған?
3. Қытайдың қайсы ежелгі мемлекеті «Аспан астындағы патшалық» деген атты алған?
4. Ежелгі Қытай халқының негізгі кәсіптерін санап бер.



Қағаз жасау.
Заманауи сурет




Синь Ши-хуанди – орталықтанған Қытай билеушісі

18-§. Біздің заманымыздан бұрынғы III – б.з II ғасырлардағы Қытай



**Әскерлердің
қыш мүсіндері.
Синь Шихуанди
кесенесі**



**Ұлы Қытай
қорғаны**

Есіңде сақта!

Синь Шихуанди Солтүстік Қытайды бойлай құрылған қорғаныс қабырғаны нығайта түсуді бұйырған.

Орталықтанған мемлекеттің құрылуы Б.з.б. 246 жылда Қытайды қоластына біріктірген билеуші, *Синь Шихуанди* деген ат қабылдаған. Бұл ат «*Синьнің бірінші патшасы*» деген мағынаны білдіреді. Өз мемлекетінің аумағын 36 облысқа бөлген патша әрқайсысына аймақ бастықтарын бастық етіп тағайындады.

Синь Шихуанди көзі тірісінде-ақ өзіне арнап кесене салуға жарлық берген еді. Сәулеттілігі мен ою-безектері тұрғысынан бұл кесене Египет пирамидаларымен бәсекелесе алады. Кесенені 720 адам 37 жыл бойы құрды. Кесене бір неше шаршы километр ауданды иелеген. Синь Шихуанди қабірінен «күзетіп» тұру үшін орнатылған 6 мың қыш әскерлердің мүсіндері табылған.

Ұлы Қытай қорғаны

Синь Шихуанди өз мемлекетін *көшпелі хунндардың* шабуылдарынан қорғану үшін Солтүстік Қытай бойлап құрылған қорғаныс қабырғасын тағыда нығайтуды бұйырған. Қорғанды құру жұмыстары алғаш **жыл есебінен бұрынғы IV ғасырда** басталған. Бұл қабырға тарихта Ұлы Қытай қорғаны деп аталған. Оның биіктігі 6–10 метр, қалыңдығы 5–8 метр, ал ұзындығы 4000 километрді құрайды. Ол ерте замандарда дұшпанның әскерлеріне мызғымас бөгет болып қызмет еткен: атты әскерлер одан асып өте алмайтын, ал қорғандарды шабуылмен басып алу көшпенділердің қолынан әлі келмейтін.

Патша мен мансапкерлер мыңдаған шаруаларды қорған тұрғызуға мәжбүр етті.

Қытайдағы халық көтерілістері Б.з.б. 206 жылы Синь әулетіне қарсы шаруалар көтерілісіне Луи Бан басшылық етті. Көтерілісшілер астананы басып алды. Солайша Синь патшалығы ыдырады да Хань әулеті үстемдігінде жаңа мемлекет орнатылды. Бұл әулеттің мемлекеті У-Ди үстемдігі дәуірінде ең құдіретті мемлекетке айналды.

Шығыстың басқа мемлекеттеріндегі сияқты Қытайда да барлық жерлер патшаникі саналатын, халық салықтар төлеп, түрлі еңбек міндеттемелерін орындайтын еді. Ауыр еңбекпен өндірілген өнім көбінесе диқанның өзіне бұйыра бермейтін.

Аяусыз езгі әрқашан халықтың наразылығын күшейтті. Мемлекеттің түрлі жерлерінде көтерілістер басталады. Солардың бірі жыл есебінің басында «**қызылқастылар көтерілісі**» деп аталды, себебі көтеріліске шыққандар өз адамдарын адастырмау үшін қастарын қызыл түске бояп алған еді.

«Сары орамалдылар» көтерілісі II ғасырдағы ең үлкен бүлік болған. Көтеріліс бүкіл мемлекетті қамтыды. Тек патшаның жақсы қаруланған және жақсы әскери білімі бар әскерлері ғана көтерілісті баса алды. Хунндардың шабуылының арта түсуінен мемлекет те әлсізденіп қалды. **Жыл есебінің III ғасырында** Хань мемлекеті үш патшалыққа бөлшектеніп кетті.



Хан әулетінің патшасы – У-Ди



Қытайдағы халық көтерілісті



Сейсмограф



Қытай шынысы



**Қытайда
ойлап табыл-
ған компас**



**Бамбук
тақтайшадағы
жазулар**

Ежелгі Қытай мәдениеті

Ежелгі Қытай өзіне тән жоғары мәдениетке ие болған. Жергілікті халықтың күнделікті тіршілігі егіншілік, қолөнершілік, құрылыс және басқа салалармен байланысты болып, ғылыми білімдерді дамытқан.

Солайша математика, астрономия және география ғылымдары дамыған. Сондай-ақ көне қытайлықтар сәулеткерлік пен мүсіншілік салаларында үлкен жетістіктерге жеткен. Ежелгі Қытайда барлық сөзді және сөз тіркестерін бейнелеген иероглиф жазуы болған. Қытайлықтар әуелі бамбук тақтайшаға жазған.

Бұдан 2,5 мың жыл бұрын жазу үшін бамбуктың орнына жібекті қолдануға өтті. Жібек маталарға қыл қаламмен жазылатын еді. Кітап енді ұзын жібек бөлігіне ұқсайтын, оны таяқшаға орайтын еді. **Жыл есебінен бұрынғы I ғасырда** қағаз ойлап табылды.

Өзіңді сынап көр!

**Синь Шихуанди – ... Иероглиф – ...
Ұлы Қытай қорғаны – ...**

Қытайлықтардың ең ғажап жаңалықтарының бірі *компас* болған. Ол магниттелген темірден жасалған ұзын тілді үлкен қасықты елестететін. Бұл аспапты торларға бөлінген жылтырақпен боялған ағашқа орнатқан, ал оның тілі үнемі оңтүстікті көрсеткен.

Қытайда жер сілкіністі алдын ала анықтап беретін *сейсмограф* та ойлап табылған.

Тірек конспект

- Синь Шихуанди – Синь мемлекетінің патшасы
- Ұлы Қытай қорғанының құрылысы халық көтерілістері:
 - з.б.206 жыл – Луи Бан
 - «қызылқастылар» көтерілісі
 - б.з. II ғасыр – «сары орамалдылар» көтерілісі
- Ашылған жаңалықтар: иероглифтер, қағаз, компас, сейсмограф

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қытайды бірыңғай мемлекетке біріктірген патшаның атын айт. Бұл оқиға қашан болған?
2. Патша Синь Шихуанди туралы айтып бер, оның жеке тұлғасына баға бер.
3. Ұлы Қытай қорғаны туралы не білесің? Қорған құрылысшысының атынан әңгіме құрастыр.
4. Қытайлықтардың ашқан жаңалықтарын санап бер. Қайсыларынан қазіргі күнде де пайдаланамыз?

19-§. Өзбекстан аумағындағы алғашқы мемлекеттер

Ежелгі халықтың этникалық құрамы мен аумақтық орналасуы Жазба деректерге қарағанда, біздің заманымыздан бұрынғы VII–VI ғасырларда Өзбекстан және көрші аумақтарда *соғдылар, бактриялықтар, хорезмдіктер ұлыстары және сақ пен массагет* тайпалары жасаған.

Зарафшан және Қашқадария аңғарында егіншілікпен шұғылданатын көптеген халық



Сүйекке жазылған қытай жазуы



Ежелгі Қытай тарихшысы Сим Цянь



Сақ әскері. Қалпына келтірілген.



**Орта Азия
ұлыстары.
Б.з.б VI ғасыр.
Қайта қалпына
келтірілген.**

Есінде сақта!

Соғды – За-
рафшан және
Қашқадария
алқабында,
Хорезм –
Әмударияның
төменгі бө-
лігінде,
Бақтрия –
Сұрхандария
алқабы, Ауға-
нстанның
солтүстік,
Тәжікстанның
оңүстік
аумақтарында
орналасқан.



Орта Азия және Ежелгі Шығыс

өмір сүрген. Грек жазба деректерінде бұл аумақ Согдияна деп аталған. Осы аумақта жасайтын халық согдылар деп аталған.

Әмударияның төменгі ағысында өмір сүрген отырықшы диқан ұлыстары *хорезмдіктер* болған. Олардың елі грек деректерінде *Хорезмия* делінген.

Соғдылардың ең жақын көршілері *бактриялықтар* болды, олардың жұрты Сұрхан аңғарына, Ауғанстанның солтүстігіне, Тәжікстанның оңтүстік аумақтарына жайғасқан. Грек – римдік авторлар оны **Бақтрия** немесе **Бақтрия** деп атаған.

Шөлдер және Әмудария (өзеннің көне аты Окс) бойларында көшпелі массагет тайпалары жасаған. Орта Азияның таулы, шөл мен шөлейт жерлерінде негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған *сақтар* тіршілік еткен. Ежелгі рим грек-тарихшыларының жазулары бойынша, сақтар үш топқа бөлінген. Олардың көпшілік бөлігі *сака-тигра-хауда*, яғни ұшы сүйір киіз қалпақ

киіп жүретін сақтар деп аталған. Олар қазіргі Ташкент облысы мен Оңтүстік Қазақстан жерлерін мекендеген.

Екінші тобы сака-тиай - тарадарайя, яғни өзеннің арғы бетінде жасайтын сақтар деп аталған. Олар Арал теңізі жағаларында Сырдарияның (бұл өзеннің көне аты Яксарт) төменгі ағымында жасаған.

Памирдің таулы аудандарында және Ферғанада сака-хаумоварка деп аталатын сақтар жасаған

Өзіңді сынап көр!

Сака

*тиграхауда – ...
тиай тарадарайя – ...
хаумоварка – ...*



Көшпенді



**Құмырашылық
шарығында
қыш ыдыс
жасау**



**Бақтриядағы
үйлердің
қалдықтары.**

*Б.з.б VI – V
ғасырлар*

Б.з.б. VII–VI ғасырлардағы шаруашылықтың дамуы Бұл дәуірде Хорезм, Соғды және Бақтрия халқының негізгі кәсібі жасанды суаруға негізделген егіншілік болатын. Қолөнершілік пен сауда едәуір дамыған. Мекендерден жоғары сапалы, құмырашылық ыдыстары, темір және қола бұйымдары табылған.

Көшпелі сақ және массагет тайпаларының негізгі кәсібі мал шаруашылығы еді, олар түйе, ат, қой және ешкілерді баққан.

Шаруагерлер аң терісінен аяқ киім, киімдер, шатырлар тігіп, бидайға және жеміске айырбастаған. Қолөнершілік пен сауданың дамуы нәтижесінде **заманымыздан бұрынғы VII–VI ғасырларда** көне қалалар өркендеген. Олар қолөнершілік өндіріс пен сауда орталықтары болатын.

Б.з.б. VII–VI ғасырларлағы көне қала мәдениеті Ежелгі дүниетанушылар *Афрасияб* (Самарқант), *Жерқорған* және *Ұзынқыр* (Қашқадария аңғары), *Көзеліқыр* (Хорезм), *Қызылтөбе* (Сұрхандария) сияқты көне қалаларды зерттеген. Өзбекстанның мұндай көне қалаларының көрінісі қандай болған?



**Ежелгі
Бақтриядағы
үй-бекінісі.
Сұрхандария
аңғары.
Б.з.б. VII– IV
ғасырлар**

Көне қалалар қорғаныс қабырғаларымен қоршалған. Қалада әкім жасайтын қорған болған. Қорғанда шикі қыштан құрылған үлкен сарай орналасқан. Қорғанның бұрыштық мұнаралары мен оқ атуға арналған арнаулы жасырын орындары болған. Қаланың ішкерісінде тұрғын үйлер мен қолөнершілік шеберханалары жайғасқан.

Қалалардың бір бөлігі сауда мен қолөнершілік орталықтары болса, ал басқалары бөлек аудандар мен облыстардың орталықтары саналған.

Көне мемлекеттер **Б.з.б. VII ғасырда** құрылған Ежелгі Бақтрия мемлекеті

Орта Азия аумағында көне мемлекеттердің бірі саналады. Марғияна мен Соғды Бақтрияның саяси және мәдени ықпалында болды.



**Қызылтөбенің
қыш
ыдыстары**

Сол дәуірде Сұрхандария, Қашқадария, Зарафшан аңғарларында көне қалалар дамыған. Қызылтөбе, Ұзынқыр, Жерқорған және Афрасияб орнында Бақтрия мен Соғдының орталық қалалары орналасқан.

Бұл көне қалалардың жасы 2700 жылдан кем емес.

Тағы бір көне мемлекет Хорезм аумағында құрылған. Бұл мемлекет Хорезмнен тыс жатқан жерлерді де біріктірген. Көне

Хорезм аңғары орталықтарының бірі Көзеліқыр бекінісі еді.

Ол қалың әрі берік қорғаныс қабырғаларымен қоршалған. Алқаптың диқан халқы мал шаруашылығымен де айналысқан. Көне Хорезмде қолөнершілік, сәулеткерлік және сауда жоғары деңгейде өркендеді.

Жергілікті құмырашылық, қару жасау, зергерлік бұйымдарының даңқы өзге жұрттарға да жетті. Хорезмдіктер шебер құрылысшы әрі қолөнерші болған.

Тірек конспект

- б.з.б. VII–VI ғасырлар – соғдылар, бактриялықтар, хорезмдіктер, сақтар, массагеттер
- Соғдияна
- Хорезмия
- Бактрияна (Бактрия)
- Әмудария – массагеттер Сырдария – сақтар
- б.з.б. VII ғасыр Көне Бактрия мемлекеті Қызылтөбе, Жарқорған, Ұзынқыр, Афрасияб
- Хорезм – Көзеліқыр

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Б.з.б. VII–VI ғасырларда Орта Азия аумағында қандай тайпа мен ұлыстар жасаған?
2. Б.з.б. VII–VI ғасырларда Өзбекстан аумағында дамыған қолөнершіліктің түрлерін санап бер.
3. Орта Азияның ежелгі мемлекеттері қайсылар?

Есінде сақта!

Афрасияб – қазіргі Самарқанттың шығыс шекарасы аумақтарында біздің заманымыздан бұрынғы VIII–VII ғасырларда негізі қаланған көне қаланың қалдықтары.



Көне қала қалдықтары

20-§. Зардуштилік

Зардушти- ліктің пайда болу тарихы



Зардушт.
Заманалық
сурет

Есіңде сақта!

Зардушт –
зардуштилік
дінінің негізін
салушы.

Б.з.б. I мыңжылдықта Орта Азияда зардуштилік деп аталған дін кең таралады. Бұл дін адамдар табиғатқа сыйынатын кездерде дами бастаған еді. Зардуштилер отқа, топыраққа, суға және айға, жұлдыздарға сыйынған, оларды қасиетті деп санаған.

«Зардуштилік» сөзі де *Зардушт* (басқа тілдерде Заратуштра, Зороастр) есімінен туған. Ол б.з.б. 1-мыңжылдықтың бірінші жартысында жасаған тарихи тұлға.

Грецияда кейінірек Зардушт есімі «Зороастр» деп айтылды (грекше «астрон» – «жұлдыз»), себебі Грецияда оны бірінші кезекте данышпан, жұлдыз жорамалшысы ретінде білген.

Зардуштиліктің пайда болуы туралы мынадай бір аңыз бар. *Бір күні таңертең Зардушт су алуға өзен бойына барыпты. Тынық суда ол Ахурамазда елшілерінің бірінің бейнесін көреді, бейне нұрмен қай тұсқа баруға жол көрсетіпті.*

Зардушт сиқырлы нұрдың артынан жүреді, көп өтпей құдай Ахурамазда алдына барып қалады. Ал ол Зардушти құдай Ахурамазда мен оның ізгі істері туралы білімдерді тарату үшін таңдап алынғанын білдіріпті.

Сөйтіп Зардушт 30 жасында жаңа діни ілім пайғамбарына айналған. Ал «Пайғамбар» деген сөздің өзі «ізгі істер туралы хабар беруші» деген мағынаны білдіреді.

Зардушти- ліктің таралуы

Зардуштилік тарала бастаған кездерде ғибадатханалар мен адамдар дұға мәтіндерін үйренуі үшін арнайы кітаптар да болмаған. Діни дәстүрлер ашық аспан астында, оттың алдында немесе үйдегі ошақ отының басында өткізілген.

Басында түрлі тайпаларды басқыншыларға қарсы күреске біріктіру үшін де Зардушт өз үндеулерінде бірлікке шақырған.

Зардуштиң соңғы уағыздары дін қызметкерлері болған абыздардан жазып алынған. Зардушт абыздар діни мәтіндерді жаттап алып, діндарларға оқып берген.

Зардушт қаза тапқан соң, бірнеше ғасыр өткен соң барлық діни рәсімдер, құрандар мен дұғалар зардуштилер үшін қасиетті болған бір кітапқа жинақталды. Бұл кітаптың аты «Авесто», ол «тиянақты белгіленген заң ережелер» деген мағынаны білдіреді.

«Авестоның» алғашқы бөлігі **з.б. IX–VII ғасырларда пайда болған**. Зардушт уағыздары мәтіндерінің бәрі **б.з.б. III ғасырда** 21 кітапқа жинақталған, бұл кітаптар «Авесто»ның негізін құрайды. «Авесто» мәтіндеріне шолу «Занд» деп айтылады.

Ғалымдардың ізденуі арқасында қазіргі күнде біз зардуштилердің қасиетті кітабы «Авесто» мәтіндерімен танысу мүмкіндігіне ие болдық. Француз ғалымы *А. Дюперрон* алғаш рет «Авестоның» арнайы бөлімдерін аударған.



Ахурамазда

Есіңде сақта!

Астролог – (жұлдыздар болжаушысы) жұлдыздардың орналасуына қарай келешекті болжаумен шұғылданатын адам.



Зардуштилер сыйынатын күннің шығуы



**Зардуштилік
абызы**

Есінде сақта!

«Авестоның»
алғашқы бө-
лігі **б.з.б.**

**IX–VIII ғасыр-
ларда** пайда
болған. Зар-
душт уағыз-
дары мәтін-
дерінің бар-
лығы замана-
мыздан бұ-
рынғы III
ғасырда 21
кітапқа жинақ-
талған, бұл
кітаптар
«Авестоның»
негізін құ-
раған.

**Зардуштилік
құдайлары,
ілімі және
рәсімдері** Зардуштиліктің ең қадірлен-
ген құдайлары *Ахурамазда*,
Митра және *Анахита* бо-
лып табылады. Ахурамазда

зардуштиліктің ұлы әрі данышпан, жоғары
құдайы саналады. Митра – Күн мен сәуле
құдайы.

Отты найзағайдың көмегімен ол жауыз-
дық пен өлім құдайы *Ахриманмен* соғыса-
ды. Анахита зардуштилікте өнімділік және
су әйел құдайы саналған. Зардуштилік
дінінің ілімі адамзаттың Ізгілік пен Жауыз-
дық туралы көзқарастардың жетілуіне
ерекше ықпалын тигізді.

Зардуштилер өмірінің түпкі мағынасы
ізгі пікір, ізгі сөз және игі істен тұруы
қажет. Адам баласының басты парызы ең
алдымен әділетті тұрмыс салты саналған.

Зардуштилердің нанымы бойынша, өтірік
сөйлемей, алдамау және уәдеде тұру, тек игі
істерді істеу керек еді.

Зардуштилерде қаза тапқан адамдарды
жерлеуде арнайы рәсім жүзеге келген.
Адам өлгенінде марқұмның денесін көмуге
де, өртеп жіберуге де, суға тастап жіберуге
де тыйым салынған.

Сол себепті де мәйітті құстар мен аңдар
жеп кетуі үшін мүрдені тасты және құмды
төбеліктерде қалдырған. Жаңбырларда
жуылған және күн қақтаған сүйектерді
арнайы қыш табыттарда – ассуарилерде
(сүйексауыттарда) жерлеген.



**Ахурамазда құдайының сарай
қабырғасындағы суреті. Персепол**

Тірек конспект

- Зардуштилік
(б.з.б. I мың- жылдық)
- Зардушт — жаңа діннің негізін салушы
 - Зороастр — «астролог»
 - «Авесто»
 - тайпалардың бірігуі қажеттілігі
 - отқа табыну
 - Ахурамазда, Митра, Анахита, Ахриман
 - Занд — «Авесто»ға шолу
 - Ізгілік пен Жауыздықтың күресі
 - жерлеу рәсімдері ассуарилер

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Зардуштиліктің алғашқы уағыздаушысы кім?
2. Орта Азия аумағында зардуштилік тараған дәуірді айт.
3. Ойлап көр, неліктен ізгілікке ұмтылу және жасампаздық әрқашан қадірленген?
4. Зардуштиліктің қандай рәсімдерін білесің?
5. Зардуштилердің қасиетті кітабы «Авестоның» маңызы неде?



Ассуари

Есіңде сақта!


Зардуштилер өмірінің түпкі мағынасы — ізгі пікір, ізгі сөз және ізгі істен құралуы керек. Адамның басты парызы ең алдымен әділетті тұрмыс салты болып саналған.



III БӨЛІМ

ЕЖЕЛГІ ГРЕЦИЯ

21-§. Антикалық тарихтың басталуы



**Ежелгі Греция-
ның жартасты
жағалаулары**

Аумақ және кәсіптер

Балкан түбегі мен Жерорта теңізі аралдарындағы көне грек мемлекеттерінің жалпы аты Ертедегі Греция деп аталған. Солтүстік жағынан тыс, Ертедегі Грецияны Жерорта теңізінің сулары қоршап тұрады.

Греция аумағының үштен бір бөлігін таулар алып жатады. Грецияның ең биік тауы *Олимп* болып табылады. Бұл тау мемлекеттің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.

Өнімді жерлер тек алқаптарда болған. Ормандар аз. Таулар шөп-өлендермен және бұта ағаштармен қапталған. Грецияның солтүстігінде және *Пелопоннесе* гректер



Ежелгі Греция

үшін аса қадірлі болған қылқан жапырақты ормандар өскен. Гректер өткен замандардан егіншілік және мал шаруашылығымен айналысқан.

**Өркениеттің
жүзеге келуі**

**Біздің заманымызға дейін-
гі 2-мыңжылдықта**

Оңтүстік Греция мен Крит аралында алғашқы қала-мемлекеттер пайда бола бастады, (*Кносс, Микена*). Крит аралындағы өркениет аңыздық патша Миностың атымен *Миной өркениеті* деп аталған. Бұл өркениет күшті жер сілкінісі мен су тасқынына себеп болған жанартаудың атылуы салдарынан қираған. Көп өтпей қайта қалпына келтірілген.

Жер алабындағы Ертедегі Греция аумағынан басқыншы тайпалар бастырып кіреді, оларды ахейлер деп атаған. Сол ахейлер Миной өркениетінің жойылуын соңына жеткізді. *Дарилердің* Оңтүстік Грецияға бастырып кіруі, Микен мемлекетін ыдыратып, Спарта мемлекетіне негіз салды.

**Гректердің
теңіз
саяхаттары**

Эгей теңізіндегі көптеген үлкен-кіші аралдар, қолайлы теңіз айлақтары мен шығанақтары гректердің ара-


сында теңізшіліктің дами түсуіне мүмкіндік ашып берді. Бірақ гректерде үлкен кемелер болмаған, ал ескекті шағын қайықтарда жағадан жыраққа жүзіп бару анағұрлым қауіпті еді. Гректер адасып қалудан қауіптеніп, көзге түсетін қысқа қашықтықтарға – аралдан аралға немесе жағалау маңында жүзген. Ал тәжірибелі теңізшілер желкендерден пайдаланып алыс саяхаттарға – Египетке және Жерорта мен Қара теңіз жағалауларындағы қалаларға жүзіп барған.



Гректер теңізде.
Заманауи сурет



**Минай
өркениеті
ғимаратта-
рының
қалдықтары**



Грек гоплиті



Афина портында

Есінде сақта!

Афина мен Спарта мемлекеттері Ертедегі Грецияның ең ірі қала-мемлекеттері болды.

Гректер адамдар жасайтын аумақтарды *Ойкумена* деп атаған.

Тірек конспект

- Балкан түбегі, Пелопоннес түбегі
- б.з.б. 2-мыңжылдықта — Микен, Крит мемлекеттері
- б.з.б. 1200 жыл – дарилер Микения мемлекетін қирауға ұшыратты

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Ертедегі Греция мен Крит аралдарының аумақтарын көрсет. Мемлекеттің географиялық орнын сипатта.
2. Ертедегі Грецияда алғашқы өркениет қай жерде пайда болды? Ол неліктен күйреуге ұшырады?
3. Гректердің теңіз саяхаттары туралы айтып бер.

22-§. Ертедегі Грецияның өркендеуі

Грек қалалары Грецияда егіншілік пен қол-өнершіліктің дамуымен қалалардың саны да арта түсті.


Греция қалаларының көпшілігі бірнеше мекенжайлардың бірігу жолымен дүниеге әкелді. *Мұндай қалалар грекше «полис»* яғни «қала» деп аталған. Олар қала-мемлекеттер болған. Барлық қала-мемлекеттер өздерінің жасақтарын құрған. Полистер бір-бірімен жиі-жиі соғысып тұрған. Сондықтан әскерлерге жақсы тәлім-тәрбие беруге және жақсы қаруландыруға тырысатын. Әскерлердің негізі ауыр қаруланған әскерлерден — *гоплиттерден* құралған. Олар төртбұрыш форма-

сын жасайтын бір-біріне тығыз орналасқан қатарлармен соғысқан. Ал мұндай жауынгер түзіліс *фаланга* деп аталған.

Өзіңді сынап көр!

Қала-мемлекеттер – ... Гоплиттер – ...

Полистер – ... Фаланга — ...




Грек жаяу әскерлерінің тығыз сап түзеуі (фаланга)

Афина мемлекеті Орта Грецияның оңтүстік-шығыс бөлігінде таулы *Аттика* облысы орналасқан түбек болған. **Б.з.б. 2-мыңжылдықта** Аттиканың батыс бөлігінде гректер «*Акрополь*», яғни «*Жоғары қала*» деп аталған қорған құрады. Акропольдің төңірегіне бірте-бірте адамдар көшіп келіп, қоныстана бастады. Афина қаласы осылай пайда болды.

Аттика халқы үш үлкен топқа бөлінген, атап айтқанда, *азаматтар*, *шетелдіктер* – *метектер* және *құлдар*. Ата-анасы еркін афиналық болған еркектер ғана Афина азаматы бола алған. Афина мемлекетінің азаматы болу абырой еді.

Тек азаматтар ғана барлық құқтардан пайдалана алатын. Олар ауыр еңбек пен денсаулыққа зиян келтіретін жұмыстардан азат етілген еді.

Афина мемлекетіне күміс кендерінің өнімдері мен тұз қазып алу үлкен табыс келтірген. Бұдан тыс, Афина теңіз одағының нығаюымен теңіз саудасы да дамиды. Афинаның негізгі портына айналған *Пирей* портынан мемлекетке құлдар мен әр түрлі тауарлар әкелінетін.



Афина азаматтары

Есінде сақта!

Аттика халқы үш үлкен топқа бөлінген еді, атап айтқанда, **азаматтар, метектер мен құлдар**

Афинадағы білім беру

Есінде сақта!

Грек мүсіншілері мүсіндер арқылы әрбір өспірімнің дене бітімі мықты, өз отанын қорғауға дайын болуы қажеттігін бейнелеген.



**Диск
лақтырушы.**
Мүсінші Мирон

Афинада мемлекет мектептері болмаған. Ата-аналар перзенттерін педагогқа (грекше «педагог» сөзі «баланы жолда қадағалаушы» деген мағынаны білдіреді) ақы төлеп оқытқан. Заң бойынша тек ұл балалар білім алуға мәжбүри болған.

Жеті жастан бастап балаларға жазу мен есеп үйретілген. *Стильмен* балауыз жағылған тақтайшаларға әріптерді металл таяқшамен жазған. Азаматтардың көпшілігінің білім алуы осымен шектелетін. Ал ақшалы ата-аналардың перзенттері *палестра* – жеке гимнастика мектептерінде оқуын жалғастыратын. Палестрада әдебиет оқытылып, өлең жазу және музыка үйретілетін. Ұл балалар 14 жастан гимнастикамен шұғылданатын. Сондай-ақ оларға күрес, найза және диск лақтыру, ұзындық пен биіктікке секіру және жүгіру де үйретілген. Өспірімдерге сонымен қатар, қол соғысы, әскери жұмыстар мен атта жүруді үйреткен.

Палестраларда атақты мүсіншілер жасаған мүсіндер тұрған. Мысалы, палестралардың бірінде Миронның «Дискобол» (Диск лақтырушы) деген мүсіні орнатылған. Мүсін арқылы жігіттің қандай болуы – күшті, дене бітімі жетілген және өз отанын қорғауға дайын тұруы қажеттігі ұқтырылған.

Афинада жоғары білім беретін оқу орындары да болған. Бірақ оларда тек өте бай ата-аналардың перзенттері ғана оқыған. Мұндай оқу орындарында астрономия, геометрия, география, тарих оқытылатын.

Білім алу мерзімі 3–4 жылға созылған. Содан кейін ғана мемлекет істерінде белгілі бір лауазымды иелену мүмкіндігі туған.

Өзіңді сынап көр!

Педагог — ... Палестра — ...
Стиль — ... Мирон — ...


Б.3.6. XII ғасырда Оңтүстік Греция (Лаконика) аумағына *дарилер* тайпасы бастырып кірді. Олар Спарта қала мемлекетіне негіз салды. Спарта ең ірі грек мемлекеттерінің біріне айналды. Спарталықтар құлға айналдырған жергілікті халық – *илоттар* да негізінде гректер еді, олармен бір тілде сөйлескен.

Илоттар спарталықтарға қатты өшіккен еді. Мұндайда өз билігін тек күшпен сақтау мүмкін еді. Сондықтан спарталықтар өз мемлекетінде арнайы жағдайлар жасады, атап айтқанда, барша мойынсұнуы тиіс болған қатаң тәртіп пен жеңілгендерге қарсы аяусыз болу.

Спарта соғысқа дайындалып жатқан бір қалаға ұқсап қалған. Шетелдіктер Спартаға кіргізілмеген. Сауда баяу дамыған, өнер туындылары, көрікті ғибадатханалар да болмаған. Барлық үйлер бір-біріне ұқсатып құрылған.

Илоттар шағын қыстақтарда жасаған. Олар бүкіл мемлекеттің мүлкі саналған. Илоттар жеке спарталықтар отбасының жерлерін өңдеп, малдарын бағып, басқа міндеттерді орындаған. Ал спарталықтар тек жауынгер болған. Олар егіншілікпен де, мал шаруашылығымен де айналыспаған.

Илоттардан тыс, Спартада толық құқықтарға ие болмаған азаматтар, жеке азат адамдар – *периектер* де жасаған.



**Спарта
азаматтары
(спарталықтар)**




**Спарталықтар
соғыста**



**Спарталық
жауынгер**


Ежелгі Спартада күшті әрі төзімді жауынгерлер қадірленген. Балалар едәуір қатаң жағдайда өсіп ұлғайған. Спарта мектептерінде балаларды әскери жұмыстарға үйретіп, болашақ жауынгерлер және Спартаның шын берілген қорғаушылары етіп тәрбиелейтін. Спарталық өспірімдер ата-аналарынан бөлек жасаған. Жиырма жасқа толған жігіттер жауынгерлік жасатарға қабылданып, әскерлікте қартайғанша қызмет еткен



Периек құмырашылар жұмыс үстінде

Тірек конспект

- мекеннің қала-мемлекеттерге (полис) айналуы
- гоплит → фаланга
- Акрополь — «жоғары қала»
- азаматтар → метектер → құлдар
- педагог — «баланы жолда қадағалап барушы»
- стиль → металл таяқша → палестра
- Мирон — «Диск лақтырушы»
- б.з.б XII ғасыр — дарилер Спартаға негіз салды
- периектер → илоттар



Илоттар өнім жиымында

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Грек қалалары қалай пайда болды?
2. Полис деген не? Полистің өзіне тәндігі неде?
3. Аттика халқы қандай топтарға бөлінген?
4. «Өткен заманда, мен палестра — гимнастика мектебінде білім алғанымда...». Өңімені жалғастыр.
5. Спарта мектебінде балаларға нелерді үйреткен?

23-§. Грек отарлары

Жаңа аумақтарды меңгеру себептері

Ертедегі Грецияда шонжарлардан қарыз болып қалған, өзінің жері мен мүлкі болмаған көптеген адамдар отанын тастап кетуге, жат жерлерде бағын сынап көруге мәжбүр болған.

Жерсіз, шарасыз гректер сапарға аттануға әзірлене бастады. Жолға шығудан алдын олар құдайларға құрбандық шалған. Өздерімен бірге лай жағылған қамыстан тоқылған себеттерде отты да алған. От сол кезде олар өмірбақилыққа тастап кетіп жатқан отанның бір бөлшегі де еді.

Грек отарларының пайда болуы

Грециядан көшіп кеткендер Сицилия аралы жағалауына және Апеннин түбегінің оңтүстігіне қоныстанды.

Олардың мекенжайлары Жерорта және Қара теңіз бойларында да жүзеге келді.



Грек теңгелері



Гректердің
Қара теңіз
жағалаула-
рына
қоныстануы



Грек отарлары



Херсонес қаласындағы ғибадатхана бағандары

Есінде сақта!

Б.з.б. VIII–VI ғасырларда көптеген грек отарлары пайда болды.



Пантикапейдегі халық жиыны

Грек отарлары барған сайын қала мемлекеттерге айнала түсті. Бұл қалалардың өз әкімдері, жасақтары, заңдары және теңгелері болған. Оларда сауда мен қолөнершілік дамыды.

Отарлардың халқы Греция қалалары — полистерімен әрқашан байланыста болған.

Гректер өздерін бірегей халық — *эллиндер* деп санайтын, ал өз отанын *Эллада* деп атаған. Гректер өздерін «варварларға» қарсы қойған. Олар меңгерген жерлердің айналасында жасайтын грек болмаған халықтарды «варварлар» деп атаған.

Б.з.б. VIII — VI ғасырларда көптеген грек отарлары пайда болды. Бұл дәуір тарихта *Ұлы грек отарлауы* деп аталған. Қара теңіз жағалауларында *Олвия*, *Херсонес*, *Пантикапей* және басқа ірі отарлар пайда болды.

Жаңа мемлекеттермен танысу грек мәдениетін байытты. Мысалы, б.з.б. VIII ғасырда Грецияда Финикия әліппесіне негізделген жаңа жазу дүниеге келді. Әліппе 24 әріптен құралған. Олардың ішінде дауысты әріптер жасалды. Отарлар мен грек қалалары арасындағы өнім айырбастау сауда мен қолөнершіліктің дамуына негіз салды. Отарлардан *Элладаға* бидай, металдар және құлдар әкелінетін.

Тірек конспект

- б.з.б VIII—VII ғасырлар — грек отарларының құрылуы
- б.з.б VIII—VI ғасырлар — Олвия, Херсонес, Пантикапей отарлары

→ Эллада – эллиндер – «варварлар»
б.з.б VIII ғасыр – 24 әріптен құралған
әліппе

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Грек отарлары қашан құрылған?
2. Қай қалалар Қара теңіздің жағаларында жүзеге келді?
3. Гректер өздерін және өз отандарын қалай атаған?
4. Грециядан көшіп келген адамның атынан әңгіме құрастыр. Неліктен Грецияны тастап кетуге мәжбүр болдың? Жаңа жұрттарда нелерді көрдің?



**Афина.
Акрополь**

24-§. Афинадағы демократия

Демократияның қалыптасуы Афина қаласында орталық алаң болған, оның айналасын әр түрлі ғимараттар қоршап тұрған. Ал алаң *агора* деп аталған. Ол халық жиналатын алаң болған. Қала халқының көпшілігі қолөнершілер мен саудагерлер болған.

Афина қаласында барлық еркек азаматтар мемлекетті қалай басқару керектігі туралы өздерінің ой-пікірлерін айта алатын еді. Олар жүзеге келген ділгірліктер мен жаңа заңдарды талқылау үшін әр айда төрт рет агораға жиналатын.

Барлық шешімдер дауыс беру жолымен қабылданған. Басқарудың бұл түрі *демократия* деп аталады, яғни бұл атау «халық әкімшілігі» деген мағынаны білдіреді («*demos*» — халық + «*kratos*» — әкімшілік).



**Тілмәрдің
Афина
азаматтары
алдындағы
сөзі**



Драконт заңы бойынша өлтіру жазасы

Есіңде сақта!

Афина халқы ақсүйектер мен демос атты екі бөлікке бөлінді.



Қарыз болған гректердің Солон қайта құруларынан кейін құлдықтан оралулары

Драконт заңдары Афинаны басқаруда Ақсақалдар кеңесі маңызды мәнге ие болған. Сол кеңес әкімдер мен қазыларды сайлаған. Олар кеңес мүшелері сынды тек Афина ақсүйектерінен ғана құралған еді. Афинада халықтың бір бөлігі шонжарлардан (ақсүйектерден) құралған, басқа бір бөлігі қарапайым халық – «демос» олардың пайдасы үшін жұмыс істеуге мәжбүр еді. Сондықтан Афина мемлекетінің халқы арасында келіспеушілік пен қарама-қайшылықтар жүзеге келген.

Әділет орнауын қалаған екі жақ *Драконт* есімді патшаға жүгінеді. Олар Драконтттан құқықтар мен міндеттер саласында баршаны теңестіретін заңдар жазуды өтінеді.

Б.з.б. 621 жылы Драконт халық басқаруын жоққа шығаратын заңдар жазады және қолдануға енгізеді. Бұл заңдардың қатаңдығы мен аяусыздығы соншалық, афиналықтар оларды «сия қалып, қанмен жазылған» деп сипаттаған. Заңдарды болмашы дәрежеде бұзғаны үшін де Драконт бір ғана жаза – өлім жазасын белгілеген.

Бастапқыда афиналықтар осы заңдарға мойынсұнған, соңынан наразы бола бастаған да Драконтты қаладан қуып жіберген.

Солон қайта құрулары

Афина мемлекетінде халық ақсүйектердің үстемдігінен наразы еді. Халықтың жағдайы барған сайын нашарлай берді, сонда адамдар өздерінің ақы құқытары үшін күресуге бел байлады. Олар ақсүйектердің үй-қорғандарына шабуыл жасай бастады. Өз жері мен жанынан қауіптенген ақсүйектер оларды қолдауға және халық талаптарының бір бөлігін орындауға мәжбүр болды.

Солон деген өте білімді және тәжірибелі ақсүйек, әсіресе, халықты қолдаудың шын жақтаушысы болған.

Шонжарлар Солонға сенді және оны Афина патшасы етіп сайлады. **Б.з.б. 594 жылы** Солон мемлекетті басқарудың бұрынғы жүйесін өзгертті. Бұрынғы басқару жүйесі – *аристократияны* (ақсүйектер үкіметін) Солон *демократияға* (халық үкіметіне) алмастырды. Мемлекетті басқаруға тек еркек азаматтар қатыса алатын болды. Әйелдер мен шетелдіктер (оларды *метектер* деп атаған) қабылданып жатқан заңдарды талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайтын.

Солонның ұсынысы бойынша, диқандардың қарыздары мен қарыздарларды құл ету жоққа шығарылды. Мемлекет басқаруындағы қайта құрулардың мақсаты Халық жиналысы қызметінің қайта қалыптасуы және шығу тегіне қарамай, афиналықтар үшін мемлекеттік лауазымдарды иелену көзделген болатын.


Өзіңді сынап көр!

Аристократия – ...
Метектер – ... Қайта құрулар – ...

Афинада демократияның дамуы Еркек жынысына жататын барлық азаматтар 20 жас-тан бастап **Халық жиналысына** қатысатын. Халық жиналысының үлкен бөлігі бай болмаған қолөнершілерден, саудагерлерден және диқандардан құралған еді. Халық жиналысында көпшілік үшін пайдалы қаулылар қабылданатын.

Есіңде сақта!

Б.з.б. 594 жылы Солон мемлекетті басқарудың бұрынғы ақсүйектер жүйесін демократияға алмастырды.



Солон – Афина билеушісі

Халық жиналысы



Стратег




Бесжүздер кеңесі



Халық соты



**Бесжүздер
кеңесінің
жиналысы**



**Халық
жиналысы**

Кезектегі жиналыс болатын күн алдын ала хабарланатын. Жиналыс таңертең ерте уақытқа тағайындалатын, себебі еңбек ететін адамдар күндіз жиналысқа келе алмайтын.

Афинада мансапты тұлғаларды Халық жиналысы белгілі бір мерзімге сайлайтын, олар жиналысқа есеп берген. Егер де мансапты адам өз міндеттемелерін орындай алмаса, Халық жиналысы бұл адамды мерзімінен бұрын лауазымынан босатқан.

Халық жиналысы жаңа заңдарды бекітетін, басқа қаулылар, мысалы, жаңа ғимараттар құрылысына, армияға және басқаларға қаржы бөлу туралы шешім қабылдайтын.

Әр жылы сайланатын *Бесжүздер* кеңесі күнделікті орындалатын мәселелерді шешетін. Бесжүздер кеңесіне стратег басшылық етті. Кеңестің қаулылары Халық жиналысында бекітілген.

Халық соты да Афинада маңызды мемлекеттік мекеме болған.

30 жасқа толған азаматтар оның қызметіне қатысатын. Сотта айыпталушы тұлға өзін-өзі қорғай алуы немесе сөзге шешен және заңдарды білетін адамды жалдауы керек болған.

Перикл ғасыры **Б.з.б. 443–429 жылдарда** 15 рет стратег лауазымына сайланған *Перикл* үстемдігі кезінде Афина ең құдіретті мемлекетке айналды және мемлекетте демократия өркендеді. Сондықтан да бұл дәуір «Перикл ғасыры» деп аталған. Ғажайып грек жазушылары, ғалымдары мен суретшілері Периклдің достары болған. Перикл

тарихшы Геродотпен, мүсінші Фи-
димен дос тұтынған еді. Перикл Халық
жиналысындағы лауазымдарға жалақы
төлеуді енгізді. Перикл үстемдігі дәуірінде
Афинада үлкен құрылыс жұмыстары іске
асырылды. Ол Акропольда құрылған әй-
гілі ғимарат *Парфенон*-Афина құдайы ғи-
бадатханасының бастаушысы болған.

Периклдің қызметі дәулетті қалалық-
тарға ұнамайтын, ол шонжарлардың қар-
сылығын қайтарып тұрған. Перикл қаза
тапқан соң ол енгізген көптеген жаңалықтар
жоққа шығарылды.

Өзіңді сынап көр!


***Бесжүздер кеңесі — ... Перикл — ...
Стратег — ... Парфенон — ...***

Тірек конспект


- agora – халық жиналыстары үшін алаң
- демократия – халық әкімшілігі
- ақсүйектер – демос
- б.з.б. 621 жыл – Драконт заңдары
- б.з.б. 594 жыл — Солон қайта құрулары
- б.з.б. 443–429 жылдар – Перикл 15 рет
- стратег лауазымына қайта сайланған

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Афина мемлекетін көрсет және сипаттап бер.
2. Демократия деген не? Афинада демо-
кратия қандай формада көрініс тапты.
3. Солон қайта құрулары өткізілген соң
халықтың тұрмысында қандай өзгерістер
болды?
4. Солон қайта құрулары бойынша Афина
мемлекеттік басқаруының негізгі мекеме-
лерін санап бер.



**Перикл –
Афина стратегі**



**Афиналық-
тардың демеу-
шісі – Афина
құдайы**

25-§. Грек-парсы соғыстары

Грек-парсы соғыстарының себептері Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдың басында Грецияға парсылар қауіп төндіре бастады. Дари I үстемдік еткен Парсы мемлекеті жаңа-жаңа мемлекеттерді басып алуға тырысқан.



Греция жағалауларындағы парсы кемелері

Грецияның барлық қалаларында парсы елшілері пайда болып, олар: *«Біздің патшамыз, ұлы жаһаншах Дари, күн шығардан күн батарға дейін барлық мемлекеттердің бір ғана иесі сізден жер мен су талап етіп жатыр»*, деп жар салатын еді.

Грециядағы кейбір қалалардың халқы парсыларға қарсылық көрсетудің ешбір шарасы жоқ деп санап, патша Дари I дің шарттарын қабылдауға разы еді.

Афина мен Спарта басқыншыларға бағынбауға шешім етті. Парсы елшілері Афинаға келгенде, қала халқы ызамен оларды өлтіріп, жардан тастап жіберді. Ал елшілерді терең құдыққа тастап жіберген спарталықтар зәрлі мысқылмен: *«Суды да, жерді де құдықтың түбінен жеткілікті аласыңдар!»* деген екен.



Парсы жауынгерлері

Парсы патшасы Кіші Азиядағы грек қалаларын басып алып, Грецияны жаулап алу мақсатында үлкен әзірлік жасай бастады.

Марафон соғысы Біздің заманымыздан бұрынғы 490 жылы парсы әскери флоты Эгей теңізін жарып өтті де, Аттика жағалауына зәкір тастады. *Марафон жазығында* найза, қанжар және садақ-жебелермен қаруланған парсының атты әскерлері мен жаяу жауынгерлері кемеден түседі.



Грек-парсы соғыстары

Гректер парсылардан аз еді, сондықтан олар парсы атты әскерлеріне қолайсыз жартасты биіктіктерге орналасады.


Грек жасақтары парсылардың Аттика ішкерісіне баратын жолдарын бөгеп қойды. Бірақ олар ашық соғысуға шошитын еді.

Бір апта өтті. Қолбасшы *Милтиад* басшылығында жауынгер фаланга тәртібінде сап түзеген гректер Марафон жазықтығында парсы әскерлеріне қарсы шабуыл бастады. Қатты соғыста грек жасақтары парсыларды қашуға мәжбүр етті. Парсылар кемелеріне қарай шегінді. Гректер парсылардың жеті кемесін қолға алған, өзге кемелер қашып қалған.

Марафон соғысындағы жеңісті Афинаға жеткізуге бір жауынгер қалаға жүгірді. Тап 42 километр жолды шауып өткен жауынгер «Жеңіс! Жеңіс!», деп жүрегі жарылып, жан тапсырған. Кейінірек ұзақ қашықтыққа жүгіру *Марафон жүгіруі* деп аталған.



Парсы әскерлері.
Тегіс жазыққа түсірілген бедерлі мүсіндер



Марафон жазығындағы соғыстың сызбасы

Есінде сақта!

Парсылар мен гректердің Марафон шайқасы **б.з.б. 490 жылы** болып, гректердің жеңісімен аяқталған.



**Фермопиль
сайы**

Есінде сақта!

Фермопиль
шайқасы
б.з.б. 480
жылы болды.



**Фермопиль
шайқасы**

Фермопиль шайқасы Жаңа ұрысқа дайындық кезінде Дари I қаза тапты. Грецияға қарсы оның баласы Ксеркс аттанды.

Б.з.б. 480 жылы Ксеркс жасағы солтүстік Грецияны басып алды.

Таулардағы *Фермопиль сайы* Грецияның солтүстігінен оңтүстігіне алып баратын жалғыз жол еді. Гректер сол жерге торуыл қоюды ұйғарды. Гректер жасағына Спарта патшасы *Леонид* басшылық жасаған. Ол парсылардың шабуылын қайтарып тұрған. Бірақ бір сатқын парсыларға таулар арқылы өткен басқа жолды көрсетіп берген.

Бұдан хабардар болып қалған Леонид 300 спарталықтан басқа барлық грек жауынгерлеріне шегінуді бұйырған. Спарталықтардың барлығы соғыс майданында қаһармандықпен қаза тапты. Бұл оқиға «*Үш жүз спарталықтар ерлігі*», деп тарихта әйгілі болып қалған. Фермопиль соғысынан кейін Ксеркс әскерлері Орта Грецияға жетіп барып, Афинаны жаулап алған.

Саламин шайқасы Гректер мен парсылар арасындағы шешуші теңіз шайқасы **б.з.б. 480 жылы** тар *Саламин* бұғазында болды. Гректерде 200 әскери кеме – *трийералар* бар еді. Бұл кемелер су асты жартастары арасынан және таяз жерлерден оңай өтетін, сол дәуір үшін үлкен жылдамдықта – сағатына 18 километр жылдамдықпен жүзе алған.

Грек қала-мемлекеттері біріккен флоты парсылардың әскери флотынан күшті еді. Жеңілген соң Ксеркс флот қалдықтарымен Грециядан шығып кетуге мәжбүр болды.

Б.з.б. 479 жылы парсылар Афинаны басып алуға тағы талаптанып көрді. Бірақ гректердің біріккен жасағы *Платея* қаласы маңында парсы әскерлерін талқандады.

Бұл грек-парсы соғыстарындағы ірі шайқас болған. Грек-парсы соғыстары гректердің толық жеңісімен **б.з.б. 479 жылдағы** бітісу шарты нәтижесінде аяқталады.

Өзіңді сынап көр!

Б.з.б. 490 жылы — ...

Б.з.б. 480 жылы — ...

Б.з.б. 479 жылы — ...

Тірек конспект


- б.з.б. 490 жыл — Марафон шайқасы
- б.з.б. 480 жыл — Фермопиль шайқасы — үш жүз спарталық ерлігі
- б.з.б. 480 жыл — Саламин шайқасы
- б.з.б. 479 жыл — Платея шайқасы — гректер жеңісі

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Грецияға Парсылардың бастырып кіру себептерін айтып бер.
2. Картадан парсылардың Грецияға жасаған жорықтарының негізгі бағыттарын көрсет.
3. Марафон шайқасы қатысушысының (парсылар немесе гректер армиясының жауынгері) атынан әңгіме құрастыр.
4. Саламин шайқасы барысы және аяқталуы туралы айтып бер.
5. Саламин аралында Парсы мемлекеті флоты жеңілісінің басты себептерін айт.

Есіңде сақта!


Саламин
бұғазындағы
шайқас **б.з.б.**
480 жылы
болды.



Саламин
шайқасындағы
гректердің
кемесі

26-§. Македонияның Грецияны басып алуы

Грецияның құлау себептері Греция қалалары бір-бірімен соғысып жатқанда Македония патшасы *Филипп II*



Филипп II

Грецияны басып алуды мақсат етті. Оның жасақтары атты және жаяу әскерлерден құралған еді. Жаяу әскерлер 16 қатардан тұратын *фалангада* сап түзейтін. Фаланганың алтыншы қатарындағы найза бірінші қатардағы жауынгерді қорғайтын еді. Соғыс кезінде бүкіл фаланга сауыт қапталған темір жануарға ұқсап қалатын. Фаланганың қанаттарын атты әскерлер қорғайтын еді.

Филипп II Грецияға қарсы әскери жорық жасауға қатты дайындық жасады. Әйгілі тілмәр *Демосфен* Эллада қалаларын аралап, олардың халықтарын біріктіруге және македондарға қарсы күресуге шақырады. Фива мен кейбір басқа қалалардың халқы Филипп II-нің әскерлеріне қарсы Афина одағына қосылады.

Есіңде сақта!

Македония Грецияны біздің заманымыздан бұрынғы 338 жылы Херонея маңындағы соғыстан соң басып алды.


Херон босағасындағы шайқас Б.з.б. 338 жылы гректер мен македондардың негізгі күштері Беотиядағы Херония қаласының маңында қақтығысады. Екпінді соғыс көпке созылды. Әскери қулық қолданған гректер басымдықты қолға енгізеді. Македондар шегіне бастайды. Жеңіп жатқанына сене бастаған гректер оларды қуа түседі.

Гректердің жасақтары сол кезде екіге бөлінеді. Сол бөліктердің біріне Филипп II-нің ұлы *Александр* қолбасшылық жасап жатқан атты әскерлер қатаң соққы береді. Грек әскерлері шегіне бастайды да тас-талқан

етіледі. Соғыста көп грек әскерлері опат болады. Херонея босағасындағы шайқастағы жеңілістің салдарынан Греция Македонияға бағынышты болып қалды.


Греция «Гректердің азаттығы Херонея маңындағы шайқас-
Македонияның құрамында та қаза тапқандардың денелерімен қоса жерленген еді», деген еді Демосфен. Сол жеңілістен кейін Греция халқы өз тағдырын қорқынышпен күтіп тұрған болатын. Бірақ Филипп II өзін гректердің патшасы деп жарияламайды. Филипп II гректермен бірігіп, парсыларға қарсы одақ түзеді.

Б.з.б. 337 жылы Спартадан тыс барлық грек қала-мемлекеттердің уәкілдері Коринфке жиналды және Македония үкіметі астында парсыларға қарсы жорық жасау мақсатында грек қалаларының одағын түзді. Олар келісушілікпен тыныш-тату өмір сүру, өзара соғыстар жүргізбеу және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау туралы бір келісімге келді. Бірақ Филипп II парсыларға қарсы жорықты жүзеге асыра алмай қаза тапты. Оның ұлы Македондық Александр патша болды.



Демосфен жас кезінен шешен болуды армандады. Ол өте баяу, тұтығып сөйлейтін.

Дауысы қатты шығуға жаттығу үшін теңіз жағасына барып, оның шуылынан да қаттырақ айқайлауға әрекеттенер еді.



**Филипп II-нің
жаяу
әскерлерінің
фалангасы**

Есінде сақта!

Македония
Грецияны
б.з.б 338 жы-
лы Херония
маңындағы
соғыстан соң
басып алды.

Тірек конспект



**Білім беру
барысы**



**Гераклдың
арыстанмен
күресуі**

- Македония патшасы Филипп II
- б.з.б. 338 жылы — Херонея шайқасы
- б.з.б. 337 жылы — Коринф одағының жүзеге келуі
- барлық келіспеушілік пен наразылықтарды грек қала-мемлекеттері кеңесінің шешуі

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сеніңше, гректер неліктен өз мемлекетінің тәуелсіздігін сақтап қала алмады?
2. Демосфеннің Эллада халқы алдындағы қызметтері қандай?
3. Картадан Филипп II жорықтарының бағыттарын көрсет.
4. Македондар жасақтары гректердікінен несімен өзгешеленген?
5. Грецияның басып алынуы қашан және қай соғыста болды?
6. Филипп II Грецияны басып алған соң, грек қалаларын басқаруда қандай өзгерістер болды?

27-§. Азамат тәрбиесі

Азамат тәрбиесі

Гректер мектептерінде белсенді азаматтарды, мемлекет қорғаушыларын тәрбиелеуі тиіс болды. Спортты дамыту мен Олимпиада ойындарына жалпы қызығу да соған бағытталған. Ұл балаларға балалығынан-ақ поэзия мен музыкаға деген сүйіспеншілік сезімі сіңдіріледі.

Арыстанды жеңген *Гераклдың* мүсініне назар аударамыз. Ежелгі грек мүсіншісі

Гераклды алып ретінде суреттеген. Ал артқы аяқтарында тұрған айбатты арыстан Гераклдың желкесінен де келмейді.


Бірақ Геракл неге киімсіз бейнеленген? Бұл көне грек өнерінің өзіне тән жақтарының бірі болып табылады. Мүсіншінің ойында Гераклдың күш-құдіретін көрсету маңызды болған. Егер мүсінші батырды киімде бейнелегенде, оның арыстанды жеңген бұлшық еттері мен шеңгелдерінің құдіретін, жатыққан денесінің сұлулығын сезінбеген болар едік.

Жалпы білім алудан тыс, жігіттер екі жылдық әскери білім де алған. Бірінші жылы олар үйлерінде жасап, сапта жүруді, қару асып жүруді, аштық пен суыққа төзімді болуды үйренетін. Ал екінші жылы кейбіреулері Аттика шекара бекіністерінде әскери қызметті өтесе, басқалары Пирей портында теңізшілік өнері негіздерін үйренетін.

Мемлекетті қорғау қажеттілігі туған сәтте 30 жасқа толмаған еркектердің бәрі қару-жарағымен және әскери киім-кешегімен байқауға келуі шарт еді. Содан соң өз құдайлары, өзінің ғазиз үйі және мемлекеті үшін соғысқа кіріскен. Отанға деген махаббат әрбір азаматтың шын берілгендігі, ерлігі болып есептелген.

Олимпиада ойындары

Спорт барлық гректер үшін сүйікті кәсіп болған еді. **Б.з.б. 776 жылы** алғаш рет өткізілген Олимпиада ойындары саналуан спорт жарыстарының арасында ең негізгісі болып саналған. Сол жылдан бастап әр төрт жылда бір рет Олимп тауында қасиетті



**Гераклдың
тоғыз басты
аждаһармен
шайқасы**



**Олимпия ойын
алаңына кіру**



**Геракл Фракия
патшасы
Диамедтің
жабайы
аттарын
бойсұндырып
жатыр**



**Олимпиада
ойындарын-
дағы жүгіру
жарысы.**

*Ыдысқа сы-
зылған сурет*

Есінде сақта!

Алғашқы
Олимпиада
ойындары
**б.з.б. 776
жылдан б.з.
394 жылға
дейін** өткізіл-
ген. **1896**

жылы Олим-
пиада ойын-
дары қайта
қалпына кел-
тіріліп, қазіргі
күнге дейін
жалғасып
келе жатыр.

от Күннің сәулесінен жандырылатын, Ерте-дегі Грецияның төрт жағынан келген спортшылар бес күресте белдесетін еді.

Ал бес күрес ұзындыққа секіруден, диск лақтырудан, найза лақтырудан, жүгіру және күресуден тұратын. Ал ат бәйгесі алаңында арбаларда және аттарда бәйге ұйымдастырылатын еді. Адамдар мен спортшылар Олимпиадаға аман-есен жетіп келулері үшін ойындар өткізіліп жатқан кезде соғыстар тоқтатылған.

Грециядағы Олимпиада ойындары Олимп құдайы Зевстің құрметіне арналып өткізілген. Аңыздар бойынша Олимпиада ойындарының негізін салушы Геракл болып саналған. Олимпиада ойындарында тек қылмыс жасамаған, атына дақ түсірмеген азат грек қатысуы мүмкін болған.

Жарыстарда үш рет жеңіске жеткен спортшы Олимп тауында өз ескерткішін орнатуға құқылы болған. Гректер жыл есебін де Олимпиада ойындарына қарап жүргізген. Жеңімпаздар қасиетті зәйтүн ағашының бұтақтарынан тоқылған гүлшеңберлермен марапатталған.

Христиан діні таралуының нәтижесінде құдай Зевстің құрметіне арналған Олимпия ойындарына тыйым салынды. **Б.з.б. 394 жылы** болған жер сілкіністің салдарынан Олимпия ойын алаңы қирап, ежелгі Олимпиада ойындарын өткізу тоқтап қалды.

Ақыры, **1896 жылда** Олимпиада ойындары қайта қалпына келтірілді. Олимпиада ойындары ашылатын күні ежелгі алау жағу әдеті осы күнге дейін сақталып қалған. Күн сәулесінен жандырылған алау Олимпиада жарыстары өткізілетін жерге әкелінеді.

Тірек конспект

→ Олимпиада ойындары	б.з.б. 776 жылы – бірінші рет
	394 жылы – соңғы рет
	1896 жылы – қайта қалыптастырылған

Сұрақтар мен тапсырмалар


1. Ертедегі Греция оқытушыларының алдына қандай мақсат қойылған? Грек мектептері қазіргі мектептерден несімен өзгешеленеді?
2. Олимпиада қатысушысының атынан әңгіме құрастыр. Сен ол жерде нелерді көргеніңді айтып бер.

28-§. Ертедегі Греция мәдениеті

Гомердің «Илиада» және «Одиссея» дастандары Гректер Кіші Азияда орналасқан *Трояға* мол олжаны көздеп соғыс бастады. Бірақ грек аңыздары басқа себепті баян етеді.

Ең сұлу әйел Спарта патшасының жұбайы Сақыпжамал Елена еді. Троя патшасы Парис Спарта патшалығына келіп, Сақыпжамал Еленаны Трояға ұрлап кетеді. Бұдан хабардар болған Спарта патшасы Паристен өш алуға ант етіп, және барлық гректерді Троямен соғысуға шақырады. Гректер тоғыз жыл Трояны текке қоршауда ұстайды.

Көне грек ақыны Гомер «Илиада» және «Одиссея» поэмаларын жазады. «Илиада» сол соғыстың соңғы оныншы жылы жөнінде әңгімелейді. *Одиссейдің кеңесімен гректер айлаға көшеді: іші боп-бос үлкен ағаш ат жасайды. Міне, сол ағаш аттың ішіне грек әскерлерінің бір бөлігі жасырынған,*



Боксшы мүсіні.
Олимпиада ойындары жеңімпазы



Гомер – Ертедегі грек ақыны



Троя аты

ал басқа бір бөлігі жақын аралдардың біріне орналасып алған еді. Троялықтар «гректер қоршауға алуды тоқтатты және Троя демеушісі Афина Палладаға қош келуі үшін бізге ат тарту етіпті», деген шешімге келіп, ағаш атты қалаға алып кіреді.

Түнде аттың ішінен шыққан жауынгерлер қақпаларды ашады да Троя басып алынады. Қазіргі тілдерде «Троя аты» деген сөз қасиетсіз сыйлық-сәлемдеме деген мағынаны білдіреді.


«Илиада» дастанының бас кейіпкері – Ахиллес. Ұлының мәңгі жасауын қалаған ана нәрестесін Стикс өзеніне батырып алады. Сол кезде Ахиллестің анасы ұстаған табанына су тимей қалады. Шайқастардың бірінде Ахиллес табанына тиген оқтан қаза табады. Содан бері «Ахиллес табаны» деген сөз нәзік жерді білдіреді.



«Ахиллес табаны»

Троя соғысы аяқталды. Гректер Трояны талан-тараж етті және мол олжалармен үйге қайтпақшы болды. Олар Эгей теңізі арқылы алыс, қауіпті жолдардан өтулері керек еді.

XIX ғасырдың соңында неміс ғалымы Генрих Шлиманн Гомердің әңгімелерін зерттеп, Троя орналасқан жерді анықтады. Ғалым Түркиядағы Хисорлик төбелігінің қираған орындарының аумағында қазба жұмыстарын бастап жіберді және шынында Трояның қалдықтарын тапты.



Троя соғысы

Өзіңді сынап көр!

**Троя – ... Гомер – ... Шлиманн – ...
«Ахиллес табаны» деген сөз ...**

Грециядағы театр Бұдан екі жарым мың жыл бұрын Грецияда театр дүниеге келді. «Театр» сөзін грекшеден аударғанда «*тамашалар орны*», «*тамашахана*» деген мағыналарды білдіреді. Тамашалар тек мейрамдарда ұйымдас-тырылды. Таңертеңнен басталған та-машалар күн бойына жалғасатын. Көрер-мендерге бірнеше пьесалар көрсетілетін еді.

Театрға кіру үшін оншалықты қымбат емес тамаша ақысы жиналған. Кедей аза-маттарға театрға бару үшін ақша берілетін еді. Сахнада барлық рөлдерді тек еркектер орындаған, көрсетуге қатысушылар кө-ңілді, қайғылы және жауыз көрінісіндегі әр түрлі бетперделерден (маскалардан) пайдаланған. Театрларда өзара күрес көр-сетілген, әдетте қатысқан адамдардың өлімімен аяқталатын пьесалар *трагедия* деп аталған.

«Шәһ Әдип» және «Антигона» сияқты ең әйгілі трагедияларды Софокл жазған. Ғажайып әзіл-кекесіндер, көңілді сахна-лар, нәзік юморға бай *комедиялар* адамның кемшіліктерін күлкі етеді. *Аристофан* атақты комедиялардың шебері еді.

Өзіңді сынап көр!

**«Театр» грек тілінен
аударылғанда ...
Трагедия – ... Комедия – ...**

**Мүсіншілік
және
сәулеткерлік**

Гректер тек патшалар мен шонжарларға ғана арнап сарайлар, сонымен бірге

Есінде сақта!


Атақты тра-гедияларды
Софокл
жазған. Ал
Аристофан
комедиялар-дың шебері
болды.



Грек театры



**Театр
маскалары**




Софокл



**Зевс пен
Аполлон**



**Парфенон
Афина**



**Аристофан –
комедиялар
авторы**

барлық адамдар пайдаланатын қоғамдық ғимараттар да құрған. Мүсіндер және басқа мүсіншілік туындылары тек сарай мырзаларының ғана үйін безендіріп қалмай, сондай-ақ қаланың алаңдарын, ғибадатханаларды, баршаға ашық саябақтар мен стадиондарды да безендіріп тұратын.

Ғибадатханалар мен басқа қоғамдық ғимараттар тастан, ал жеке меншік үйлер қыштан, лайдан (пахсадан) құрылған.

Грек мүсіншілері өз құдайларының және атақты ғалымдарының, Олимпиада ойындары жеңімпаздарының немесе соғыста жеңіске жеткен қаһармандардың құрметіне ескерткіштер орнатқан.

Ең ұлы грек мүсіншілерінің бірі Фиди еді. Ол Афинада *Парфенонның* құрылуы және *Акропольдің* қайта құрылуына басшылық еткен. Оның атақты шығармаларының бірі, Жер жүзіндегі жеті ғажаптың бірі саналған Олимпиадалық *Зевстің* ескерткіші болып табылатын. Сәулеткер әрі мүсінші *Дедал* Минос деген патшаға арнап әйгілі *Лабиринт сарайын* салды.

Акрополь орталығында орнатылған Парфенон Грециядағы ең бағалы мәрмәр тастардан құрылған. Жарықтың түсуіне қарап ол өз реңін алтын түстен көгілдір немесе күлреңге дейін өзгертіп, құбылып тұрған.

Өзіңді сынап көр!

***Парфенон – ... Фидий – ...
Дедал – ...***

Тірек конспект

- Гомер
 - «Илиада» — Троя соғысы туралы
 - «Одиссея» — Одиссейдің бастан кешкен оқиғалары туралы
- Генрих Шлиманн — Троя қаласының орналасу орны
- театр
 - трагедиялар → Софокл
 - комедиялар → Аристофан
- Фиди → Парфенон → Зевс

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қайсы дастанда Гомер Троя аты туралы аңызды суреттейді? Сеніңше, сондай оқиға шынында да болуы мүмкін бе?
2. Ертедегі Грецияда театр қандай көріністе болған?
3. Грек сәулеткерлігінің өзіне тәндігі туралы айтып бер.
4. Қайсы грек мүсіншілері мен олардың туындыларын білесің?

29-§. Ертедегі Грецияның ғалымдары мен ойшылдары

Ғылым Ежелгі Грецияда философтарды данышпандар, өмір тәрбиешілері ретінде таныған.

Грек философтары Ғаламның түзілісі мен адам өмірінің мазмұнын түсіндіруге әрекет еткен. Олар өсімдіктерді, аңдарды, адам денесін, Күн мен жұлдыздарды зерттеуге әрекет еткен.


Атақты грек философы *Гераклит* Жер бетіндегі барлық нәрсе оттан пайда болған деп түсіндірген. «*Бір өзенге екінші рет*




Диоген




Диоген бір бөшкенің ішінде жасады. Заманауи сурет



**Философ
Гераклит**



**Арасту
(Аристотель)**



Геродот

түсу мүмкін емес», «Барлық нәрсе ағады, барлық нәрсе өзгергіш» деген әйгілі хикметтер айтқан.

Фракиялық *Демокрит* деген философ Гераклиттің пікіріне қарсылық білдіріп, ол бізді қоршап тұрған барлық нәрсе көзге көрінбес ұсақ-ұсақ бөлшектерден – атомдардан құралған деген пікірді баяндаған.

Грек философы *Диоген* «Адамда ешқандай мұқтаждықтар болмауы шарт» деген пікірді өз іліміне негіз етіп алған. Өмірдегі қолайлықтардан бас тартқан Диоген бір бөшкеде күн кешкен. Македониялық Александр одан: «Саған қандай жәрдем берсем болады?» деп сұрағанда, Диоген: «Әрі тұрсайшы, күнді жауып қойдың!» деп кінә артқан екен.

Б.з.б. V ғасырда жасаған *Геродот* «Тарих» деп аталған кітап жазған. Ертеде Геродотқа «*тарихтың атасы*» деген ат берілген.

Ежелгі грек ғалымы *Аристотель* жиналған білімдерді жеке салаларға бөлді және оларды дербес ғылымдар ретінде тұжырымдап берді. Аристотельді Шығыста «*Арасту*» деп атау кейіншелік әдетке айналған.

Барлық замандарда ғалымдар ғылыми мәселенің шешімін тапқан грек физигі әрі математигі *Архимедтің* «Эврика!» («Таптым, таптым!») деген айқайын қайталайды.

Архимедтің сәулені айна арқылы жинап, Сиракузаға шабуыл жасап келе жатқан римдіктердің кемелерін жандырып жібергені туралы әңгіме бар. Архимед рычаг заңын ойлап тапты және әйгілі болып кет-

кен бір сөзді айтты: *«Маған тірек нүктесін тауып бер, Жерді өз білігінен шығарып жіберемін!»*

Римдіктер оның туған қаласы Сиракузаны басып алғанда Архимед, математикаға тиісті бір мәселені шешуге бас қатырып, құмға сызбалар сызған күйі отырған. Римдік бір әскер оған найза шаншып жатқанда *«Менің сызбаларыма қол тигізбе!»* деуге ғана үлгерген.

Өзіңді сынап көр!

Гераклит былай дейді ...	Философия – ...
Демокрит былай дейді ...	Геродот – ...
Диоген – ...	Архимед – ...

**Афиналық
данышпандар**

Афиналық атақты философ **Сократ** (Шығыста кейінірек *«Сукрот»* түрінде айтылған) өзінің дана сөздерінің арқасында қаланың ең ақылды адамы деп жарияланған еді. Бұған жауап ретінде Сократ былай депті: *«Менің данышпандығым, ештеңе білмейтінімді білуімде».*


Сократ өз пікірлерін ауызша баян еткен. Оның идеялары **Платон** деген басқа бір грек философы арқылы бізге дейін жетіп келген. Платонды енділікте *«Афлатун»* ретінде де білеміз.

Сократ азаматтардың құлықтық-рухани тәрбиесіне үлкен мән берген. Дельфия ғибадатханасындағы көне жазу оның сүйікті хикметі екен: *«Өзіңді-өзің түсін және біл!»*

Сократ әсіресе ашкөздік пен дүние-қорлық сияқты кемшіліктерді қатты сынаған. Базар аралап серуендеп жүргенде былай деген екен: *«Бұларсыз да күн көруге*



**Архимед және
римдік әскер**



**Философ
Аплатон**



**Архимед
римдіктердің
кемелерін
өртеп жіберуі**


болатын осынша нәрселердің бары да қандай жақсы!».

Сократ Афинадағы кейбір тәртіптерді тайсалмай сынағаны үшін өлімге үкім етілген. Ғалымның басқа бір мемлекетке қашып кету мүмкіндігі болса да, одан бас тартқан. Сократ тарихта адамгершілік, сабыр-шыдамдылық және ерлік үлгісі болып қалған.




Қолжазбаны оқып жатқан ғалымның суреті

Тірек конспект



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Грек ғалымдарының ашқан жаңалықтары мен жетістіктері туралы айтып бер.
2. Архимедтің «Маған тірек нүктесін тауып бер. Жерді өз білігінен шығарып жіберемін!» деген сөзінің мағынасын түсіндіріп бер.
3. Сеніңше, Сократтың «Өзіңді-өзің түсін және біл!» деген хикметі нені меңзейді?
4. Сократ туралы не білесің? Сократтың идеяларын мақұлдайсың ба?



Сократ

30-§. Ертедегі Грецияның аңыздары

Аңыздар: Грек аңыздары – құдайлар мен батырлар туралы хикаялар. Олардың қаһарман-
шындық пен жалған

дары болған түрлі *титандар* (құдайлардан туылған алыптар), жауыз мақлұқтар, *сиреналар* (жартылай құс, жартылай әйелдер), *кентаврлар* (жартылай аттар, жартылай адамдар), *циклоптар* – маңдайында жалғыз домалақ көзі бар аңыздық құбыжықтар болып табылады.

Аңыздар (грек тілінде «миф») мемлекет тарихындағы көне дәуір туралы көп нәрселерді білуге мүмкіндік береді. Олар ғаламның жаратылысы, Жер бетіндегі тіршілік, және адамның пайда болуы, батырлардың ерлігі және теңіз саяхаттары туралы әңгімелейді.

Өзіңді сынап көр!

Титандар – ...

Сиреналар – ...

Кентаврлар – ...

Циклоптар – ...


Грек аңыздары сан-алуан әрі қызық. Әлемнің және құдайлардың жаратылуы жайлы аңыз да қызық. Ең әуелі (Жер мен Аспан) – *Гяя* мен *Уран* жаратылған. Олар Әлемді басқаратын титандарды дүниеге әкелген. *Олимп* тауында жасайтын құдайлар оларды тақтан аудармағанша үстемдік еткен.

Аңыздар бойынша, бұрын Жер барлық жағынан теңіздермен қоршалған болған. Бастапқыда олардың патшасы *Мұхит* деген титан болған. *Атлас* деген титан, үлкен аспан күмбезін желкесіне сүйеп тұрған.


Гректердің аңыздары *Геракл*, *Ахиллес* және басқа батыр қаһармандардың ерлігі туралы әңгімелейді. Он екі ерлігінің арқасында *Геракл* *Олимп* тауындағы құдайлар салтанатында құрметті орын алған екен.



**Сиреналар
бейнесі**



**Кентавр мен
жауынгер**



Циклоп



**Гепест –
теміршілік
және қолөнер
құдайы**



**Артемида –
аңшылық
құдайы**



**Арес – соғыс
құдайы**

Ертедегі Гректердің құдайлары

Ертедегі гректер де олардың өмірі мен қоршаған ортаның көзге көрінбейтін жұмбақ күштерге бағынышты екендігіне сенген. Сол көзге көрінбейтін күштерді гректер құдайлар деп атаған. Құдайлар олардың Жер бетіндегі және марқұмдардың салтанатындағы өміріне үстемдік ететін. Ежелгі гректердің үш құдайы Өлемге үстемдік ететін: *Зевс* аспанда, *Посейдон* теңізде, *Аид* марқұмдар салтанатында жоғары құдай деп саналған. Ал басқа құдайлар егіншілік пен қолөнердің, өнер мен поэзияның, махаббат пен сұлулықтың демеушілері және басқа болып есептелген. Соғыс пен жеңістің, әділеттің, ұйқы мен таңғы шапақ құдайлары, сондайақ, екінші дәрежелі *сатир*лер мен *нимф*алар деген құдайлар да болған. Олар ормандарда, өзендер мен тауларда жасайды деп ойлаған.


Ежелгі гректердің құдайлары

Зевс	жоғары құдай және басқа барлық құдайлардың басшысы
Посейдон	Зевстің інісі, теңіз билеушісі.
Аид	Зевстің інісі, марқұмдар салтанатының құдайы.
Афина	Зевстің қызы, жауынгер әйел, данышпандықтың әйел құдайы
Аполлон	Зевстің ұлы, жарық, музыка мен поэзия құдайы
Гелиос	Күн құдайы
Деметра	егіншілік пен өнімділік құдайы
Гея	Жер құдайы
Фемида	әділет құдайы

Гефест	теміршілер мен қолөнершілер құдайы
--------	------------------------------------

Көне гректер құдайлары мен әйел құдайлары да адамдарға біршама ұқсайды. Гректер Олимп тауы құдайларын сипаттағанда, оларды қызғаншақ және мейрімсіз, күнді той-думанмен және босқа ермек етумен өткізеді, бір-бірімен келісе алмайды деп есептеген. Құдайлар қатал әрі кекшіл. Гректердің құдайлары ерік-қалауына қарсы шыққандарды аяусыз жазалайды. Сол себепті де гректер өздері жаратқан құдайлардан қорқатын, олардың құрметіне көптеген ғибадатханалар орнатып, құрбандықтар шалған.

Тірек конспект




Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ертедегі Грецияның тарихын үйренуде аңыздардың қандай маңызы бар?
2. Гректер құдайлар туралы аңыздарда Ертедегі Греция қолжазбаларында табиғаттың түрлі құбылыстарын қай тұрғыда түсіндірген?
3. Сеніңше, неліктен гректер құдайларды қызғаншақ және мейрімсіз, күнін той-думан және босқа ермек етумен өткізеді, бір-бірімен келісе алмайды, деп есептеген?



**Деметра —
егіншілік және
өнімділік
құдайы**



**Аид – марқұм-
дар салтана-
тының құдайы**



**Дионис –
жүзімшілік
құдайы**



IV БӨЛІМ

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДАН БҰРЫНҒЫ VI – БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ III ҒАСЫРЛАРЫНДАҒЫ ОРТА АЗИЯ



Томарис – массагеттер ханшайымы.
Заманауи сурет

Есінде сақта!

Көптеген мемлекеттерді басып алған Ахаманилер әулетінің уәкілі Кир II – б.з.б. 530 жылдағы массагеттермен болған шайқаста қаза тапқан.

31-§. Орта Азияда Ахаманилер үстемдігі

Кир II және оның басқыншылық жорықтары Кир II Орта Азия аумағын басып алуға талаптанған алғашқы парсы патшасы болды. Ол Парфияны, Марғияна мен Бақтрияны басып алды. **Б.з.б. 530 жылы** Кир II қалың қолмен массагеттерге қарсы шабуыл жасады.

Бұл жорықтар туралы «тарих атасы» Геродот әңгімелеп берген. Парсылар массагеттердің аумағына бастырып кіргенде олардың ханшайымы *Томарис* басқыншыларға тыныш-аман кері қайтып кетуді ұсынды. Бірақ парсы патшасы бұл ұсыныстан бас тартты да Әмудариядан кешіп өтуге бұйрық берді.

Геродот массагеттердің негізгі күштері мен парсылардың соғысы туралы былайша әңгімелейді: *«Бұл соғыс... барлық соғыстардан үрейлірек еді. Ең әуелі әр екі жақ дұшпан күштері бір-біріне қарсы жауынгерлік сап түзеп, садақтан оқ жаудырды. Оқтары таусылған соң, қолдарына қанжарлар мен найзаларды алып дұшпанға қарсы атылды. Шайқас ұзаққа созылды. Ешкім шегінуді ойламайтын. Көп қан төгілді. Ақыры, массагеттердің қолы басым келді. Парсы жасақтарының көпшілігі қырылды. Соғыс алаңында Кир II-нің өзі де қаза тапты».*



Орта Азия Ахаманилер мемлекетінің құрамында

Дари I-дің сақтарға қарсы жорығы

Дари I үстемдігінің алғашқы жылы Марғиянада парсы басқыншыларына қарсы ірі халық көтерілісі болды. Көтеріліске Фрада басшылық етті. Көтерілісшілер мен парсы жасақтары арасындағы шешуші шайқас **б.з.б. 522 жылы** болды. Фраданың өзі тұтқынға алынады да өлтіріледі. Бұл оқиға туралы мәлімет Бехистун жартас жазуларында аталған.

Дари I үстемдігінің үшінші жылында сақтарға шабуылға шығады. Осы жорық жөнінде Бехистун жазуларында былай делінген: *«Патша Дари айтады: кейін жасақпен сақтар мемлекетіне шабуыл жасадым. Кейін ұшы сүйір дулыға киіп жүретін сақтар соғысқа шықты. Мен өзеннен өткен соң, сақтарды түпкілікті талқандадым, қалған бөлігін тұтқынға алдым... Олардың Скунха деген қолбасшысын қолға түсіріп, құзырыма әкелді. Сонда мен оларға басқа бір қолбасшы тағайындадым. Мен солай болуды қаладым. Содан соң бұл мемлекет маған бағынды».*



Парсы патшасы



Шырақ



**Шырақ
парсыларға
жол бастап
барады**



**Орта Азиялық
әскердің
қоладан
жасалған
дулығасы**

Сондай-ақ бұл жорық туралы тарихшы **Полиэн (б.з.б. II ғасыр)** келтірген басқа бір аңыз да бар. *Сақтардың аңызына сүйеніп, онда әңгімеленуі бойынша, парсылардың қасына сақ тайпасынан Шырақ деген шопан келеді, ол парсы жасақтарын өзінен басқа ешкім білмейтін соқпақ жолмен сақтардың арт жағына бастап баратынын айтады. Сусыз шөл даланы бойлап, жеті күн жол жүрген соң, сусыздықтан, дозақтың азабын шегіп келе жатқан парсылар өздерінің алданғандарын сезіп қалады. Парсылар ержүрек шопанды өлтіреді, Дари І-дің сақтарға қарсы жорығы сәтсіз аяқталады.*

Өзіңді сынап көр!

**Дари І – ... Фрада – ...
Шырақ – ...**

**Ахамани-
лердің үстем-
дігі дәуірінде
мемлекетті
басқару**

Ахаманилер басып алынған мемлекеттерді бағындырып тұру үшін бүкіл бір мемлекетті бөлек бір облысқа – *сатраптарға* бөліп тастады. Бұл сөз парсыша «хшатра» – «облыс» дегенді білдіреді. Облыс бастығы – *сатрапқа* шексіз билік берілген. Сатраптардың көпшілігі Ахаманилер әулеті өкілдері еді.

Орта Азияның парсылар басып алған облыстары үш сатраптыққа бөлінеді. Әрбір сатраптық жылдық салық төлеген. Бұдан тыс, бағынышты халықтар сарай мен ғибадатханалардың құрылысына жұмылдырылған. Салықты күміспен, малдармен (аттар, түйелер, қойлар), қолөнер бұйым-

дарымен (қыш ыдыстар, қару-жарақ, әшекейлер), киім-кешек және аң терісімен төлеген.

Дари І және оның мұрагері Ксеркстің үстемдігінде басып алынған облыстардағы Орта Азия халықтары грек-парсы соғыстарында да қатысты. Әйгілі Марафон шайқасында (б.з.б. 490 жылы) парсы әскерлерінің орталығында болған сақтар сәтті шайқасты.

Геродот Ксеркс басқыншылығы кезінде гректерге шабуыл жасаған Орта азиялық жауынгерлердің қару-жарағын толық сипаттаған. Бактриялықтар садақ және найзалармен, сақтар қанжар және соғыс айбалталарымен, хорезмдіктер мен соғдылар бактриялықтар секілді қару-жарақпен шайқасқан. Сақ және бактрия атты әскерлері Ксеркс жасағындағы ең жақсы жауынгерлер болған.


Мәдениеттің дамуы Б.з.б. VI–IV ғасырларда мәдениеттің дамуы жазба және археологиялық деректер негізінде зерттелген. Олар Орта Азия халықтарының қолөнершілік, зергерлік, тігіншілік, құмырашылық және сәулеткерлік салаларында жоғары дәрежеге қол жеткізгендіктерін білдіреді.

Өлкемізде Қызылтөбе, Ұзынқыр, Афрасияб, Көзеліқыр, Жарқорған және басқа сол сияқты ірі көне қала-бекіністер өркендеген.

Деректерде алтын, күміс, ақық, лағыл минералдарының қазып алынғаны, мыспен темірдің ерітілгені, құмырашылықтың дамығаны, Орта Азияның Шығыс мемлекеттерімен байланысқан көне керуен жолдарындағы сауда туралы мәлімет беріледі.




Массагеттердің киімі мен құралдары.
Қайта қалыптастырылған



Орта Азиялық әскерлер



**Алтын білезік.
Әмудариядан
табылған**



**Алтыннан
жасалған ат
арбаның кө
шірмесі.
Б.з.б. II ғасыр**

Заманымыздан бұрынғы V–IV ғасырларда Орта Азия аумағында алғашқы теңге ақшалар таралған. Зергерлік өнерінің жоғары дәрежеде өркендеген қазіргі таңда Британия мұражайында сақталып жатқан, 1877 жылда Әмудария қазынасынан табылған алтын мен күміс бұйымдар айқын мысал бола алады.

Әрбір қалада ішкі бекініс болған. Қалалардың төңірегіне қоныстанған егіншілік шаруашылығында ата тұқымына тиісті үлкен-үлкен отбасылар тіршілік еткен. Егіншілердің қорғандары тұрғын үй-жай және қожалық қора-қопсыларынан құралған.

Археологтар қала мен үй – қорғандар төңірегінде егін далаларға су алып келінген өзен мен арық іздерін тапқан.

Тірек конспект

- б.з.б. 530 жыл — Кир II массагеттермен болған шайқаста қаза тапты (Томарис)
- б.з.б. 522 жыл — Фрада көтерілісі
- б.з.б. 519 жыл — Дари I — сақтар (Полиэн Шырақтың ерлігі туралы)
- сатраптықтар — Орта Азия — үш сатраптықтар
- Көне қала-бекіністер – Қызылтөбе, Жер-қорған, Ұзынқыр, Афрасияб, Көзеліқыр

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кир II массагеттер жеріне қашан бастырып кірді?
2. Кир II әскерлері мен Томарис басшылығындағы массагеттер арасындағы шайқасты сипаттап бер.
3. Шырақтың жасаған әрекетін қалай бағалайсың? Шырақтың ерлігін әңгімелеп бер.

32-§. Орта Азия халқының грек-македон басқыншыларына қарсы күресі

Орта Азия халықтарының қару-жарағы мен жауынгерлік өнері

Б.з.б. VII–IV ғасырларда Орта Азия жауынгерлері немен қаруланған еді? Жауынгерлер соғысқа сауыт киіп қатысқан, бастарына дулыға киген. Қанжар, жауынгер айбалтаны және найзалармен қаруланған. Садақтың жебесі мен қанжар темір мен қоладан жасалған. Жауынгерлер атта да, жаяу да соғыса алған.

Қанжар – «ақинак», ал соғыс айбалтасы «сагарис» деп аталған. Алыс қашықтықта тұрып соғысу құралы ретінде садақтан пайдаланған. Жауынгер аттардың үстіне және омырауына темірден тоқылған жабу жабылған.

Жауға қарсы шабуылды атты әскерлер бастап берген. Олар атпен шауып келе жатып жебе-садақпен, найзамен немесе қанжармен дұшпанға қарсы шыққан.

Қорғандар мен қалаларды қорғауда жебе-садақтарды және тас атар құралдарды пайдаланған. Қорғаныс мақсатында тас және пісірілген лай кесек жармаларынан (ядро) да пайдаланған.

Қалалар мұнаралар мен саңылаулары бар мықты қабырғалармен қоршалған еді. Қабырғалардың төбесінде садақшылар үшін арнайы жүру жолдары құрылған.

Өзіңді сынап көр!

Акинак – ...

Сагарис – ...



**Македониялық
Александр**




**Орта Азия
халқының
өкілдері.
Б.з.б. VI ғасыр**



Сагарис – соғыс айбалтасы.



Акинак



Македониялық Александрдың әскерлері

Сыртқы қабырғаларды бойлай орналасқан домалақ мұнаралар ішінде де садақшылар жайғасқан. Су толтырылған терең әрі кең орлар бекініске апаратын жолды бөгеп тұратын.

Македониялық Александрдың басқыншылығы Александр б.з.б. 336 жылы Македония патшасы болды. Сол жылы ол 20 жасқа толған еді. Македониялық

Александр ерекше күш-қайрат пен ерлік иесі болған, саптастары және жасақтары оған шын берілген еді.

Б.з.б. 334 жылы ол Шығысты басып алуды бастады, бұл жорық 10 жылға созылды. Сол жорықтың барысында ол Кіші Азия, Сирия, Мысыр, Иран және Үндістанда үлкен-үлкен аумақтарды жаулап алады. Македониялық Александр үлкен аумақта өз үстемдігін нығайту үшін таралуына мүмкіндік жасау мақсатында басып алынған қалаларға гректерді жайғастырды.

Б.з.б. 330 жылы Македониялық Александр Ежелгі Парсы мемлекетінің Ахаманилер әулетінен шыққан патша *Дари III* тің әскерлерін талқандайды. Ол Үндістанға жорыққа шығудан бұрын жасағының арт жағын қауіпсіздендіру мақсатымен Әмударияның арғы жағында жасайтын ұлыстарды бағындырмақшы болады.

Оның жолына бірінші кедергі болған қала Бақтрияның **астанасы Бақтра** (Зариасп) болды. Бұл кезде Ахаманилер әулетінің уәкілі Бесс Бақтрияның сатрабы болатын. Ол Бақтра қаласын жауға тастап, Әмударияның арғы бетіне қашып кетеді. Македониялық Александр өзінің ұстазы,




Македониялық Александрдың жорықтары

ертедегі грек философы Аристотельдің Әмудариядан екі патшаның – Кир II мен Дари I-дің кешіп өткені, екеуінің де жеңіліске ұшырағаны, сондықтан ол жорыққа жақсы дайындық жасауы тиіс екендігі туралы кеңесін есінде сақтайтын еді.

Мароқанттың Б.з.б. 329 жылы Македониялық Александрдың әскерлері Окс – Әмудариядан өтіп алды. Ал жасақтың жолында *Наутака* (Қашқадария аңғарының шығыс бөлігі) және *Мароқант* қаласы (Самарқант) тұрған еді.

Заманымыздан бұрынғы 329 жылы грек-македондар Мароқантты қолға алды. Александр әскерлерінің бір бөлігін сол жерде қалдырды, ал өзі *Курушкат* (Кирополис) қаласын басып алу үшін негізгі күштермен Сырдария жағалауларына қарай жол алды. Аңызға қарағанда, бұл қалаға парсы патшасы Кир II негіз салған екен.



Бақтриялық түйеші



Спитамен

Есіңде сақта!

Б.з.б. 329 жылы грек-македон әскерлері Мароқантты басып алды. Оларға қарсы көтерілісті **Спитамен** басқарды.



Торуыл

Соғдияна халқы басқыншыларға қарсы күреске аттанды. Көп өтпей соғдыларға бактриялықтар мен сақтар қосылады. Көтеріліске қабілетті ұйымдастырушы әрі қолбасшы *Спитамен* басшылық етеді.

Едәуір әскер жинаған Спитамен Мароқантты қоршап алды. Александр қоршауда қалғандарға көмекке үш мыңға жуық жауынгерлерден құралған жасақ жөнетті. Ертеде «Политимет» деп аталған Зарафшан өзені бойында македондарға торуыл қойған Спитамен жау тобын түгелдей қырып тастайды.

Сонда Александрдың өзі көтерілісті бастыруға аттанады. Гректердің қалың қолының жақындап келе жатқанынан хабардар болған Спитамен қоршауды тоқтатады да өз жасағын шөлге қарай бастап кетеді.

Александр сақтарға қарсы күресу үшін Сырдария бойында, Хожент маңында бекініс орнату туралы бұйрық береді. Бұл бекініс *Александрия Эсхата* (Шет Александрия) деп аталды.

Александр Мароқантта арнаулы әскери жасақ қалдырып, негізгі күштерімен қыстау үшін Зариаспқа (Бактрия) жөнелді.

Сол жылдың көктемінде Александр көтерілісті басу шарасын қарастырады. Өз әскерлерін үш бөлікке бөліп, Соғдианың ана басынан мына басына дейін кезіп өтеді де, бейбіт халықты қырып тастайды.

Өзіңді сынап көр!

Окс – ...

Наутака – ...

Мароқант – ...

Курушкат – ...

Спитамен – ...

Бактрия – ...

Б.з.б. 328 жылдың күзінде Спитаменнің Александрмен шешуші шайқасы болып өтті. Күштер тең болмағандықтан Спитамен жеңіліп, тағы шөлге қарай шегінеді. Сол жерде оны сатқындар сияқты өлтіреді.


Күрестің жалғасы Спитаменнің өлімі соғдылар мен бактриялықтардың бетін қайтара алмады. Александр Соғды шонжарлары – Хориен және Оксиарттың Хисар тауларында орналасқан таудағы бекіністерін қолға енгізіп, Оксиарттың қызы Равшанакка үйленеді. Сөйтіп, Македониялық Александр беделді соғды шонжарларының бірімен туыс болады.

Орта Азия жерлерін басып алу үшін Александр дерлік үш жыл әрекет етті, бірақ онша үлкен болмаған аумақты: Марғияна, Бактрия, Соғдияна, қазіргі Бекабад пен Хожент арасындағы Сырдария жағаларын бағындыра алды. Хорезм, Ташкент алқабы мен Ферғана тәуелсіз болып қала берді.

Басқыншылықтың салдарлары Грек-македон жасақтарының басқыншылық жорықтары Орта Азия жерлерін бүліншілікке ұшыратты, халықтың көп бөлегі қырылып кетті, көптеген қалалар қирады.

Грек тарихшыларының жазуы бойынша, Македониялық Александр Орта Азияда бірнеше қалалар құрғызған. Бұл қалалар оның есімімен *Октағы Александрия, Александрия Эсхата, Марғияна Александриясы* және сол сияқты аталған.

Олардың кейбіреулері қиратылған Соғдияна мен Бактрия қалаларының орнында, ал басқалары тірек қорғандар ретінде жаңадан құрылған. Сол қалаларда



Соғыс көрінісі

Есіңде сақта!

Александр Орта Азия жерлерін басып алу үшін үш жыл әрекет етті. Бірақ онша үлкен болмаған аумақты ғана бағындыра алды.



**Александр
теңгесі**

Есінде сақта!

Б.з.б. 323 жылы македониялық Александр қайтыс болды. Ол орнатқан мемлекет үш бөлікке бөлініп кетті: Македония, Мысыр және Сирия. Орта Азия аумағы Сирия мемлекетінің құрамында болған.

грек-македон жаяу және атты әскерлері орналасқан. Бұл әскерлердің кемеіген қатары Македония тәртібі бойынша қаруландырылған Бақтрия мен Соғдияна жастарының есебінен толықтырылады.

Біртіндеп қолөнершілік пен сауда қайта қалпына келтірілді. Жергілікті және грек мәдениеттерінің салт-дәстүрлері бірігулері жүзеге келді. Соның негізінде Салавкилер, Грек-Бақтрия және Парфия сияқты өте көне мемлекеттер дамиды.

Тірек конспект

- б.з.б. 334 жыл – Александрдың Шығысқа жорығы
- Александр – Македония патшасы
- қару-жарақ: ақинак, сагарис
- Бақтра – Найтака – Мароқанта
- Бесс – Бақтрия сатрапы
- б.з.б. 329 жыл – Мароқанттың басып алынуы → Спитамен Политимет (Зарафшан өзені) жағасындағы шайқас
- Александрия Эсхата
- б.з.б. 328 жыл – Спитаменнің қаза табуы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орта Азиялық жауынгердің қару-жарағын сипаттап бер.
2. Македониялық Александр Соғдиянаға қашан жорық бастады?
3. Македониялық Александр басып алған аумақтарда өз билігін қандай жолдармен орнатқан?
4. Спитамен көтерілісі қашан болып өтті?

Көтеріліс қалай аяқталды?

5. Грек-македон жасақтарының Орта Азияға бастырып кіруінің кері салдарларын сана.

33-§. Салавкилер мемлекеті және Грек-Бақтрия патшалығы

Біздің заманымыздан бұрынғы 323 жылы Македониялық Александр дүниеден өтті. Ол орнатқан үш мемлекет үш бөлікке: Македонияға, Египет пен Сирияға бөлініп


Орта Азия Салавкилер мемлекеті құрамында кетті. Осы мемлекеттерді Александрдың ең жақын қолбасшылары басқарды.

Көпке созылған өзара соғыстардан соң,

б.з.б. 312 жылы Македониялық Александрдың әскери бастықтарының бірі Салавка Бабыл (Сирия мемлекеті) патшасы болды. Салавка мемлекетінің құрамына Месопотамия, Иран, Парфия, Бақтрия, Соғдияна, Марғияна кіретін еді.

Салавк өз Мемлекетінің құрамына кірген Орта Азияны жеке облыстар сатраптықтарға бөлді. Олардың әрқайсысына бастық сатрап үстемдік ететін еді. Мемлекеттің қорғанысы және жасақтарды ұйымдастырумен бұрынғы қолбасшылардан тағайындалған *стратег* шұғылданатын еді.

Салавк өзінің ұлы Антиохты Шығыс облыстар – Парфия, Марғияна, Бақтрия, Соғдияналарға аймақ бастығы етіп тағайындады. Антиох үлкен мемлекет төбесінде тұрып, оны 20 жылға жуық басқарды.



Салавкилер жасағы



Салавкилердің жауынгерлері



Ежелгі Бақтрия таулары

Бірте-бірте Соғдияна, Бақтрия мен Марғияда бейбіт өмір қалыптаса бастады. Бұл жерлерде жаңа мекендер, қалалар құрылды, сауда, егіншілік пен қолөнер дами бастады.

Бақтра, Мароқант, Марғияна Антиохы (Марв), Терміз ірі қалалар мен мәдениет орталықтарына айналды.

Грек-македон басқыншылықтарынан соң Орта Азия тарихында антикалық дәуір басталды. Осы жорықтардың нәтижесінде Батыс пен Шығыс ортасында мәдени қатынастар мен айырбастау кеңейе түсті.

Бақтрияда грек жазуы, грек салмақ өлшем бірліктері, ақша қатынастары, қолөнер мен өнер бұйымдары тарады. Сонымен қатар гректер де Бақтрияның құрылыс және қолөнершілік дәстүрлерін меңгерді.



Салавки

Грек-Бақтрия мемлекеті

Б.з.б. 250 жылы Бақтрия Салавкилер мемлекеті құрамынан бөлініп шығады. Антикалық дәуір тарихшылары мәлімет беруіне қарағанда, мың Бақтрия қаласы билеушісі болған Диодот өзін патша деп жариялайды. Осы оқиғадан бастап Грек-Бақтрия мемлекеті тарихы басталады. **Б.з.б. 250 жылы** Салавкилер мемлекеті құрамынан бөлініп шыққан Парфия Бақтрияның дұшпанына айналды.

Бақтриядан тыс, Грек-Бақтрия патшалығы құрамына Соғдияна мен Марғияна да енген.

Диодоттан кейін Грек-Бақтрияда үстемдік мемлекет тарихында айтарлықтай із қал-



Б.з.б. II ғасырлар басындағы Грек-Бақтрия мемлекеті

дырмаған Евтидемге өтеді. Евтидемнің ұлы *Деметрий* үстемдігі кезінде Грек-Бақтрия патшалығы ең үлкен шекараларға ие болды. Үндістанның бір бөлігі осы мемлекетке қосып алынған.

Парфияда билік *Митридат I*-дің қолына өткен соң, ол Бақтрияға әскери қысым жасауды күшейтті. Грек-Бақтрия мемлекеті үздіксіз соғыс жүргізуге мәжбүр

Есіңде сақта!

Біздің заманымыздан бұрынғы 140–130 жылдарда Грек-Бақтрия мемлекетін юэжи тайпалары басып алды.

Грек-Бақтрия мемлекетінің теңгелері



болғандықтан, ол әлсіреп қалды. Бұдан пайдаланған көшпелі *юэжи* тайпалары **біздің заманымыздан бұрынғы 140–130 жылдар** аралығында Грек-Бақтрия мемлекетін басып алады.

Есіңде сақта!

**Бақтра,
Мароқант,
Марғияна
Антиохы**
(Марв) және
Терміз –
Салавкилер
мемлекетінің
ірі қалалары
болып сана-
лады.

Тірек конспект

- б.з.б. 323 жыл — Македониялық Александрың қаза болуы
- патшалық
 - Македония
 - Египет
 - Сирия
- б.з.б. 312 жыл → Салавка
- б.з.б. 280 жыл → Антиох
- антикалық дәуір
- б.з.б. 250 жыл → Грек-Бақтрия
 - ↓
 - Диодот → Евтидем → Деметрий
- б.з.б. 140 – 130 ж.ж. — Грек-Бақтрияны юэжилердің басып алуы



**Ежелгі хорезм-
діктердің
көріністері.**
*Қайта қалып-
тастырылған*

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Македониялық Александр мемлекеті қандай тәуелсіз мемлекеттерге бөлініп кетті?
2. Салавка мен Антиох туралы нелерді білесің?
3. Парфия мен Бақтрия қашан Салавкилер мемлекетінен шығып тәуелсіз болды?
4. Грек-Бақтрия патшалығы қашан орнады?
5. Грек-Бақтрия мемлекетінің тарихында көшпелі юэжилердің алатын орны қандай?
6. Жазусыз картада Салавкилер мемлекеті мен Грек-Бақтрия патшалығы аумақтарының шекарасын белгіле.

34-§. Ежелгі Хорезм, Қаңға және Даван мемлекеті

Ежелгі Хорезм Б.з.б. IV ғасырда Хорезм Ахеменилер мемлекетінен бөлініп шығып, дербес мемлекетке айналды. Македониялық Александр мен Салавкилер үстемдігі дәуірінде де Хорезм мемлекеті тәуелсіз еді. Бұл өлке халқының шаруашылығын егіншілік құрайтын.

Хорезмде қала құрудың басталуы б.з.б. VII ғасырға барып тіреледі. (Көзеліқыр қаласының қалдықтары). Бұл жерде жергілікті билеушінің ордасы құрылған (*Қамалықыр* қаласының қалдықтары).


Б.з.б. III–II ғасырларда Хорезмде көне қала – *Жанбасқамал* болған. *Қойқырылғанқамал* қалдықтары астынан дөңгелек түрде құрылған мықты ғибадатхана қалдықтары табылған.

Б.з.б. II–III ғасырларда Топыраққамал қаласында бұдан да үлкен әрі сәулетті құрылыс жүзеге асырылған еді. Қала құдіретті қорғаныс қабырғаларымен қоршалып, қабырғаның бұрыштарында мұнаралар құрылған. Орталықтан өткен көше қаланы екі бөлікке бөлген, ал одан жан-жаққа көшелер таралған, махаллалар бір-бірінен бөлектеніп тұрған. Орталық алаңда сәулетті сарай мен ғибадатханалар орналасқан.

Ордадағы сарай қабырғалары патшалардың, әскерлердің, музыкашылардың, сондай-ақ аңдар мен құстардың суреттерімен безендірілген. 20-дан астам боялған қыш мүсіншелер залдардың текшелерінде қабырғаны бойлай орнатылған.




Қорғаныс қабырғаларының қалдықтары



Қойқырылғанқамал. Қайта қалыптастырылған



Ежелгі Хорезм жауынгері. Қайта қалыптастырылған



**Ежелгі Хорезм
бекінісі**

Есінде сақта!

**Б.з.б. I ға-
сырда** Хоре-
змде жер-
гілікті күнтізбе
жасалған.

Есінде сақта!

Қаңға мем-
лекеті **б.з.б.
III ғасырда**
пайда болды.

Хорезмде, әсіресе, қолөнершілік жоғары дәрежеде дамыған. Құмырашылыққа, темір, мыс аспаптарға, құралдарға, зергерлік бұйымдарға сұраныс көп болған. Хорезм халқы Соғдияна, Марғияна, Бақтрия және шөл көшпенділерімен тығыз сауда қатынастарын орнатқан. Бұл өлкеден маңызды керуен жолдары өткен. **Б.з.б. I ғасырда** және б.з.бастапқы ғасырларында Хорезмде күміс пен мыс теңгелер соғылған.

Орта Азиядағы ең көне жазу Хорезм аумағынан табылған. Бұлар Айбайырқамал (б.з.б. V–IV ғасырлар) ескерткіштерінен құмыра сыртына ойылған жазу мен Қойқырылғанқамалдан табылған кейбір жергілікті жазулар болған. Б.з.б. I ғасырда Хорезмде жасалған жергілікті күнтізбеден хорезмдіктер VIII ғасырға дейін пайдаланған.

Қаңға мемлекеті бұл мемлекеттің *Қаңғұй* деп аталғаны белгілі. **Б.з.б. III ғасырда** сақтар оның негізін салған. Ташкент обласында б.з.б. III ғасырда негіз салынған, Қаңқа – Қаңға қала қалдығы сақтардың сол кездердегі астанасы *Қаңдез* болған. Қытай тарихшылары бұл қаланы *Битиян* деп атаған. Қаңға мемлекетінің негізгі қалалары Сырдария жағалауларында орналасқан.

Б.з.б. II ғасырдың соңында Қаңға құдіретті мемлекет бірлестігіне айналады. Оның патшалары өз атынан теңгелер соқтырады. Қаңға мемлекетінде үлкен бекіністер, қорған, қала ғибадатханалары, сауда мен қолөнершілік махаллалары құрылады.

Мемлекеттің мәдени орталықтарының бірі Ташкент өңірі еді. Бұл аумақта оты-

рықшы егіншілік пен сауда-қолөнершілік мәдениеті өркен жайды.

Мемлекет экономикасының гүлдеп-көркеюіне оның аумағынан Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы өткендігі мүмкіндік туғызды. Бірақ тап осы жағдай Қытаймен соғыстардың келіп шығуына себеп болды. Бұл соғыстарда қаңғарлар (Қаңға мемлекетінің халқын солай атаған) көбіне жеңіп шығатын еді. Б.з.б. III ғасырда Қаңға мемлекеті ыдырауға ұшырады.

Өзіңді сынап көр!

Қаңға – ...

Қаңдез – ...

Қаңғұй – ...

Қаңға – ...




Соғыс көрінісі.
Заманауи сурет

Даван мемлекеті Даван мемлекеті (Қытай деректерінде бұл өлке солай аталғаны тілге алынады) шамамен **б.з.б III ғасырда** пайда болып, Ферғанада орналасқан.

Қытай патшалары осы мемлекетті бірнеше рет жаулап алмақ болды, бірақ олардың әрекеттері босқа кетті. Әскери жорықтардың бірінде олар Даван мемлекетінің астанасы Ершиді қолға алды, бірақ халқының табан төлемін төлеу есебіне оны тастап шығып кеткен.

Даван мемлекеті Қытай мен Шығыстың басқа мемлекеттерімен халықаралық саудада маңызды орын алған. Қытай билеушілерін көбінше Ферғананың асыл тұқымды аттары қызықтыратын. Аттардың асыл тұқымының біріне олар тіпті «*Ғарыш аттары*» деп ат қойған. «Ғарыш аттары» толық жетілген әрі көрінісі өте әдемі болған.

Дүниетанушылар тапқан дәлелдер Қытай жылнамаларындағы мәліметтерді бе-



Ат мүсіні



«Ғарыштық
ат»

Есіңде сақта!

Даван
б.з.б. II–I
ғасырларда
жоғары өркен-
деген мемле-
кет болған.

кітті. Көп санды халқы бар, жақсы қару-
ланған және машықтанған қарулы күштері
бар Даван б.з.б. II–I ғасырларда жоғары
деңгейде өркендеген мемлекет болған. Да-
ван мемлекетінің *Шорабашат*, *Үшқорған*
секілді және басқа қалалары айнала-
сындағы халықтары жерді өндеуде, салы
мен бидай өндіруде, бақша өсіру мен жүзім
өндіруде үлкен жетістіктерге қол жеткен.

Ғалымдардың анықтауына қарағанда,
заманымыздың III ғасырында Даван мем-
лекеті күйреген.

Тірек конспект

- | | |
|--|--|
| Ежелгі Хорезм
(б.з.б. IV ғасыр –
3.б. III ғасыр) | <ul style="list-style-type: none"> → суару тармақтары → қолөнер мен сауда → қалалар мен қамалдар → құрылыстың жоғары дәрежесі → мүсіншілік пен қабырға суреті → Көне Хорезм жазуы → Жанбасқамал, Қойқырылғанқамал,
Топыраққамал |
| Қаңға мемле-
кеті (б.з.б. III –
б.з. III ғ.) | <ul style="list-style-type: none"> → Қаңғұй (Қангха) → қаңғарлар → Қанқа – Қангха – Қаңғдез (Битиян) → көшпенділермен шайқастар → ыдырауы |
| Даван мемле-
кеті (б.з.б. III –
б.з. III ғ.) | <ul style="list-style-type: none"> → Даван → Қытаймен соғыстар → Ерши – астана → «ғарыштық аттар» → Үшқорған, Шорабашат → күйреуі |

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Хорезм қалалары туралы не білесің?
2. Хорезмнің өзіне тән мәдениеті туралы айтып бер.
3. Қаңға мемлекеті қашан құрылған және түрлі деректерде қалай аталған?
4. Даван мемлекеті мен оның мәдениеті жөнінде нелерді білесің?

35-§. Кушан мемлекеті

Кушан мемлекетінің пайда болуы

Б.з.б. 140 – 130 жылдар аралығында көшпенді юэжи тайпалары Грек-Бақтрия мемлекетін басып алады. Юэжилер Бақтрия жерлеріне көшіп келіп, ірге тепті және **б.з. I ғасырда** Гюшуан (Кушан) отбасының бастығы барлық юэжи меншіктерін өз қоластына біріктіріп, Кушан мемлекетіне негіз салады.



Кушан патшалығы



Б.з.б. II–I ғасырлардағы құмыра



Жасөспірімнің бейнесі. Қабырғаға салынған сурет



Кушан патшасы



**Кушан
патшалығының
теңгелері**



**Чанг аспа-
бында ойнап
отырған әйел
мүсіні**

Біріккен юэжи жерлерінің бірінші патшасы *Кудзула Кадфиз* болған. Кудзула Кадфиз үстемдігі кезеңінде Ауғанстан мен Кашмир Кушан мемлекетіне қосып алынған.

Өзіңді сынап көр!

***Кудзула Кадфиз – ... Канишка – ...
Вима Кадфиз – ...***

Оның мұрагері *Вима Кадфиз* үстемдігі дәуірінде Кушан мемлекетінің аумағы кеңейе түсті. Патша Канишка үстемдігі заманында астана Бақтриядан Пешоварға (қазіргі Пакистан) көшіріледі, ал Кушан мемлекеті үлкен мемлекетке айналады.

Оның аумағында Үндістан, Хотан, Ауғанстан және Өзбекстанның оңтүстігіне дейінгі болған жерлер енген. Рим, Парфия, Қытай мемлекеттері қатарында Кушан мемлекеті де үлкен патшалықтың біріне айналған. Үздіксіз соғыстардың салдарынан Кушан мемлекеті дағдарысқа ұшырады және ыдырады.

Шаруашылықтың дамуы Вима Кадфиз үстемдігі дәуірінде Кушан патшалығында патшаның аты жазылған теңге соғыла бастады. Патша ақшаны қайта өзгертті, соғылған теңгелердің құны өсті. Теңгелер алтыннан, күміс пен мыстан соғылды.

Канишка билігі дәуірінде Кушан патшалығы өз өркендеуінің шыңына жетті. Жаңа-жаңа қалалар орнады. Үндістан, Қытай және Рим империясымен сауда және елшілік қатынастары ретке келтірілді.

Қолөнершілік те жоғары дәрежеде дамыған. Сұрхан аңғарындағы Кушан мемлекетінің ескерткіштері *Халшаянды, Далвар-*

зинтөбені, Айрытамды, Зартөбені, Қаратөбені және басқаларды зерттеу үдерісінде анықталған қазбалар да мұны дәлелдейді.

Кушан мемлекеті экономикасының негізін суармалы егіншілік, сауда және қолөнершілік құраған.

Кушан мемлекеті дәуірінде су диірменін, шығыр түрлерінен тиімді пайдаланған, жерді игеру құралдары қалыптасқан.

Кушан мемлекеті жазуы Кушан мемлекетінде жасаған халықтардың өзара мәдени және сауда байланыстарының арқасында Орта Азияда **көне арамей** жазуы кең таралады. Бұл жазу Батыс Азияда пайда болып, әліппеге негізделгендіктен меңгеру анағұрлым оңай болған.

Ежелгі Терміз ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде арамей жазуы негізіндегі кушан-бақтрия әліппесіндегі жазу үлгілері табылған. Кушан мемлекетінде тағы бір түрдегі жазу – кушан кескінді жазуы бар болған, мұнда әріптер бұрышты, төртбұрышты және шеңбер кескінінде болған.

Кушан патшалығында жазу ертеден-ақ болғанын *Сурхкотал* (Ауғанстандағы Құндыз қаласы маңында) ескерткішінде табылған грек әліппесіндегі кушан жазулары да айғақтайды.

Әмударияның төменгі сағасында, Зарафшан мен Қашқадария өңірлерінде арамей әліппесі негізіндегі хорезм және соғды жазулары да кең таралған еді.

Жазудың түрлі көріністеріне тиісті қазбалар Кушан патшалығының әлемдегі көптеген мемлекеттермен кең көлемдегі байланыстарын көрсетеді.



Шығырық – су шығаратын жабдық.



Әйелдің бас түзілісінің мүсіні.
I-II ғасыр



**Кушан
ханзадасы-
ның мүсіні**



**Будда
басының
мүсіні.**
*Далварзинтөбе
II–III ғасыр*

Діни нанымдылық

Кушан мемлекеті құрыла бастағанда Бақтрияның, Соғдиянаның негізгі халқы зардуштілік дінінде еді. Канишка үстемдігі дәуірінде Үндістанның бір бөлігі қосып алынып, тығыз қарым-қатынас орнатылған соң, Кушан мемлекеті аумағына кіріп келген будда діні зардуштілікпен қатар б.з. VIII ғасырына дейін Орта Азияда белгілі болды.

Сол Сұрхан аңғары арқылы буддизм Орта Азияға кең тарала бастады.

Өзіңді сынап көр!

Шығырық – ...

Кушан жазуы – ...

Буддизм – ...

Арамей жазуы – ...

Сәулеткерлік пен өнер Кушан дәуірінде құрылыс және сәулет өнері жоғары дәрежеде дамыды. Далварзинтөбе мен Көне Терміз тәрізді қалалар шикі кірпіштен құрылған мықты қорғаныс қабырғаларымен қоршалған еді. Қалалардың өзі қолөнершілер махаллаларына және тұрғын үй мекемелеріне бөлінген.

Халшаяндағы кушан билеушілерінің сарайы, Көне Терміз (Қаратөбе, Фаязтөбе) және Далварзинтөбедегі будда ғибадатханаларында сол дәуірдің қабырға суреттері мен мүсіншіліктің жоғары шығармашылық үлгілері сақталып қалған.

Ханзадалар, сарай төрелері, жауынгерлер суреті, Будда мүсіні мен Айрытамда табылған домбырашы және уд саздық аспабында ойнап жатқан музыкашылардың суреттері солардың қатарында.

Оймакерлік жоғары өрістеген. Далварзинтөбеде піл сүйегінен жасалған шахмат

тастары табылған. Кушан өнерінде жергілікті дәстүрлер, Ежелгі Шығыс және Ежелгі Греция эллинистік өнерінің тәсілдері үйлестірілген.

Өзіңді сынап көр!

**Ф. Рихтгофен –... «Ұлы Жібек жолы» –...
«Патша жолы» –... «Лағыл жолы» – ...**

Тірек конспект

Кушан мемлекеті (б.з.І
ғасыр–б.з.ІІІ ғасыр)

- б.з.б 140 – 130 ж.ж. – юэжилер басқыншылығы.
- юэжилер → кушандар
- Бақтрияға орналасу
- Далварзинтөбе, Айрытам, Халшаян
- Кудзила Кадфиз
- Вима Кадфиз
- Канишка
- жазулар
- зардуштилік, буддалық

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Юэжилер Бақтрияға қашан бастырып кірді?
2. Канишка дәуірінде Кушан патшалығында қандай өзгерістер болған?
3. Қайсы патшаның заманында патшаның аты жазылған теңгелер соғыла бастады?
4. Кушан дәуірінің жазуы, өнері және діни нанымдылығы туралы айтып бер.



Домбырашы.
*Айрытам
ескерткіш-
терінен үлгі*



**Түйедегі
шабандоз
мүсіні**

Есінде сақта!

Ұлы Жібек жолы заманымыздан бұрынғы II ғасырда пайда болған. Ол «Ұлы меридианал жол» деп аталған. Бұл жолға «Жібек жолы» деген атты 1877 жылы неміс географы Ф. Рихтгофен берген.



Піл сүйегінен жасалған шахмат тастары



Қыш ыдыстар

36-§. Ұлы Жібек жолы

Пайда болуы және салалары

Б.з. XVI ғасырға дейін Шығыс пен Батыс халықтары ортасындағы тарихимәдени және сауда қатынастарының дамуында ежелгі дүниеде әйгілі болған Ұлы Жібек жолы ерекше орын алған. Бұл жол **заманымыздан бұрынғы II ғасырда** пайда болған және «Ұлы меридианал жол» деп аталған. Бұл жолға «Жібек жолы» деген атты 1877 жылы неміс географы Ф.Рихтгофен берген.




Ұлы Жібек жолы

Ұлы Жібек жолы пайда болмай тұрып, Орта Азия мен Ежелгі Шығыс аумағында сауда және мәдени айырбастау үшін әр түрлі жолдар бар болған.

Ұлы Жібек жолы 12 мың километрге дейінгі ұзындықта болған. Ол Сары теңіз жағалауынан басталып, Шығыс Түркістан, Орта Азия, Иран, Месопотамия арқылы Жерорта теңізінің жағалауына дейін барған. Бұл жолда *Сиан, Дунхуан, Жаркент, Самарқанд, Бұхара, Терміз, Марв* және басқа бірнеше көне қалалар орналасқан.

Соғдиянадан Қытайға жүн мата, кілем, өшекей бұйымдары мен қымбат бағалы тас-

тар алып барылған; Бақтриядан түйелер, Ферғанадан асыл тұқымды аттар, Бадахшаннан лағыл; Орта Азия облыстарынан Қытайға жүзім, жаңғақ, анар және басқа егіншілік өнімдері алып барылған, Үндістаннан Орта Азия облыстарына жіп-мата мен мақта шиті тиелген түйелер келген; Қытайдан күріш пен жібек маталар әкелінген.



Ұлы Жібек жолы бойымен

Ұлы Жібек жолы Қытай императоры У-Ди елші Чжан Сьянды көшпенді хунн тайпаларына қарсы күресте одақтас және серіктес табуға жөнелтеді. Хунндар Қытайдың солтүстік аудандарын талан-тараж ететін. Елші хунндардың қолына тұтқынға түсіп қалады да, он жылға жуық қамауда жатады. Ол тұтқындықтан қашып, Ферғана аңғарына келеді. Бұл жерде өзі үшін аңғардағы қалаларды табады. Бұл қалалар Ферғана мемлекетіне қарайтынын біліп алады.

Есінде сақта!

Чжан Сьянның жүрген жолы Ұлы Жібек жолына негіз болды.

Чжан Сьян Алай аңғарынан өтіп, еліне оралады. Елші Қытай императорына көрген-білгендерін айтып береді. Ол Қытайға Ферғана атының біреуін және жоңышқа ұрығын апарған еді. Бұл атты қытайлықтар «ғарыштық» деп атаған. Император У-Ди өз сарайының маңына жоңышқа еккізеді. Кейінірек ол Қытайдың бүкіл солтүстігін бойлап егілетін болды.

Чжан Сьян жүрген жол бойымен Қытай мемлекетін Орталық және Батыс Азиямен байланыстыратын дүние жүзілік маңызға ие Ұлы Жібек жолы деп аталатын керуен жолы өтетін болды.



Шөлдегі құм төбелер

Ұлы Жібек жолының маңызы Ұлы Жібек жолының тарихы Шығыс пен Батыс халықтарының арасындағы кең

Есіңде сақта!

Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батыс мемлекеттеріндегі халықтардың өзара мәдени байланыстарынан пайдалану мүмкіндігін берді.



Жібек құрты пілләсі



Ұлы Жібек жолы

деңгейдегі мәдени байланыстардың және айырбастаудың тарихы болып табылады. Бұл тарих өзара ынтымақтастық және мәдениеттердің баю тарихы, бейбітшілік пен дамудың негізі болған.

Орта Азия бұл жолдың негізгі бағыттары өтетін орталығына орналасқан. Мұнда түрлі мемлекеттерден саудагерлер, қолөнершілер, ғалымдар және музыкашылар келген.

Тірек конспект

Ұлы Жібек жолы (б.з.б. II ғ. – XVI ғ.)	→ 1877 жылы – Ф. Рихтгофен
	→ 12 мың км
	→ Қытай, Орта Азия, Иран, Месопотамия, Алдыңғы Азия
	→ Сиан → Дунхуан – Жаркент – Самарканд
	→ өзара байланыстар: мәдени және сауда

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әлемнің көптеген мемлекеттерін байланыстырып тұратын керуен жолдарының тармағын ең бірінші кім «Жібек жолы» деп атаған?
2. Ұлы Жібек жолының ұзындығы қанша?
3. Өзбекстанның қайсы қалалары Ұлы Жібек жолында орналасқан еді?
4. Ұлы Жібек жолы бойымен саяхат жаса. Алыс елдер мен қалалар жайлы қысқаша әңгіме құрастыр.
5. Саудагерлер Ұлы Жібек жолы бойымен қайсы мемлекеттерден нелерді әкелген?



V БӨЛІМ


ЕЖЕЛГІ РИМ

37-§. Ежелгі Италия

Табиғи жағдайы мен көне халқы Апеннин түбегінде ауа райы жылы болып, жыл бойы ор-
таша жаңбыр жауатын еді. *Италия жерінде* құрғақшылық та, қат-
ты суық та болмайтын. Азық өнімдерінің молшылығы мен топырақтың құнарлылығынан көп ғасырлар бойы көне Италия халқының негізгі кәсібі егіншілік пен мал шаруашылығы болған. Ежелгі замандардан бастап Апеннин түбегінде әр түрлі тайпалар жасаған. *Лигурлар* Италияның көне тайпаларынан бірі болған, олар мал шаруашылығымен шұғылданған.

«Италия» деген сөз (грекшеден «витулус») бұқа, бұзауша деген мағынаны білдіреді. **Б.з.б. VIII-VI ғасырларда** Италия жағалауларында отарларға негіз салған гректер бұл мемлекетте сиырларды жаю үшін ғажайып шабындықтарды тапқан.

Апеннин түбегіндегі ең ірі өзен *По* өзені болып табылады. Түбектің тайпалары *италиктер* деп аталған. Италияның солтүстік-батыс бөлігінде *этрусктер* жасаған. Олардың негізгі кәсібі егіншілік болған. **Б.з.б. VIII ғасырда этрусктер** Италияда 12 қала-мемлекеттер одағын түзеді. *Этрусктер* Шығыс мемлекеттерімен еркін сауда жасау үшін грек отарларымен күрес бастады. Африканың солтүстік жағасында орналасқан Финикия отары *Карфаген* қала-



**Римдіктердің
Ежелгі мекен-жайы**



**Ежелгі
Италия**



Ежелгі Рим халқы.
Помпейдегі қабырғаға салынған сурет

Есіңде сақта!

Б.з.б. 753 жыл Римге негіз салынған кезең деп қабылданған.



Рем мен Ромулды тауып алған Ана қасқырдың мүсіні

мемлекеті де оларға қосылды. Бастапқыда карфагендер мен этрусктер жеңіп шықты, бірақ көп өтпей грек жасақтары оларды құрлық пен теңізде талқандады.

Өзіңді сынап көр!

Италиктер – ... Этрусктер – ...
«Италияның» мағынасы – ...

Римнің құрылуы Рим қаласы Тибр өзені бойындағы шағын бір егіншілік мекенжайларынан басталған. Тибрді бойлай орналасқан шағын мекенжайлар бірігіп, үлкен қалаға айналды. Рим жеті төбелікте орналасқан. Тибр тасыған кездерде төбеліктер ортасындағы жерлер адам өте алмайтын батпаққа айналатын. Қаланың орналасуы әскери тұрғыдан өте қолайлы болған. Өзен мен батпақты жерлер латындарды көрші тайпалардың шабуылынан қорғап тұрған.

Аңыздарға қарағанда, **б.з.б. 753 жылы** Рим қаласына ағалы-інілі Рем мен Ромул негіз салған. Олар туылған соң шақалақтарды себетке салып, Тибр өзенінің бойына тастап кетеді. Оларды өзен жағасында Ана қасқыр тауып алып, емізеді және бағады. Кейін аға-інілерді бір шопан тауып алып тәрбиелейді.

Ал өсіп-ұлғайғанда олар Тибр бойында қала орнатуға бел байлайды. Аға-інілер ұрсып қалады да Ромул өз інісін өлтіріп қояды, ал қалаға өзінің атын қояды. Қазіргі күнде, аңызда айтылғандай, егіздерді емізген Ана қасқыр Римнің рәмізі саналады. Рим үлкен қалаға айналады. *Капитолий* төбелігінде жаудан қорғану үшін бекініс орнатылады.

Ежелгі Римде басқару Бұрын римдіктер өз патшаларын сайлайтын. Патшалар әрі әскери бастық, әрі қазы, әрі дінбасы болған. Лақабы *Тәкаппар Тарквини* деген кісі мемлекетте сайлап қойылған патшаны өлтіріп үкіметті иеленіп алады.


Бұдан ызаланған халық көтеріліс жасап, Тарквиниді қаладан қуып шығарды. Қала халқы бүкіл билік бір адамның қолында болмайтын басқару түріне өтуге шешім қабылдайды. Патша үкіметінің құлауы Рим республикасына негіз қалады.

Тірек конспект

- Аппенин түбегі
- Италия – «бұзаулар мемлекеті»
- лигурлар, италиктер
- б.з.б. VIII ғасыр – 12 қала-мемлекет одағы
- б.з.б. 753 жыл – Тибр өзені бойында Рим қаласына негіз салынды

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Италия аумағын көрсет және оның географиялық ерекшеліктерін айтып бер.
2. Италия халқы қалай аталған?
3. «Италия» сөзі қалайша пайда болған?
4. Неліктен Ана қасқыр Римнің рәмізі саналады?



Тарквинидің қаладан қуғындалуы

Есіңде сақта!

Тәкаппар Тарквини қуылған соң **б.з.б. 509 жылы** Рим Республика деп жарияланды.



Рим ғибадатханасы.
Қайта қалыптастырылған

38-§. Рим республикасы

Республиканы басқару



Римнің
орталық бөлігі

Есіңде сақта!

Б.з.б. VI ға-
сырдың со-
ңынан бастап
Рим мемле-
кеті **республика**
деп ата-
ла бастады.

Рим патшалары маңызды мәселелерді талқылау үшін *Халық жиынын* шақырған.

Халық жиыны соғыс жариялайтын, келісім жасайтын, заңдарды бекітетін және оны жоққа шығаратын, барлық маңызды мансапты тұлғаларды тағайындайтын еді. Бұл жиынның қаулысын *Сенат* бекітетін, «сенат» сөзі латыншадан аударылғанда «*ақсақалдар кеңесі*» деген мағынаны білдіреді. Римнің түпкі халқы *патрицилер*, ал Римге көшіп келген адамдар мен олардың ұрпақтары *плебейлер* деп аталған. Рим басқаруында тек патрицилар ғана қатыса алатын еді. Б.з.б VI ғасырдың соңында Рим мемлекеті *республика* деп айтыла бастады.

«Республика» сөзі латыншадан аударылғанда, «халық ісі, ортақ іс» деген мағыналарды аңғартады («рес» – іс; «публика» – халық). Халық жиыны екі адамды бір жыл мерзімге әкім етіп сайлаған. Олар консулдар деп аталған.

Бай адам түрлі жолдармен сайлаушыларды өз жағына аударып, тегін түстік ұйымдастырған, сый-тартулар таратқан және осыған ұқсас істерді жүзеге асырған.

Сайлау күні консулдыққа үміткер бай адамдар «*кандида*» деп аталатын ақ жұқа жібек матадан киім киіп алған. Қазіргі «кандидат» (үміткер), яғни қайсыбір лауазымды иелеуге ұмтылған тұлға мағынасын білдіретін сөз де «кандидадан» келіп шыққан. Ақ түс үміткердің ойданы да оның киіміндей таза әрі пәк екенін білдірген.

Сенат мемлекетте үлкен билікке ие болды. Бірде-бір заңды Сенатта талқыланбай

Өзіңді сынап көр!

Сенат – ... Патрицийлер – ...
Плебейлер – ... Республика – ...

жатып Халық жиыны қабылдай алмайтын. Ал негізгі мансапты тұлғалар – консулдар тікелей мемлекетті басқаратын еді. Бұрын ең тәжірибелі әрі құрметті адамдар Сенатта орын алған болса, уақыт өтісімен консулдар ешқандай сайлаусыз Сенатта орын иелеп алатын және оның өмірбақи мүшесіне – *сенаторға* айналатын беделге қол жеткізген.

Соғыс басталған жағдайда немесе халық көтерілісі болғанда *диктатор* мен оның орынбасары – әскерлер бастығы болып тағайындалған. Диктатор шексіз билікке ие болған. Бірақ ол үкімет басында алты айдан көп тұра алмайтын.

Рим республикасы басқаруы



Әрбір консулды 12 адамнан тұратын құрметті қарауыл – *ликторлар* қорғап тұратын. Консул қылмыскерлерді жазалауы мүмкін екендігінің белгісі ретінде ликторлар желкелеріне ортасына балта шаншылған, иілгіш арқандардан бау тағып жүретін.

Консулдар екеу болған, олар маңызды мәселелерді шешкенде бір-бірімен кеңесіп алулары тиіс еді. Консулдар жыл бойы Рим республикасын басқарып, римдіктерді соттайтын. Ал әскери кезеңдерде олар



Консулдар

Есіңде сақта!

Сенат 300 адамнан құралған. Бірде-бір заңды Сенатта талқыланбай жатып Халық жиыны қабылдай алмайтын.



Плебейлер көтерілісі



**Заңды
бұзғандарға
тән жазасы
қолданатын
еді**

Есінде сақта!

**Б.з.б. III
ғасыр** ба-
сында Римнің
барлық аза-
маттары
лауазымына
қарамай заң
алдында
тең деп
саналатын
заңдар
қабылданды.

жасақтарға қолбасшылық еткен. Олар әр жылы Халық жиынына есеп беретін еді. Рим республикасында *халық трибуны* лауазымы да бекітілген. Халық трибундары кедей римдіктердің мүдделерін белгілеген. Олар жиындарда барлық азаматтардың тең әрі жасырын дауысымен сайланатын еді. Халық трибуны «*вето*» (тыйым саламын) сөзін айтуы мүмкін болған, мұндай жағдайда заң қабылданбайтын.

Өзіңді сынап көр!

Диктатор – ...	Ликторлар – ...
Консулдар – ...	Халық трибуны – ...

«12 кесте заңдары» Ежелгі Рим заңы ауызекі заңдарға негізделген еді. Соттарда көбінесе әділетсіз қаулылар шығаратын патрицилер жиналыс түзейтін. Плебейлердің талаптарына орай он патрициядан алқа түзіліп, олар заңдар жазба кешенін түзуі тиіс болды. Бірақ алқа бұл істі соңына жеткізе алмады.


Сонда негізінен плебейлерден құралған Рим жасақтары бүлік көтереді. Олар Рим төңірегіндегі Қасиетті тауға кетіп қалады және өз заңдарына ие болатын жаңа қала құрамыз деп ескертеді. Сонымен 12 мыс тақтайшаға ойып жазылған заңдар бәрі көру үшін Римнің орталық алаңында – Форумға орналастырған. Патрицилер 12 кестеден тұратын жаңа заңдарды қабылдауға мәжбүр болады.

Осы заңдар жеке меншікті қол сұқпайтын меншік деп жариялады, бірақ олар негізінен плебейлер мен патрицилердің теңсіздігін заңдастырған. Тек **б.з.б. III ғасырдың ба-**

сына қарай Римнің барлық азаматтары беделіне қарамай заң алдында тең деп саналатын заңдар қабылданған.

Тірек конспект


- республика жоғары үкімет – Халық жиыны
- Сенат – «ақсақалдар кеңесі»
- патрицилер
- плебейлер
- республика – «халық ісі»
- консулдар – республиканың басты мансапты тұлғалары
- диктатор – соғыс дәуірінде Рим патшасы
- халық трибуны – Сенатта Римнің кедей халқының уәкілдері
- вето – «тыйым саламын»
- «12 кесте заңдары»



**Заңдар
құлдарға
тиісті емес
еді. Оларды
базарларда
алаңсыз сата
беретін**

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Римде республика басқаруы қалай жүзеге асырылған?
2. «Республика» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
3. Диктатор кім? Қандай жағдайларда ол Рим патшасына айналған?
4. Рим заңдылығы туралы әңгімелеп бер. Оның өзіне тәндігі неде?
5. «12 кесте заңдары» кімдердің мүдделерін қорғаған?



**Форум – Рим-
нің орталық
алаңы.
Қайта қалып-
тастырылған**



**Акведук
(аспалы су
құбырлары)**



**Римдіктің
киімі – тога**



**Меркурий –
сауда құдайы**

39-§. Рим республикасының өмірі

Қалалардағы өмір Мемлекеттің аумағы кеңейіп барған сайын қалалар да көбейді. Рим қалалары алдын ала тиянақты жасалған жоспар негізінде құрылған. Қалаларда көптеген көрікті қоғамдық және тұрғын үй құрылымдары, ғибадатханалар, моншалар, сауда қатарлары мен дәріханалар болған.

Көпшілік адамдар 2–3 қабатты ғимараттарда жасаған. Ал дәулетті адамдар өздеріне сарай құрып алатын. Мұндай үйлерде орталық жылыту жүйесі болған: едендер ысытылатын, құбырлар арқылы үйлерге су ағып келетін. *Үй мозаикалар* – шыны немесе тас сынықтарынан жасалған суреттермен безендірілген. Салтанатты болған үй-жайлар – *виллалардың* қабырғалары *фрескалармен* – дымқыл сылаққа салынған суреттер безендіріп тұрған. Әрбір қала орталығындағы *Форумда* базар алаңы, халық жиындары үшін орын және орталық ғибадатхана болған. Қалаға су бірнеше қабатты көпірге ұқсап кететін *акведук* арқылы ағып келген.

Рим базарларында үлкен тауарлар болған құлдарға талап көп болған. Әр қалада құлдар сатылатын базар болған.

Адамдардың киімдері олардың қоғамдағы беделін білдірген. Мысалы, ұл балалар 14 жасқа дейін қызғыш жолақты *«тога»* киген. Олар 14 жасқа толғанда кәмелетке жеткен жеке адам саналатын да аппақ тога киетін. Сол сияқты жұқа тоганы сенаторлар да киген. Римдік әйелдер түрлі реңдегі көйлектер киіп, бастары мен иықтарына орамал жауып жүрген.

Өзіңді сынап көр!

Мозаика – ...
Фреска – ...

Акведук – ...
Тога – ...

Ежелгі Римдіктердің құдайлары Күнделікті тұрмыста римдіктер өз құдайларынан күш-қуат пен жебеушілік тілеп өтініш жасайтын. Құдайлар үшін зәулім ғибадатханалар салған. Римдіктердің құдайларының көбі грек құдайларын еске түсіреді. Маңызды істі бастаудан бұрын римдіктер құдайларға арнап құрбандықтар шалған.

Түрлі құдайлар тұрмыстың сан алуан жақтарын басқаратын. Мысалы, соғыста жеңілсе, демек бір ісімен соғыс құдайы *Марстың* ашуын шығардық деп ойлаған.

Римнің бас құдайы – аспанның, найзағайдың және күн күркіреуінің патшасы *Юпитер* Рим мемлекетінің жебеушісі болған. Римде құдайларға сыйыну кең құлаш жайған *Нептун* теңіз құдайы, ұйқы құдайы *Морфей*, аңшылық құдайы *Диана*, от пен теміршілер құдайы *Вулкан*, көктем мен сүйіспеншілік құдайы *Венера*, шарап құдайы *Бахус*, соттау әйел құдайы *Юстиция*, ал тағдыр әйел құдайы *Фортуна* болған.

Ғибадатханада Римнің бас құдайы *Юпитердің* үлкен мүсіні орнатылған. Ғибадатхана жанында *алтарь* – құрбандық атап тасталатын аспалы орын болған. Әдетте

Өзіңді сынап көр!

Ежелгі римдіктердің құдайлары – ...
Алтарь – ... Фуриялар – ...



Нептун – теңіз құдайы



Юпитер – найзағай мен күн күркіреу құдайы



Вулкан – от пен теміршілер құдайы

өгіздер, қойлар, шошқалар немесе ешкілер құрбандыққа шалынған.

Діни жоралғылар Діни рәсімдер қатаң белгіленген тәртіптермен өткізілген. Діни рәсімдердің өткізілуін абыздар – *понтификтер* – Рим дін басылары қадағалаған. Олар мерекелер күнтізбесін, рәсімдер салтанаттарының тәртібін жасайтын. 5-тен 15-ке жуық дін басылары жиналған понтификтердің алқасына Ұлы понтифик жетекшілік еткен. Ұлы понтифик құдайлармен кеңесіп үзілді-кесілді қорытынды жасайды, деп ойлаған.




Юстиция – сот әйел құдайы



Фортуна – тағдыр әйел құдайы

Римдіктер барлық маңызды істерін бал ашудан бастаған. Бал ашу абыздар – *авгурлардың* көмегімен жүзеге асырылған. Авгурлар құстардың ұшуына, күннің күркіреуіне, найзағайға, қасиетті құстарға шашылған дәндерге, жаңғырыққа және басқаларға қарап бал ашқан, белгілер ойдағыдай болмаса, істер кейінге қалдырылған.


Отбасы ошағының әйел құдайы *Веста* ғибадатханасында қасиетті от сақталатын. Қасиетті отты сақтау әйел абыздар *вес-*



Рим ғибадатханасы

талкалардың міндетіне кіретін. От жанып тұрған болса, емір бар, деп санаған.


Тірек конспект



**Рим әскерлері
шайқаста**

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Рим қаласы халқының өмірі туралы айтып бер.
2. Римдіктердің киімдері несімен ерекшеленіп тұрған?
3. Рим құдайларын санап бер. Олардың грек құдайларынан қандай айырмашылығы бар?
4. Понтифик абыздар мен авгур абыздар кімдер?
5. Весталка абыз әйелдердің басты міндеттері қандай болған?



**Жараланған
Рим әскері**

40-§. Жерорта теңізінде үстемдік үшін күрес

**Рим
армиясы** Римнің күшті жасағы сыртқы дұшпандардан қорғану және көрші мемлекеттердің жерлерін басып алу үшін қажет еді. Бастапқыда жасаққа адам жер-мүлікке ие римдіктерден алынған. Содан соң жасақ тұрақты әскери



**Римдегі
Жеңіс – салтанат қақпасы**



**Оқ ату құралы
– катапульта**



**Рим
әскерлерінің
киімдері**



Ганнибал

күшке айналған. Армияда 17 жастан еркек азаматтар қызмет ете алған. 80 адамнан құралған әскерлер тобы *сентурилер* деп аталған. Бірнеше сентурилер *когортаны*, 10 когорта *легионды* құраған. Жауынгерлердің көпшілігі жақсы білім алған әскерлер болған, олар жалақы алудан тыс киім және қару-жарақпен қамтамасыз етілген. Қызмет мерзімі 25 жыл болды. Сонша мұрсаттағы қызметінің есе-сіне легионер үй-жай, әжептеуір айлық жалақы алу және Рим құрамындағы түрлі өлкелерде қызмет ету мүмкіндігіне ие еді.

Римдіктер өзіне тән соғыс жүргізу тактикасын жасаған: алдымен қала қоршап алынады, ал содан соң *катапульта* деген қамал құралынан пайдаланып қабырғаларды тесетін де қалаға бастырып кіретін еді. Берік металл тақтайшалардан құрылған ұзын қамал көтерме мұнаралар көмегімен биік қабырғалардан асып өтетін.

Әскери топтар мемлекет аумағы бойлап шапшаң әрекеттену үшін мемлекетте жөнделген (тегіс) жолдар тармағы салынған, бұл жолдармен мемлекеттің кез келген өлкесіне бару мүмкін болған. Мемлекет шекараларында тас бекіністер құрылған.

Соғыстардағы жеңістен кейін Сенаттың қаулысына орай, Рим жасақтары жеңісті (*триумфты*) салтанатты атап өтетін еді. Салтанатта жасақтың алдында төрт ақ арғымақ жегілген арбада басына *лавр* жапырақтарынан өрілген шеңберін киіп алған қолбасшы тұратын. Қолбасшының артынан олжаларды алып баратын.

Өзіңді сынап көр!

Сентурилер – ...
Когорта – ...

Легион – ...
Триумф – ...

Есіңде сақта!

Карфаген армиясына тәжірибелі қолбасшы **Ганнибал** басшылық ететін еді. Ал Рим армиясын **Сципион** басқарған.

Пуни соғыстары Б.з.б. III ғасырдың орта шенінде Рим бүкіл Италияны жаулап алуға қол жеткізді. Сөйтіп Рим мемлекетінің аумағы кеңейе түсті.

Бұл кезде *Солтүстік Африканың* жағалауларын, *Сардиния*, *Корсика* аралдарын өз ішіне қамтыған құдіретті мемлекет – *Карфагеннің* құл иеленушілері Сицилия аралының батыс бөлігін басып алған еді. Сол Сицилия мәселесі Рим мен Карфаген ортасында соғыстың шығуына себеп болады.


Римдіктер Карфагенмен үш рет соғысты. Бұл соғыстар тарихқа *Пуни соғыстары* деген атпен енген еді, себебі римдіктер Карфагенді Пуна деп атайтын еді. Бірінші соғыста римдіктер жеңіске жетті де Сицилияны басып алып, карфагендіктерді өздеріне ұлпан төлеуге мәжбүр етті.

Карфаген құл иеленушілері Испанияның үлкен бөлігін басып алды. Карфаген армиясына тәжірибелі қолбасшы *Ганнибал* басшылық жасаған.

Өзіңді сынап көр!

Карфаген – ... **Пуна – ...**
Ганнибал – ...

Карфагеннің қирауы Ганнибал жасақтарының Испаниядан Италияға қарсы жорықтарының арқасында *Екінші Пуни соғысы* басталды. Карфаген армиясы Алп тауларының етектеріне жетіп барады. Өтіп болмайтындай көрінген таулардан асқан Ганнибал Солтүстік Италияның аумағына



Ганнибал әскерлері



Рим жаяу әскерлері шайқаста

Есінде сақта!

Б.з.б. 202 жылы оның жасағын *Зама* қаласы маңында Ганнибал армиясын римдіктер жексен етілген.



Карфагеннің бүліншілікке ұшырауы



Рим армиясының «Тасбақа» делінетін қорғаныс қалқаны

бастырып кірді және **б.з.б. 216 жылы** *Канн* маңындағы шайқаста рим әскерлерін талқандады. Бұл шайқаста 70 мың римдік легионер құрбан болды.

Жеңілістен соң римдіктер шешуші шайқастарға батына алмаған. Италия халқы Ганнибалды қолдамады, өйткені Карфагеннің жалдамалы жасақтары мемлекетті талан-тараж етіп тастаған еді. Римдік қолбасшы Сципион күтпегенде өз әскерлерімен Африка жағалауына келіп түскенінен хабардар болған Ганнибал Карфагенді қорғауға аттанады, бірақ **б.з.б. 202 жылы** оның жасағын *Зама* қаласы маңында (Солтүстік Африка) римдіктер талқандайды.

Карфаген Римге тізе бүгіп, үлкен мөлшердегі байлықпен табан төлеуі керек еді. Бірақ уақыт өтіп Карфаген өз құдіретін тіктеуге әрекет етті.

Үшінші Пуни соғысында римдіктер Карфагенді қоршап алды. Қала халқы екі жыл Карфагенді қорғады, қалада аштық басталды. Римдік легионерлер үйлерге шабуыл жасап, оларды талады, өртеді.

Сөйтіп **б.з.б. 146 жылы** Карфаген түгелдей бүліншілікке ұшырады. Ал Рим әскерлері жеңіс шаттығымен, таланған олжамен және мыңдаған құлдармен Италияға қайтып оралды.

Рим басып алған аумақтар Пуни соғыстарынан кейін Италия шекарасынан едәуір шалғайдағы ауқымды аумақтар Рим үкіметі қарамағына өтті. Римдіктер басып алған жерлерді *провинция* деп атаған. *Сицилия, Корсика, Сардиния, Испания* және басқа аумақтар солардың қатарында

еді. Провинцияларды басқаруға аймақ бастықтары – *проконсулдар* тағайындалған.

Олар шексіз билікке ие болған. Әдетте проконсулдар бір жылға сайланған. Провинциялардың Римге қарсы күресуге бірлесуі үшін римдіктер «Бөліп тастап, үстемдік ет!» қағидасына негізделіп іс жүргізген. Римдіктер кейбір қалаларға өзгелері оларды көре алмауы және олар өзара жанжалдасуы үшін жеңілдіктер беретін.

Тірек конспект

- сентурия → когорта → легион
- Триумф
- Пуни соғыстары
 - Карфаген → Ганнибал
 - Рим → Сципион
- б.з.б. 216 жыл – Рим армиясының талқандалуы – Канн шайқасы
- б.з.б. 146 жыл – Карфагеннің жексен етілуі
- провинциялар
- проконсулдар
- «Бөліп тастап, үстемдік ет!»

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Триумф деген не? Қандай жағдайларда триумф атап өтілген?
2. Рим жасақтары кімдерден құралған?
3. Пуни соғыстарының басты себебін айт.
4. Картадан Ганнибал жорығының бағытын көрсет.

41-§. Құлдар мен гладиаторлар

Римдегі құлдық

Жеңісті жорықтардың нәтижесінде Римде құлдардың саны тым көбейіп кетті.

Есіңде сақта!

Басып алған жерлерді римдіктер **провинция** деп атаған. Провинцияларды басқару үшін аймақ бастықтары – **проконсулдар** тағайындалатын.



**Рим атты
әскерлері**



**Тас жонып
жатқан құлдар**



**Рим құл
иеленушілері**

Еркін римдіктердің пікірінше, құл түгелдей құл иеленушінің қарамағындағы бір бұйым сияқты еді. Құлдардың қадірі болмады, өйткені олар өте арзан тұратын.

Рим мемлекетіндегі құлдарда еңбектен мүдделілік сезімі мүлде болмаған. Оларға ақы төлемейтін еді. Сондықтан құлдар мүмкіндігінше кемірек және жаманырақ істейтін. Бара-бара құлдар еңбегінің өнімділігі төмендеп кеткен.

Құлдардың еңбегі құл иеленушілер үшін пайдалы еместігі белгілі болды. Көптеген құл иеленушілер құлдарды жер жалшыларына айналдыра бастайды. Құлдар көтерілісінен қорыққан, өнімділікті арттыруға ұмтылған жер иелері өз жерлерін кіші-кіші меншіктерге бөліп тастады да ерікті кедейлерге жалға таратып бере бастады.

Сол жерлерде жалға алушылар егіншілікпен шұғылданды. Олар жерді қаншалықты жақсы өндесе, өздеріне өнімнің соғұрлым көп үлесі тиетін.

Шағын жер жалшылары *колондар* деп аталған. Жерді пайдаланғаны үшін олар жер иесіне өздері өндірген өнімдермен төлем төлеген.

Бірте-бірте басыбайлы тәуелді құлдар саны кемеяді. Кейбір жер иелері қожалықтарды жүргізу үшін құлдарға шағын жерлерді өз бетінше жүргізуге еңбек құралдарына, тұқымға және жанұясымен бірге жасауға рұқсат беретін. Мұндай құлдар *«лашықты құлдар»*, яғни үй-жайлы құлдар деп аталған.

Өзіңді сынап көр!

Колондар – ... «Лашықты құлдар» – ...

Гладиаторлардың шайқасуы Римдіктердің сүйікті тамашаларынан бірі *гладиаторлар-шайқасуы* дың жекпе-жегі болған. Гладиаторлардың көбі құлдар яки қылмыскерлер болған. Оларды арнайы жабық мектептерде оқытқан, содан соң бір-бірімен алысуға, көрермендердің көңілін көтеруге мәжбүр ететін еді.

Әрбір гладиатордың тағдыры көрермендердің тілек-қалауына байланысты еді. Жекпе-жектің соңында көрермендер жеңілген гладиатордың тірі қалу-қалмауын шешкен. Егер көрермендердің көпшілігі оң қолының бас бармағын жоғарыға көтерсе – жеңілген гладиатор тірі қалған, ал керісінше, төменге қаратса – ол көрермендердің көз алдында өлтірілген. Жекпе-жектер үлкен тас алаңдарда немесе *амфитеатрларда* өткен. 50 мың көрермен сыятын *Колизей* ең үлкен амфитеатр болған.

Кей кезде гладиаторлар үлкен-үлкен топтарға бөлініп алып ұрысатын, мұндайда сахна соғыс алаңына ұқсап кететін еді: өлтірілген, жараланған және жан беріп жатқан гладиаторлар жан-жақта аунап жататын. Бұдан да қызығырақ болу үшін гладиаторлар ұрысы күштері тең қарсыластар ортасында өткізілген. Біреуінде тек қылыш пен қалқан болса, екіншісінде тор мен ілгек (үш ашалы найза) болған.

Тормен, ілгекпен қаруланған гладиатор өзін ешнәрсемен қорғай алмағанымен, ол қарсыласын тормен орап тастауы және ілгекпен өлтіруі мүмкін еді. Гладиаторлардың жабайы арыстандармен, жолбарыстармен, өшіккен өгіздермен де ұрысы өткізілген.

Есінде сақта!


«*Лашықты құлдар*» – құл иеленушілер шағын жермен, еңбек құралдарымен, тұқыммен қамтамасыз еткен құлдар. Оларға жанұя, тұрғын үй құруға да рұқсат етілген.



**Колизейдің
сырт жақтан
көрінісі**

Өзіңді сынап көр!


*Гладиатор – ... Колизей – ...
Амфитеатр – ... Ілгек – ...*



**Гладиаторлар-
дың жекпе-жек
шайқасы**



**Рим бүркіті.
Рим патшала-
рының рәмізі
саналған**



Колизей

**Спартак
көтерілісі
(б.з.б. 74-71 ж.)**

Б.з.б. 74 жылы бастаған **Спартак** басшылығындағы құлдар көтерілісі ежелгі дүниеде ең бұқаралық және ұйымдасқан көтерілістердің бірі болған.

Рим армиясында қызмет етуден бас тартқандығы үшін Капуя қаласындағы гладиаторлық мектепке сатып жіберілген фракиялық құл Спартак құлдарды көтеріліске шығуға үндейді.

Бірақ біреу бұл туралы римдіктерге хабарлап қояды. Сонда Спартак пен оның 200-ге жуық жақтастары қарауылдарға шабуыл жасайды да, қашып шығып кетеді. Олар *Везувий* тауындағы жартастарға шығып алады. Бірте-бірте басқа құлдар да оларға келіп қосыла бастады да көтеріліске шыққандардың қатары кеңейе түсті. Көп өтпей олардың саны 10 мыңға жетті.

Көтеріліске шыққан құлдарды талқандауға жіберілген үш мың кісілік жасақ *Везувий* таулары маңында әскери тұрақ орнатты.

Қоршап алу басталды. Бірақ Спартак күтпеген әрі батыл жоспарды іске асырды. Құлдар жүзім бұталарынан саты тоқып, шыңның көрінбейтін жағынан түсіп алды. Спартак римдіктердің артынан соққы беріп оларды жексен етті. Бірақ көп өтпей көтерілісшілер арасында алауыздық пайда болды. Құлдардың бір бөлігі Римнен кетіп, өз елдеріне қайтуды абзал көреді. Ал көпшілік құлдар мемлекеттен шығып кетпеуге, Римді құлатуға және құл иеленушілерден кек алуға ант ішеді.

Спартакқа қарсы тәжірибелі қолбасшы *Марк Красс* басқарған көп мың санды жасақ жөнетілді. **Б.з.б. 71 жылдың** көктемінде болған шешуші шайқаста Спартактың әскерлері талқандалып, өзі сол шайқаста мерт болды. 6 мыңнан көп тұтқындар Рим – Капуя аралығындағы жол бойындағы айқастырылған табан ағаштарға шегелеп тасталды.

Тірек конспект

- құлдардың еңбегінен пайда жоқтығы белгілі болды
- колондар – шағын жер жалшылары
- «лашықты құлдар»
- гладиаторлар
- Колизей амфитеатры
- б.з.б. 74 жыл – Спартак көтерілісі
- Везувий тауындағы тұрақ
- б.з.б. 71 жыл – Спартак армиясының талқандалуы



**Спартак
көтерілісі**

Есіңде сақта!

Спартак көтерілісі **б.з.б. 74–71 жылдар** арасында болды, көтеріліс құлдардың жеңілісімен аяқталды.



**Спартактың
мерт болуы**

Сұрақтар мен тапсырмалар



Рим әскерлері демалуда

1. Римде құлдардың саны кімдердің есебінен көбейді?
2. Құлдар, колондар мен «лашықты құлдар» беделінің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?
3. Римдіктер құлдарға қандай қатынаста болған?
4. Спартактың басшылығында көтеріліске шыққан құлдардың көтеріліс орындары мен бағыттарын картада көрсет.

42-§. Рим республикасының құлауы

Себептері

Құлдар көтерілістері құл иеленушілерді қатты үрейге салып қояды. Құл иеленушілердің алдында күшті әкімшілік болған *әскери диктатураның* орнатылу қажеттілігі туралы мәселе көлденең тұратын. Сенаторлар мен саны кем мансапты тұлғалар үлкен мемлекетті ойдағыдай басқаруды қамтамасыз ете алмайтын еді.

Б.з.б. I ғасырда тұрақты жалдамалы жасақтарға сүйенген әскери бастықтар шынайы күшке айналды. Жалдамалы әскерлерді Римнің әскери күш-құдіреті мен мемлекеттің күшеюі емес, тек олжа қызықтырды. Жалданбалы әскерлер үшін кімдермен соғысу яки кімдерді тонаудың айырмашылығы болмаған.

Ал Римде мемлекет билеушісі болуды қалайтын бірталай қолбасшылар бар еді.

Цезарь үкіметінің орнауы

Спартак көтерілісі бастырылып, талқандалған соң *Красс* пен *Помпей* билік үшін талай уақыт күрес жүргізген, бірақ Рим мемлекеті үшін жүргізген күрестердің бірінде *Красс*



Римдіктердің жалаулары

қаза табады. Енді Помпей үшін бір ғана қауіпті қарсылас Цезарь болып қалды. *Галлия* соғыстарындағы жеңістердің арқасында Цезарьдың беделі мен абыройы едәуір артты.

Юлий Цезарь **б.з.б. 49 жылы** Галлиядағы жеңісті соғыстан кейін Римге баратын жолдағы Рудикон өзенінен кешіп өтіп жатып, жеке үстемдік үшін ашық күресті бастап жіберді. Сонда Цезарь былай деген: «Жеребе салынды!».


Рим халқының қолдап-қуаттауы шешуші мәнге ие болды. Помпейдің жасақтары Испанияда еді, Цезарь жеңісті қолға енгізді. Ол Рим *императоры және диктаторына* – шексіз билікке ие патшаға айналды. Цезарьдың тілек-қалауы Рим үшін заңды күшке ие еді.

Бұл жағдай көпке созылмады. Цезарьдың шектелмеген билігінен наразы болған сенаторлар бүлік ұйымдастырды. Олар Цезарьды өлтіруге және Сенатқа бұрынғы беделін қайтаруға бел байлады. Бүлікке Цезарьдың жақын досы болған *Брут* басшылық етеді. Сенаттағы жиналыс кезінде бүлікшілер Цезарьды қоршап алды және оған қанжарлармен соққы бере бастады. Цезарь сол жердің өзінде өледі.


Б.з.б. 44 жылы Цезарь үстемдігі аяқталды. Бірақ оның өлтірілуі республиканың қайта қалыптасуына алып келмеді. Қолбасшылар ортасында күрес және мемлекетте азаматтар соғысы басталып кетті.

Өзіңді сынап көр!

Красс, Помпей, Цезарь – ...
Брут – ... Император – ...



Цезарь – Рим императоры



Цезарьдың өлтірілуі



**Юлий Цезарь
динары б.з.б.
49-48 ж.ж.**



**Клеопатра –
Мысыр
ханшайымы**

Билік үшін күрестің салдарлары Цезарь өлтірілген соң Брут республиканы қайта құруға талаптанды. Бірақ сенаторлар алдыңғы тәртіптерге қайтуды қаламады. Олардың көпшілігі өз байлығын Цезарь үстемдігі дәуірінде қолға енгізген еді. Брут және оның жақтастары Грецияға қашып кетуге мәжбүр болады.

Римде сол уақытта Цезарьдың жиені *Октавиан* пайда болады. Ол Брут пен оның жақтастарына қарсы күрес бастайды.

Солтүстік Грецияда Брут жасақтар жинап, Римге күшті қауіп төндіреді. Октавиан *Марк Антонимен* одақ түзеді де Брут бастаған республика жақтаушыларын талқандайды. Содан соң Октавиан Рим мемлекетінің Батыс бөлігін, ал Антони Шығыс бөлігін басқаруды өз қолына алады.

Мысырға келген Антони Мысыр ханшайымы *Клеопатраға* үйленеді. Антони неке сыйы ретінде Клеопатраға Римнің шығыс провинцияларын (облыстарын) береді. Бұл Октавианның наразылығына себеп болады.

Б.з.б. 31 жылы Ежелгі Греция жағлауларында Антони мен Октавианның флоттары ортасында соғыс болды. Қызу шайқас кезінде Клеопатра мен Антони *Александрияға* қаласына қашады. Армия мен флот Октавианға тізе бүгеді. Кейінгі жылы Октавиан жасақтармен Египетке келді. Антони мен Клеопатра өздерін өлтіреді, ал Мысыр Рим мемлекеті провинциясына айналады. Сөйтіп Октавиан бүкіл Рим империясына дара патша болады.

Б.з.б. 29 жылы Октавиан Сенаттан император атағы мен *Август* деген ат алады.

Ол Рим империясының негізін салып, бір-қатар қайта құрулар өткізді. Император кең көлемде құрылыс жұмыстарын жүргізді. Оның дәуірінде Римде көптеген сарайлар мен ғибадатханалар құрылды.

Октавиан Август қазасынан соң оның мұрагерлері *Калигула* мен *Нерон* үстемдіктері дәуірінде империя құлдырай бастады. Тек **біздің заманымыздың II ғасырының** басында Римнің күш-құдіреті қайта қалыптасты. Бұл ғасыр Рим империясының «алтын ғасыры» деген атқа ие болды.


Б.з. 98 жылы Траян император тағына отырды. Траян заманында Дунай өзені бойларында жасайтын дактармен соғыстар жүргізді. Биіктігі 40 метрлік *Траян бағанасы* сыртында бейнеленген дактармен соғыс көріністері осы туралы әңгімелейді. Бұл дәуірде Сирия мен Месопотамия аумақтары Рим империясының құрамына кірді.

Өзіңді сынап көр!

Октавиан Август – ...	Цезарь – ...
Клеопатра – ...	Траян – ...

Тірек конспект

- билік үшін күрес : Красс және Помпей
- б.з.б. 49 жыл — Юлий Цезарь — Рим императоры
- Цезарьдың өлтірілуі → Брут
- б.з.б. 31 жыл — Антони мен Октавианның соғысы
- Октавиан — император Август
- б.з. II ғасыр — Рим империясының «алтын ғасыры»
- б.з. 98 жыл — император Траян → Траян бағанасы



Марк Антони

Есіңде сақта!

Б.з.б. 29 жылы Октавиан Сенаттан император атағы мен Август деген бүркеніш аталды. Ол Рим империясының негізін қалады.



Император Октавиан Август

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Римде республиканың құлауының басты себебін айт.
2. Римде Цезарь өкіметі қалай орнады?
3. Юлий Цезарьдың өлтірілуін кім және неге ұйымдастырды?
4. Юлий Цезарь өлтірілген соң Римде қандай өзгерістер болды?
5. Дара үстемдік ету үшін күресте неге Октавиан жеңіп шықты?



Траян
бағанасы

43-§. Рим империясының құлдырауы және дағдарысқа ұшырауы

Империяның құлауы

Император Траян дәуірінен соң римдіктер ірі басқыншылық соғыстарын жүргізе алмады.

Б.з. III ғасырында Рим империясының құдіреті нашарлай түсті. Императорды енді армия сайлайтын, армияның түрлі топтары арасында күрес жүріп жатты.

Сол кездерде империя шекараларының солтүстік батыс жағында басқыншы тайпалар пайда болды. Оларды римдіктер «варварлар» деп атады, яғни римдіктерге қарағанда мәдени дамуы анағұрлым төмен сатыда тұрған тайпалар ретінде оларды солай атаған. Сондықтан римдіктер шекарада үлкен жасақ сақтап тұруға мәжбүр болған.

Өзіңді сынап көр!

«Варварлар» – ...



Римдіктердің
жаяу әскерлері

Батыс және Шығыс Рим империялары


Император *Константин* заманында б.з. 330 жылы Босфор бұғазындағы *Византий* қаласы Рим импе-

риясының астанасы деп жарияланды. Императордың бұйрығына орай қаланың барлық ескі ғимараттары бұзып тасталды да, жаңа қала құрылды. Қала императордың құрметіне *Константинополь* деп атала бастады.

Үлкен империяны Константинопольда тұрып басқару қиын еді. Император Феодеси өлген соң **б.з. 395 жылы** Рим империясы оның екі ұлы ортасында Батыс пен Шығыс бөліктерге бөлінді. Батыс бөлікке Италия, Еуропа және Солтүстік Африкадағы облыстар, ал Шығыс бөлікке Балкан түбегі, Кіші Азия мен Мысыр жерлері енген. Шығыс Рим империясында императордың бірегей билігі сақталып қалған. Ал Батыс Рим империясы жеке мемлекеттерге ыдырай бастады.

Готтар Римде Біздің заманымыздың 410 жылы Аларих басшылығындағы *готтар* Римді қоршап алды. Римдіктер олармен келіссөз жүргізе бастады, бірақ түнде құлдар қақпаларды ашып берді, басқыншылар қалаға бастырып кірді. Готтар мүсіндерді жоқ етіп, құнды кітаптарды өртеп, үш күн бойы Римді тонады. Талан-тараж етілген Рим қаласы қаңырап қалды.

Германдар сауатсыз болған, театрлар, кітапханаларды көрмеген еді. Рим империясының аумағына кіргеннен кейін олар Рим ғимараттарының, сәулеткерлігі мен мүсіндерінің сұлулығы мен ұлылығын орында бағалай алмайтын. Бұлардың бәрін аяусыз жойып жіберді. Германдар қорғандарын қоршап тұрған қабырғаларын күшейту үшін Рим ғибадатханалары мен кі-



Рим босағасындағы варварлар

Есіңде сақта!


Император Феодеси өлген соң **б.з. 395 жылы** Рим империясын оның екі ұлы ортасында Батыс және Шығыс бөліктерге бөлінді.



**Готтар Римді
талан-тараж
етіп жатыр**

Есінде сақта!

410 жылы
Аларих бас-
шылығындағы
готтар Римді
күйретті.



**Вандал
әскері**

тапханаларының ғимараттарынан тас тақталарды көшіріп алып кететін. Кітаптар, мүсіндер және басқа өнер туындылары да жоқ етілді.

Батыс Рим Империясының құлауы Римді готтардың жаулап алуы империя халқын үрейге салды. Жүз жылдар басысында римдіктер өздерінің барлық дұшпандарын жеңіп келген, өздерін әлем патшасы санаған. Ал Римді «*мәңгі қала*» деп мадақтаған.


Рим халқының көпшілігі Рим дағдарысқа ұшыраған заматта бүкіл әлем жойылып кетуіне сенетін еді. Дегенмен әлем күйремеді.

Аларих те өлді, бірақ Римнің одан да қауіпті жауы – *Аттила* басшылығында хунн тайпалары пайда болды. Аттила Шығыс Рим империясына шабуыл жасай бастады. **Б.з. 452 жылы** хунндар Италияға бастырып кірді.

Біздің заманымыздың 455 жылында Римге германдардың вандал тайпалары шабуыл жасады. Олар екі апта бойы қаланы тонады. Вандалдар өздерімен әкете алмай жатқан барлық нәрсені жойды.

Б.з. 476 жылы герман тайпаларының Римдегі жалданған жасағының қолбасшысы *Одоакр* соңғы император *Ромулды* тақтан аударды да император атағы нышанын Константинопольге жөнелтті.

Бұрынғы Батыс Рим империясының шекараларын герман тайпалары басып алды. Сөйтіп, **б.з. 476 жыл** Батыс Рим империясының құлауы және Ежелгі дүние тарихының аяқталған кезеңі ретінде тарихқа енді. Осы кезеңнен бастап орта ғасырлар тарихы басталды.



Шайқас көріністері

Тірек конспект

- 330 жыл – Рим империясының астанасы – Византий (Константинополь)
- 395 жыл – Рим империясы
 - Батыс
 - Шығыс
- 410 жыл – Римді готтар бүліншілікке ұшыратты – Аларих
- 452 жыл – хунндардың Италияға бастырып кіруі – Аттила
- 455 жыл – германның вандал тайпаларының бастырып кіруі
- 476 жыл – Батыс Рим империясының құлауы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Рим армиясы жайлы айтып бер.
2. Римдіктер кімдерді «варварлар» деп атаған? Римдіктер варварлардың қайсы тайпаларымен қақтығысты?
3. Рим империясының Батыс және Шығыс империяларға бөлінуінің себебі неде?
4. Римнің басып алынуы туралы айтып бер.
5. Батыс Рим империясының құлау себептерін сана.

Есінде сақта!

Біздің заманымыздың 455 жылы

Римге германдардың вандал тайпалары шабуыл жасады, олар екі апта бойы қаланы талады.



Римдіктердің вандалдар әскерлерімен болған шайқастың көрінісі

Есінде сақта!

476 жыл – Батыс Рим империясы құлады.


44-§§. Ежелгі Рим мәдениеті



**Дәулетті
римдіктің
үй-қорғаны**



**Рим
моншалары.
Заманауи
сурет**



**Парафиннен
жасалған жазу
тақтасы**

Римдіктердің тұрмыс салты Бұрынғы замандарда римдік шенеуніктер болып саналатын патрицилер бір қабатты қарапайым үйлерде жасайтын, қожалығында құлдар да оншалық көп емес еді.


Уақыт өтіп, римдіктердің тұрмысында шұғыл өзгерістер болды. Дәулетті адамдар жасайтын төбеліктердің баурайында тынымбақтар мен саябақтар көп, ал ауасы тегіс жерлерге қарағанда мейлінше шипалы әрі таза болған. Императордың жақын адамдары зәулім сарайларға иелік ететін.

Қарапайым римдіктер төбеліктердің арасындағы жазық жерлерде жасаған. Бұл жерлерде көшелер тар әрі лас болды, қоқысты тіке көшеге тастаған.

Оның үстіне Рим халқының саны да әрдайым артып отырды. Себебі Италияның төрт жағынан торыққан шаруалар астанаға көшіп келетін. Ісі оңайынан туған адам бір бұрышты яки бөлмені жалға алатын, саяхатшылар мен жарлылар баспалдақтардың астында, дымқыл әрі қараңғы жертөлелерде немесе қала көшелерінің ашық аспан аясында түнеп шығатын. Римдік императорлар астана халқына арнап «термалар» деп аталған көркем моншалар құрғызған еді (грекше «ыстық» сөзінен, «термос» сөзі де содан туындаған). Онша қымбат болмаған төлемнің есесіне әрбір римдік моншаларға түсу мүмкіндігіне ие болған. Бұл жерде жүзу үшін бассейндер, спорт залдары бар еді. Моншалардың қасында білім алу және ғылымдармен шұғылдану үшін кітапхана да болған.


Білім беру Римде мәдениеттің басты белгісі болған білім беру Римде өзіне тән еді. Балалардың мектепте білім алуы ата-аналардың оқуға ақы төлеу мүмкіндіктеріне байланысты болған. Кедей римдіктердің перзенттері қожалық жұмыстарында ата-аналарына көмек бергендіктерінен мектепте оқымайтын еді.

Ал дәулетті отбасының перзенттері 6 жастан мектепке қатынаған. Жазуды үйреніп жатқан балалар *стиль* деген металл таяқшамен әріптерді балауыз қапталған тақталарға қытырлатып, ойып жазатын.



Есіңде сақта!

Стиль – парафинмен қапталған тақтайшаға жазуға арналған темір таяқша.




Латынша сандар

Оқу, жазу және есептеуді үйренген соң көпшілік білім алуды аяқтайтын еді. Кейбіреулер грамматикада (орта мектепте) оқуды жалғастырған. Ол жерде тарих, география, геометрия, музыка және астрономия оқытылатын.

Грек тілін үйренуге ерекше мән берілген, өйткені ғылымның түрлі салаларына тиісті кітаптардың көпшілігі грек тілінде жазылған еді. Саяси қайраткер болуды қалаған әрбір кісі *шешендік риториканы* – келістіріп сөйлеуді меңгерген.

Сәулеткерлік пен мүсіншілік


Рим империясында құрылыс жұмыстары өте жақсы дамыған. Амфитеатрлар,



Римдегі жол құрылысы



**Акведук
құрылысы**



**Пантеон – барлық құдайлардың
ғибадатханасы**


Есіңде сақта!

Барлық құдайлар ғибадатханасы – Пантеонға Рим империясында жасайтын әрбір адам келіп өзі сенген құдайға сыйыну мүмкіндігіне ие болған.

цирктер, театрлар, ғибадатханалар, сарайлар, салтанат қақпалары және көп қабатты үйлер құрылды. Қаланы биік қабырғалар қоршап тұратын.

Рим сәулеткерлігі грек сәулеткерлігінен ғимараттарының түрлі-түстілігімен және сәнділігімен өзгешеленген. Жыл есебіндегі I ғасырда Рим ең ірі және халқы көп қалаға айналған. Сол кездерде тіпті бір мақал да ойлап шығарылған: «Барлық жолдар Римге барады». Ормандар, таулар мен батпақтар арқылы жолдар өткізілген. Жолдармен бірге, Рим су құбырларының қалдықтары да қазірге дейін сақталып қалған.

Құбырлар қия жерге орнатылғандықтан таудағы бұлақтардан судың өзі ағып келетін еді. Су құбырларын жарлардан, сайлардан және аңғарлардан өткізу үшін *акведуктар* – су ағысының жоғарғы жағынан өткізілген көпірлер құрылған.



Сәулеткерлік әдістер. Бағаналар

Үлкен көпірлерді толығымен тастан құру қымбатқа түсетін әрі көп уақытқа созылатын еді. Римдіктер жаңа құрылыс материалы саналатын *бетонды* ойлап тапты.


Қатқаннан кейін ол тастан да берік қатты болып қалған. Бетонның қолданылуы римдіктерге тез әрі берік ғимараттар құруға мүмкіндік берген.

Бетон ойлап табылған соң үй төбелері күмбез формасында бағаналарсыз құрылатын болды. Римдегі *Пантеон* осылай құрылған (грекшеде «барлық құдайлар ғибадатханасы» деген мағынаны білдіреді).

Римнің ең үлкен *Колизей* амфитеатры өткен дәуірдегі ұлылықтың үлгісі ретінде қазірге дейін сақталған.

Ежелгі Римде әйгілі тарихи туындылар жаратылған. Тарихшы *Тит Ливий* «Рим тарихын» жазған. *Плутарх* грек-рим қолбасшыларының өмірі туралы кітап жазып қалдырған. Квинт Курций Руф «Македо-

Рим
тарихшылар:



Квинт Курций
Руф




Плутарх



Тит Ливий



**Христиандар-
дың бастапқы
ғибадатханасы**



**Исаның
айқасты-
рылған табан
ағашқа асып
қойылуы**

ниялық Александр тарихы» шығармасын жазған. Осы шығармалар бізге дейін жетіп келген.

**Христиан-
дықтың пайда
болуы** Б.з. I ғасыр басында Рим үкіметінің қоластында болған Палестин жерлеріндегі Вифиеем қаласында «Құдайдың ұлы» деп аталған Иисустың туылғаны туралы аңыздар кең тарала бастаған.

Аңыздарға қарағанда, Иса 30 жасында он екі *навари*лерімен (апостолдармен) Палестинаны аралап саяхат жасап, Құдайдың аяттары туралы әңгімелеп береді және кереметтер көрсетеді – жасаудан үмітін үзген, дауасыз сырқаттарды емдейді.

Жергілікті дін басылары Иса пайғамбарды белгілі діни шындықты бұзып насихаттағандықта айыптап, оны өлім жазасына үкім етеді. Рим аймақ бастығы *Понтий Пилат* бұл үкімді бекіткен.

Аңыздарға қарағанда, Исаны жер бетіндегі алғашқы адам – Адам ата жерленген Голгофа тауында айқастырылған табан ағашқа асып қойған.

Өлген соң оның денесін бір үңгірге қояды. Үшінші күні жерлеуге келгенде Иса Мәсіхтің мәйіті қойылған жерде жоқ екенін көреді.

Адамдар Иса пайғамбар қайта тіріліп, аспанға көтерілгеніне және жер бетіне қайтып оралатынына сенген.

Иса Мәсіх туралы аңыздар *Евангелия* (інжіл) деп аталған, грекшеден аударғанда бұл сөз «Жақсы хабар» деген мағынаны білдіреді. Иса пайғамбар ілімін жақтаушылар *христиандар* болып саналады. Шәкірттері апостолдар (*навари*лер) деп

аталған. Христиан ұжымдарына *епископ-тар* жетекшілік етеді. **Б.з. I ғасыр** – христиандық пайда болған кез болып саналады.

Рим патшалары христиандарды қысымға алады, жыртқыш аңдардың шеңгеліне тастайды, түрлі қинауларға салады. Ал бұл адамдардың наразылығына себеп болады.

Б.з. 313 жылы император Константин христиандық басқа діндермен тең бір дін деп жарияланған жарлық шығарды. Жарлық христиандарға ғибадатханалар құруға және ашық сыйынуға мүмкіндік берді.



**Император
Константин**



Аңыздарға қарағанда, Император Константин христиандық рәмізін әскерлердің қалқандарына сызуды бұйырған және ол жеңіске жеткен.

Есінде сақта!

Христиан діні
б.з. I ғасырда
пайда болған.


Тірек конспект

Есінде сақта!

Б.з. 313

жылы

император
Константин
христиандық
басқа дін-
дермен тең
бір дін деп
жарияланған
жарлық
шығарды.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Римдіктердің тұрмыс салты туралы әңгіме құрастыр.
2. Рим мемлекетінде білім берудің қандай түрлері болған, нелерді оқытқан?
3. Рим сәулеткерлігінің ерекшеліктерін айт.
4. Римдегі ең үлкен ғимараттың атын ата.
5. Рим Пантеоны туралы не білесің?
6. Иса пайғамбар кім? Христиандық туралы нелерді білесің?

Қорытынды

Адамдар ежелден жаратылған баға жетпес ашылған жаңалықтар мен ойлап тапқыштықтан пайдаланып келеді. Бұлар егіншілік тәсілдері, дөңгелек, су құбырлары, әліппе, күнтізбе, сандар, сәулеткерлік, тағы сол сияқты жетістіктер болып табылады.

Біз осы күнге дейін ежелгі дүние халықтары жаратқан мәдени құндылықтарды көріп таң қаламыз. Қазіргі таңда да ежелгі авторлардың көптеген шығармалары бізді ерлікке, еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілікке үндейді.

Жасампаздық әрдайым қадірленіп келген. Тіпті көне дәуірде өтіп кеткен бабаларымыздың өмірі қауіп-қатерге, машақаттарға тола болғанда да, адамзат әлемді ұғынуға әрекет етіп келген. Ал бұл рухани мәдениеттің дамуына іргетас болып қызмет етеді.

Грек пен римдіктердің Шығыс мәдениетімен өзара байланысы ғылым мен өнердің өрлеуінің жеделдеуіне, дүние жүзі мәдениетінің дамуына әсерін тигізеді.

Енді сен ежелгі дүние тарихы және Өзбекстан тарихы неше мыңдаған жылдарға барып тірелетінін жақсы білесің. Сол өткен замандарда біздің елімізде бай мәдени мұраның дамуы үшін негіз қаланды. Бұл жерде көне қалалар мен мемлекеттер орнаған. Егіншілер, қолөнершілер мен құрылысшылар өздерінің жасампаздық еңбегімен еліміздің даңқын әлемге жайған.

Отанға махаббат сансыз басқыншыларға қарсы күрескен халық қаһармандарының ерліктерінде көрінген. Томарис, Шырақ пен Спитамен және тағы басқа да көптеген ержүрек қаһармандар жұрттың азаттығын өзінің өмірінен жоғары қойған.

Алғашқы жазба дерек – «Авестода» ең жақсы мемлекет ретінде Өзбекстанның ежелгі диқаншылық аумақтары атап өтіледі.

Әмударияның жағаларында, көне Хорезм жерлерінде, Сұрхан, Қашқадарияда және Зарафшан аңғарларында зардушт дінін уағыздаушылар жауыздық пен ізгілік ортасындағы мәңгі күрес туралы қасиетті мадақ өлеңін жырлаған. Олар адамдарды бейбітшілікке, әділет пен ізгілікке бастаған. Адамдар жанұяға, үйге, су мен жерге аса құрметпен қараған, перзенттеріне адамның қоғамдағы жоғары орны туралы түсінікті сіңдірген.

Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримов ұлттық тәуелсіздік идеясының маңызын терең ашып, мемлекетіміздің дамуын ұлтына, тіліне және дініне қарамай бүкіл Өзбекстан азаматтарын құрайтын қоғамның рухани гүлдеп-көркеюі және кемел адамды тәрбиелеумен тығыз байланыстырып, ата-бабаларымыздан қалған бай мәдени мұраны қадірлеу және сақтау қажеттігін ұқтырып өткен.

Халқымыз ізгілікке, тыныштық пен жасампаздыққа ұмтылады. Бұл ұмтылу бай руханиятқа негізделген және мемлекетіміздің бүгіні мен ертеңгі күнде дамуымен, өркендеп-көркеюімен байланысты.

Біз Отанымыздың материалдық және рухани мәдениетін сақтап, жиналған рухани құндылықтарымызды көбейткен күйде ата-бабаларымыздың игі істерін жалғастыруға тиіспіз.

Руханиятымызды дамыту бойынша мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру үшін әрбір адам өзін өз мемлекетінің нағыз азаматы деп сезінуі үшін ежелгі, көне тарихты, ұлы ата-бабаларымыздың бай мұрасы мен мәдениетін терең үйренуі, бүгінгі таңдағы дүние жүзілік өзгерістерге бай болмысты саналы түрде меңгере білуі, қоғамымыз бен мемлекетіміздің өркендеуіне өзінің де қатысты екендігін түсіне білуі тиіс.

ТАРИХИ АТАУЛАР СӨЗДІГІ

Австралопитек – ең ежелгі адам түрі.

Агора – Ежелгі Греция қалаларында халық жиналатын орын, орталық алаң.

Акведук – Рим дәуірінде қалаларға су келетін үстінде арығы бар биік көпір.

Алтамир – Испаниядағы соңғы палеолитке тиісті жарта суреттері табылған үңгір.

Амфитеатр – сахнаның айналасында көрермендер отыруға арналған қондырғылармен қоршалған төбесі жоқ ғимарат.

Анимизм – адамды қоршап тұрған ортада жандар мен рухтардың бар екеніне наным. Латынша «анима» сөзі «жан», «рух» ұғымдарын білдіреді.

Антик – латынша «ежелгі».

Антикалық тарих – Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим дәуірінің тарихы.

Антропология – грекше «антропос» – адам, «логос» – ғылым деген сөздерден құралған, «адам туралы ғылым» мағынасын білдіреді.

Аргонавттар – алтын теріні (сиқырлы қошқардың терісі) іздеп «Арго» деген көп ескекті кемеде теңіз саяхатына шыққан Эллада қаһармандары.

Археология – грекше «архайос» – ежелгі, «логос» – ғылым, деген мағыналарды білдіреді, заттай деректерді зерттейтін және солар бойынша тарихи өткенді қайта тіктейтін ғылым; көне дүниетанушылық.

Будда – Сиддхартта Гаутаманың екінші есімі; тегі (лақабы); «Оқытылған» деген сияқты аударылады.

Буддизм – біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырда Үндістанда Сиддхартта Гаутама негіз салған діни ілім.

Варвар – бастапқыда: грек тілінде сөйлеспейтін кез келген шет елдік адам; кейінірек бұл сөз мәденилеспеген адамдарға қатысты қолданылатын болды.

Гилгамиш – Месопотамия аңызының қаһарманы, тарихи тұлға. Урук қаласының патшасы.

Гоплит – Ежелгі Греция мен Греция-Македония армияларының ауыр қаруланған жаяу әскері.

Демократия – грекше «халық үкіметі», әрбір азамат өз мемлекетін басқару мәселесі бойынша өз ойын баяндайтын, мемлекет басқаруына қатысатын әлеуметтік жүйе.

Жасанды суару (сунъий суғориш) – каналдар мен арықтар арқылы егіндерді суару.

Зиккурат – төбесінде ғибадатханасы бар баспалдақты үлкен құрылым.

Зинжантроп – ең көне адам, бұл адамның аты оның сүйегінің қалдықтары табылған орны «Зинж» алқабы және грекше «антропос» – адам деген сөздермен байланысқан.

Колониялар – ежелгі дәуірлерде өз елін тастап кеткен адамдардың жаңа жерлерге негіз салған мекен-жай мен қалалар.

Консул – Республика дәуірінде Римдегі жоғары саяси лауазым. Әр жылы сайланған екі консул Сенат пен армияға басшылық жасаған.

Көне адам (ибтидоий одам) – алғашқы, ең көне адам.

Қала-мемлекет (шаһар-давлат) – төңірегіндегі аумақтарды қарамағына алған өзін-өзі басқаратын қала.

Құл – басқа бір адамның меншігі болған, жұмысшы күші ретінде істетілетін еркі жоқ адам («сөйлейтін еңбек құралы»); құлды сатып алу, сатып жіберу мүмкін болған.

Неандерталдық адам – орта палеолит дәуірінде жасаған алғашқы адам. Оның сүйегінің қалдықтары алғаш Германиядағы Неандертал алқабынан табылған.

«Ном» – грекше «уәлаят» ұғымын білдіреді. Египеттегі алғашқы мемлекеттер.

Номарх – Көне Мысырдағы алғашқы мемлекеттің билеушісі.

Өркениет (цивилизация) – ертедегі қоғам дамуының едәуір жоғары дәрежесі (қалалар, жазу мен мемлекеттердің дамуы).

Папирус – сабағының дәні жазу жазуға материал дайындау үшін қолданылатын қамыс.

Патрицилер – Римнің көне түпкі халқы.

Пирамида – зәулім тас ғимарат, перғауындардың сағанасы.

Фирғавн – Египет патшасы; «Ұлы отбасы» деген мағынаны білдіреді.

Питекантроп – грекше «маймыл адам» мағынасын білдіреді. Антропология ғылымында зинжантроп және синантроп сияқты «тік тұрып жүретін адам» деп аталған. Алғашқы палеолит дәуірінде жасаған адам.

Плебейлер – Римге көшіп келген адамдар мен олардың ұрпақтары.

Полис – грекше «қала».

Республика – «жалпы жұмыс» деген мағынаны білдіреді, құрылыстың аты.

Сенат – «Ақсақалдар кеңесі» деген мағынаны білдіреді.

Синантроп – «қытай адамы» мағынасын білдіреді. Алғашқы палеолит дәуірінде жасаған көне адам.

Сфинкс – денесі арыстандікі, ал басы адамдікі болған, пирамидаларды қорғайтын үлкен мүсін – аңыздық мақлұқ.

Термалар – Ежелгі Рим қаласындағы қоғамдық моншалар.

Фаланга – ауыр қаруланған әскерлердің бірнеше, әдетте 9 яки 16 қатар сап түзеуі.

Философия – грекше «фило» – сүю, «софия» – данышпандық ұғымдарын білдіреді.

Форум – Римде мәжіліс орны және сауда алаңы ретінде қызмет еткен қала орталығы.

Хронология – ғасырлар, дәуірлер, уақыт өлшемі туралы ғылым; алуан түрлі оқиғалардың мерзімі хронологияның көмегімен анықталады.

Эллиндер – ежелгі гректер; алғаш Грецияның барлық халқы осылай аталған.

Этнография – грекше атау, «халықтар сипаты» деген мағынасын білдіреді.

СОҒЫ ҚАЙТАЛАУ

Ежелгі дүние тарихын үйренгенде тарихи атаулар мен есімдерді қалай меңгергеніңді сынап көр. Жауаптарыңды тексеру үшін осы атаулар берілген беттер де көрсетілген.

авгурлар – 154	колониялар – 91	плебейлер – 149
австралопитек – 13	колондар – 160	полистер – 86
агора – 93	консул – 148	понтифик – 154
акведук – 152, 174	кроманьон – 14, 18	проконсулдар – 159
акинак – 124	құмырашылық – 45	провинциялар – 159
акропол – 87	қыш ыдыс – 21, 77	сагарис – 124
алтарь – 153	легион – 156	саркофаг – 37
ампитеатр – 161	ликтор – 149	санскрит – 66
анимизм – 15	лиқурлар – 145	сатрап – 120, 125
антропологтар – 8	матриархат – 11	сфинкс – 38
аристократия – 93	метектер – 87, 94	синантроп – 13
археологтар – 8	мезолит – 12, 18	стиль – 88, 173
буддизм – 66	микролиттер – 20	стратег – 95
гладиаторлар – 161	миххат – 5, 51, 60	триэра – 100
гиксостар – 32	мозаика – 152	тұқым (уруғ) – 11
гоплиттер – 86	моншалар	тұқым ұжымы – 11
дарилер – 85	(термалар) – 172	философ
демократия – 93	неандертал – 13	(файласуф) – 112
жазба	неолит – 12, 20	фаланга – 87, 89
деректер – 6, 9	«ном»дар – 30, 31	фетишизм – 16
зардуштилік – 80	нумизматика – 5	чопперлер – 14
зиккурат – 47	палеолит – 12, 23	шығыр
зинжантроп – 13	палестра – 88	(чиғир) – 138
иероглифтер – 40	папирус – 28, 40	эллиндер – 92
илаттар – 89	патриархат – 12	эллиндендіру – 129
император – 165	патрицилер – 148	эпиграфика – 5
өндірістік	перғауын	этнографтар – 8
шаруашылық – 20	(фирғавн) – 30	игеруші шаруа-
касталар	периектер – 90	шылық – 15
(вамалар) – 63	питекантроп – 13	

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫНА ТИІСТІ ТАРИХИ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР

Айрытам – 139	Кошала – 65	Персеполь – 59
Аккад – 43, 47	Крит (Кносс) – 85	Пирей – 88
Александрия	Курушкат	Рим – 146
Эсхата – 126	(Кирополис) – 126	Розелт – 40
Алтамир – 16	Лагаш – 45	Сардиния – 157
Апеннин – 90, 145	Лаконика – 89	Селунгур – 14
Афина – 87, 93	Ласко – 16	Сидон – 55
Афрасияф – 78, 124	Ливия – 32	Соғдиана – 76
Бақтра	Магедха – 65	Қыштөбе
(Зариасп) – 125, 126	Македония – 102	(Сополлитепа) – 23
Бақтрия – 76	Малла – 65	Спарта – 89
Бехистун – 9, 60	Марафон – 98	Суза – 59
Бабыл – 49, 51	Марғияна – 118	Сирия – 32
Везувий – 162	Мароқант – 126	Тейшебаини – 55
Византий – 169	Маурия – 65	Тесіктас – 14
Ганг – 61	Мачай – 19	Тир – 55
Голгофа – 176	Мемфис – 30	Троя – 107
Даван – 135	Месопотамия – 43	Тушпа – 55
Далжа – 43	Мидия – 58	Ұзынқыр – 78
Дальварзин- төбе – 139	Микен – 85	Ур – 45
Жерқорған – 78	Мысыр – 28	Урарту – 54
Жарқорған – 24	Митанни – 54	Урук – 45
Жанбасқамал – 133	Мохенжодаро – 62	Палестина – 55
Заманбаба – 23	Ніл – 28	Финикия – 53, 55
Зараутсай – 19	Ниневия – 53	Фива – 31
Зартөбе – 139	Нубия – 32	Фрот – 43
Зинж – 13	Обишир – 19	Хараппа – 62
Екі өзен аралығы – 43	Окс	Хаттуса – 54
Италия – 145	(Әмудария) – 125	Херсонес – 91
Карфаген – 146, 157	Олвия – 91	Халшаян – 140
Константи- нополь – 168	Олимпия – 106	Хуанхэ – 68
Кориф – 103	Пантикапей – 91	Шумер – 43, 47
Корсика – 157	Парфия – 130	
	Паталипутра – 65	
	Пелопоннес – 84	

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕСІМДЕР

Аларих – 169	Константин – 169	Спартак – 162
Антиох – 130	Красс – 163	Спитамен – 126
Антоний – 166	Ксеркс – 100	Страбон – 9
Аристофан – 109	Кудзула	Сципион – 158
Арриан – 9, 76	Кадфиз – 138	Тарквиний – 147
Архимед – 112	Квинт Курций	Тит Ливий – 175
Аттила – 170	Руф – 9	Томарис – 118
Ашока – 65	Леонид – 100	Траян – 167
Ашшур- банапал – 54	Луи Бан – 73	Тутанхамон – 38
Бесс – 124	Македониялық	Тутмас II – 33
Брут – 165	Александр – 65, 112	Тутмас III – 33
Будда – 66, 67	Менес – 30	У-Ди – 73, 143
Вима Кадфиз – 138	Менкаура – 37	Феодоси – 169
Ганнибал – 157	Менуа – 55	Фиди – 110
Гераклит – 112	Милтиад – 99	Филипп II – 102
Геродот – 9, 96, 112	Мирон – 88	Фрада – 119
Гилгамиш – 46	Митридат I – 131	Хаммурапи – 49
Гомер – 108	Нерон – 167	Хафра – 37
Дари I – 9, 59, 98, 119	Октавиан	Хуфу (Хеопс) – 37
Дари III – 124	Август – 166	Цезарь – 165
Деметрий – 131	Перики – 96	Цинь Шихуанди – 72
Демокрит – 112	Платон	Чжан Суан – 143
Демосфен – 102	(Афлотон) – 113	Чандрагупта – 65
Диодот – 130	Полийен – 120	Шампол- йон Ж.Ф. – 40
Диоген – 112	Помпей – 164	Шырақ – 120
Драконт – 93	Понтий	Эвтиден – 131
Дьюперрон А. – 82	Пилат – 176	Эсхиль – 121
Зардушт – 80	Рихтгофен Ф. – 141	Яхмос – 33
Иса Мәсіх – 176	Ромул – 146, 170	
Калигула – 167	Салавка – 130	
Камбиз II – 34	Саргон I – 47	
Канишка – 138	Син Шихуанди – 72	
Киаксар – 58	Скунһа – 119	
Кир II – 34, 58	Софокл – 109	
Клеопатра – 166	Сократ	
	(Суқрот – 113	
	Солон – 94	

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫНДАҒЫ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕР

Б.з.б. 1 миллион – 100 мың жыл – Орта Азияда алғашқы палеолит дәуірі

Б.з.б. 100–40-мың жыл – орта палеолит дәуірі

Б.з.б. 40–12-мың жыл – соңғы палеолит дәуірі

Б.з.б. 12–7-мыңжылдықтар – мезолит дәуірі

Б.з.б. 6–4-мыңжылдықтар – неолит дәуірі

Б.з.б. 4–3-мыңжылдық орталары – энеолит дәуірі

Б.з.б. 4-мыңжылдық – Месопотамияда шумер мен аккадтардың мекен-жайлары, Урук, Лагаш, Ур қалаларының пайда болуы

Б.з.б. 4-мыңжылдық – Ніл жағалауларында мекен-жайлардың жүзеге келуі.

Б.з.б. 2600 жыл – Мысырда Хеопс (Хуфу) пирамидасының құрылысы

Б.з.б. 3-мыңжылдықтың ақырғы кездері – Қытайда алғашқы мемлекеттің пайда болуы.

Б.з.б. 3-мыңжылдық – Мохенжодаро мен Хараппа қалаларының орнауы.

Б.з.б. 3-мыңжылдықтың орталары – 2-мыңжылдық – қола дәуірі

Б.з.б. 2-мыңжылдық – Алдыңғы Азия аумағында алғашқы ірі мемлекеттердің құрылуы: Ассирия, Хетт, Митанни

Б.з.б. 2-мыңжылдық – Бабыл патшалығының жүзеге келуі

Б.з.б. 3-мыңжылдықтың ақыр кездері – 2-мыңжылдықтың бас кездері Заманбаба мен Қыштөбе мекен-жайларының орнауы.

Б.з.б. 2-мыңжылдық – Микен мен Крит мемлекеттерінің пайда болуы

Б.з.б. XVIII ғасыр – Бабыл билеушісі Хаммурапи (б.з.б. 1792–1750 жылдар) Месопотамияны бірегей мемлекетке біріктірді

Б.з.б. XVIII ғасыр – Мохенжодаро мен Хараппа қалаларының дағдарысы

Б.з.б. 1500 жыл – Перғауын Тутмос II нің ірі басқыншылық жорықтары

б.з.б. XII ғасыр – дарилер Лакониканы басып алды және Спарта қаласына негіз салды.

б.з.б. XI ғасыр – Израиль мемлекетінің құрылуы

б.з.б. IX – XVIII ғасырдың бас кездері – Урарту мемлекетінің көркейген дәуірі

б.з.б. XVIII – VI ғасырлар – Греция отарларының пайда болуы

б.з.б. XVIII – VI ғасырлар – Олвия, Херсонес, Пантикапей отарларының пайда болуы

б.з.б. 1-мыңжылдық – зардуштиліктің Орта Азия аумағында таралуы

б.з.б. IX – XVIII ғасырлар – Орта Азияның темір ғасырына өту дәуірі

б.з.б. XVIII ғасыр – Италияда 12 қала-одағының орнауы

б.з.б. 776 жыл – Олимпиада ойындарының алғаш рет өткізілуі

б.з.б. 753 жыл – Римнің жүзеге келуі

б.з.б. VII ғасыр – Мысырдың қайта бірегей мемлекетке бірігуі

б.з.б. VII ғасыр – Ежелгі Бақтрия патшалығының орнауы

б.з.б. VII – VI ғасырлар – Қызылтөбе, Афрасияб, Ұзынқыр, Жерқорған, Көзеліқыр қалаларының өркендеуі

б.з.б. VII – VI ғасырлар – Үндістанда Магадха, Кошала, Малла мемлекеттерінің пайда болуы

б.з.б. VII – V ғасырлар – Қытайда «көп патшалық» дәуірі

б.з.б. 621 жыл – Драконт заңдарының қабылдануы

б.з.б. 605 жыл – Ассирия патшалығының құлауы

б.з.б. 594 жыл – Афинада Солон Қайта құруларының өткізілуі

б.з.б. 558 жыл – Кир II – Парсы патшалығының билеушісі

б.з.б. 539 жыл – Бабылды парсылардың басып алуы

б.з.б. 530 жыл – Кир II нің Орта Азияда қаза табуы (Томарис)

б.з.б. 525 жыл – Мысырды ежелгі парсы шахы Камбиз II нің басып алуы

б.з.б. 522 жыл – Дари I – салтанаттың сатраптықтарға бөлінуі

- б.з.б. 522 жыл** – Дари I ге қарсы Прада көтерілісі
- б.з.б. 519 жыл** – сақ тайпаларына қарсы Дари I дің басқыншылық жүрістері (Шырақтың ерлігі)
- б.з.б. 509 жыл** – Римде Республика жариялануы
- б.з.б. V – IV ғасырлар** – Орта Азия аумағында алғашқы теңгелердің таралуы
- б.з.б. 490 жыл** – Марафон жазықтығындағы шайқас
- б.з.б. 480 жыл** – Фермопил соғысы (үш жүз спарталықтың ерлігі)
- б.з.б. 480 жыл** – Саламин соғысы
- б.з.б. 479 жыл** – Платея қаласы маңындағы шайқас – гректердің жеңісі
- б.з.б. 443–429 жылдар** – Афинада стратег Перикл үстемдігі
- б.з.б. IV ғасыр** – Хорезмнің Ахаманилер қанаушылығынан азат болуы
- б.з.б. 338 жыл** – Херония маңындағы соғыс – македониялықтардың гректерді талқандауы
- б.з.б. 337 жыл** – грек қалаларының Македония билігі астында қала-мемлекеттер одағына бірігуі
- б.з.б. 334 жыл** – Македониялық Александрдың Шығысқа жорығы
- б.з.б. 330 жыл** – Македониялық Александр Ахаманилер салтанатын жаулап алуы
- б.з.б. 329 жыл** – Македониялық Александр басшылығындағы грек-македондар Мароқантты басып алуы
- б.з.б. 329 жыл** – Заврафшан өзені жағалауларындағы шайқаста грек-македон жасақтарының талқандалуы (Спитамен)
- б.з.б. 328 жыл** – Македониялық Александр армиясымен соғыста Спитаменнің жеңілісі
- б.з.б. 323 жыл** – Македониялық Александрдың қайтыс болуы
- б.з.б. 312 жыл** – Салавка үстемдігінің басталуы – Салавкилер мемлекетінің негізін салушы
- б.з.б. 280 жыл** – Антиох – Салавкилер мемлекетінің билеушісі

б.з.б. III ғасыр – Зардушт ілімінің барлық мәтіндері 21 кітапқа жинақталуы

б.з.б. III ғасыр – Қанғ мемлекетінің құрылуы

б.з.б. III ғасыр – Даван мемлекетінің құрылуы

б.з.б. 246 жыл – Цинь Шихуанди Син мемлекетінің билеушісі

б.з.б. 216 жыл – Канн маңында Рим армиясының талқандалуы

б.з.б. 206 жыл – Луи Бан көтерілісі

б.з.б. 202 жыл – Зама қаласы маңында римдіктер Карфаген армиясын талқандады

б.з.б. II ғасыр – Ұлы Жібек жолының қалыптасуы

б.з.б. 146 жыл – Римдіктер Карфагенді күйретті

б.з.б. 140–130 жылдар – Грек-Бақтрия мемлекетін юэчжилер басып алды

б.з.б. I ғасыр – Қытайда қағаздың ойлап табылуы

б.з.б. 74 жыл – Спартак көтерілісі

б.з.б. 49 жыл – Юлий Цезарь – Рим императоры

б.з.б. 29 жыл – Октавианға Сенаттың император атағы мен Август атын беруі

б.з. 98 жыл – Рим империясында Траян үстемдігінің басталуы

б.з. I ғасыр – христиан дінінің жүзеге келуі

б.з. I–II ғасырлар – Кушан патшалығының көркейген дәуірі

б.з. III ғасыр – Кушан мемлекетінің дағдарысқа ұшырауы

б.з. 330 жыл – Рим империясының астанасы – Византий (Константинополь)

б.з. 394 жыл – Олимпиада ойындары өткізілуінің тоқтатылуы

б.з. 395 жыл – Рим империясының бөлінуі: Батыс және Шығыста

б.з. 410 жыл – Аларих басшылығындағы готтардың Римді күйретуі

б.з. 452 жыл – Аттила басшылығында хунн тайпаларының Италияға бастырып кіруі

б.з. 455 жыл – Римге вандалдардың шабуыл жасауы

б.з. 476 жыл – Батыс Рим империясының құлауы

**ANATOLIY SAGDULLAYEVICH SAGDULLAYEV
VASILIY ANUFRIYEVICH KOSTETSKIY**

TARIX QADIMGI DUNYO

(қозоқ тилида)

Umumta'lim maktablarining 6-sinfi uchun darslik

Толықтырылған бесінші басылымы

Toshkent – «Yangiyo'l poligraph service» – 2017

Аударған К. Мамбетова
Редакторы К. Дуйсекулқизи
Техникалық редакторы М. Риксиев

Басуға рұқсат етілді 3.11.2017. Офсеттік баспа. Пшімі 70х90/16. «Ариал» гарнитурасы.
Кеглі 11,10. Шартты баспа табағы 11,0. Баспа табағы 10,8.
Таралымы дана. Тапсырыс №

**«Yangiyo'l Poligraf Servis» ЖШҚ баспаханасында басылды.
Янгиюль қаласы, Самарқант көшесі.**

Жалға берілген оқулықтың күйін көрсететін кесте

№	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандығы күйі	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулықтың жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерийі бойынша толтырады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі күйі
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сызылып, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін, пайдаланушы таралынан қанағаттанарлық қапталған, түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттеріне сызылған.
Нашар	Мұқабасына сызылған, жыртылған негізгі бөлігінен ажыралған яки түгелдей жоқ, қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, парақтарын оқулықты тіктеп болмайды.